



**Ғалия Шәләбәйұлы (Шаншәйебетұлы) ЖӘНІБЕКОВА**

1951 жылы Қарағанды облысы Ұлытау ауданының Ұлытау ауылында туған.

1971 жылдан халық шаруашылығының түрлі саласында тер төгіп келе жатқан Ғ. Жәнібеков – қарашайық сөзбек қызы. Адал еңбегінің арқасында бірнеше мәрте аудандық, аудандық Кеңестердің депутаты, аудандық партия конференцияларының делегаты болып сайланды. Табиғи таланттының нәтижесінде ол көңіліне түйген көрікті сөздерін қызық олең тілімен жеткізе де білуде.

Ғ. Жәнібеков қоғамдық негізде көп жылдары бергі Сәтбаев қаласындағы Ш. Дәлімбаев атындағы Көпшілік мәдениет сарайы жанында ұйымдастырылатын «Шаншайық ізбасарлары» атты жас ақындар мектебіне жетекшілік жасай келеді. Оның бірнеше шәкірттері қазір республика жұртшылығына кеңінен танымал болып та үлгерді.

«Ақсарай» – ақынның тұңғыш жыр жинағы.

ISSN 978-601-292-807-5



**folant**

**Ақсарай**

**Ғалия Жәнібеков**

**Ғалия Жәнібеков**

# Ақсарай



ISBN 9947-0-212-1-212-1  
2014

# Ғалил ЖӘНІБЕКОВ

# АҚСАРАЙ

Өлеңдер



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
МӘДЕНИЕТ МИНИСТРЛІГІ

**FOLIANT**  
БАСПАСЫ

Астана-2014

УДК 821.512.122-1  
ББК 84 (Қаз) - 5  
Ж 36

*Осы еңбегімді «Нұр Отан» партиясының 15 жылдығына және  
Жезқазған қаласының 60 жылдық мерейтойына арнаймын.*

*Автор*

*Кітаптың демеушісі – «Нұр Отан» партиясы «Қазақмыс»  
корпорациясы» ЖШС жанындағы Қарағанды филиалы төрағасының  
бірінші орынбасары Қанат Сұлтанұлы Балмағамбетов*

Ж 36 **Жәнібеков Ғ.**  
*Ақсарай. Өлеңдер.* – Астана: Фолиант, 2014. – 304 б.

ISBN 978-601-292-807-5

Жас шағынан поэзияға іңкәр болып өскен, жарты ғасыр-  
дан астам уақыттан бері жанына жырды серік етіп келе Ғалил  
Жәнібеков оқырман қауымға өзінің тұңғыш жыр жинағын  
ұсынып отыр. Оның өлеңдері өткен мен бүгіннің кестелі  
жырмен жазылған шежіресі іспетті. Тарихтың тылсымын,  
уақыттың тынысын жүректің көзінен өткізген ақынның өлең-  
дері ойлылығымен ерекшеленеді.

УДК 821.512.122-1  
ББК 84 (Қаз) - 5

Орталықтандырылған  
кітапхана жүйесі  
Сәтбаев қаласы

ISBN 978-601-292-807-5

© Жәнібеков Ғ., 2014  
© «Фолиант» баспасы, 2014

**МЕН**

*«Өзге емес, өзім айтам өз жайымда...»*

**Қасым**

Сұрасаң руымды Қара Қыпшақ,  
Досым көп, дұшпан да бар қылған қыспақ.  
Сайран сап Орта жүздің ортасында  
Келемін жазда жайлап, қыста қыстап.

Арғы атам – Қобыланды батыр білек,  
Ұрпағы Тілеулінің өз Жәнібек.  
Бергі атам Шілдебайдан бір ұл, бір қыз,  
Әулет боп Жаратқаннан алған тілеп.

Көп жанға көмек берген өз қолынан,  
Тұманда адаспаған тура жолдан,  
Өз әкем – мақтан етер Иманғали  
Кезінде ел-жұртына сыйлы болған.

Соңында сөз қалдырған ойлы нақыл,  
Нағашым – елге мәлім Бабыр батыр.  
Қасында Қожа Ахмет Яссауидің,  
Төрінде Түркістанның мәңгі жатыр.



Тұяғы тұлпарлардың Ғалил атым,  
 Рухына адалмын бабалардың.  
 Ешкімнің ала жібін аттағам жоқ,  
 Сондықтан ел алдында жүзім жарқын.

Табиғат сыйға берген дарынымның  
 Арқасында ағыздым жыр ағынын.  
 Халықтың көңілінде сөзім қалса,  
 Құр босқа өтпегені өмірімнің.

## АҚБАСТАУ



## АҚБАСТАУ



Қол боз, бауыр, ергелі ешкіме егіле,  
 Кеудемде жазым, қызымнан жазым төгіле.  
 Жалғыздан қалған қалың ұл демеу беріпін,  
 Алғаға саядым, оң реті балсым Егіле.

## НАҒЫЗ АДАМ БІЗДЕ

Аспан мен жер арасы –  
Космостың даласы.  
Сол далаға жол салды  
Советтік елдің баласы.

Жарқыратып кешінді,  
Тіліп аспан төсінді,  
Адам көкті меңгерді  
Юрий Гагарин есімді.

Алғаш көкке аттаған,  
Туған елі баптаған  
«Нағыз адам Советтер  
Елінде» деп мақтанам.

13.04.1961

## ӘКЕМНІҢ КҮЙЗЕЛІСІ

(Ағасы Әлмағанбеттің қазасына  
әкем аса қатты қайғырған еді)

Қош бол, бауыр! Арманда өткен өмірің,  
Жаныма батты-ау хабары жеткен өлімің.  
Туысы бірге бауырдың жөні басқа екен,  
Ағыздым жасын көл қылып төгіп көзімнің.

Қайтейін еске ап жылаумен өткен көп күнді,  
Банура құлынның қайғысы қанша төс тілді.  
Аллаға салдым, жапырақ жайып кетсін деп,  
Тамырдан көктеп келе жатқан бір өскінді.

Банураң еді-ау жаралған жігіт өн-жырдан,  
Білмейді ешкім, қабірі қайда қалдырған?  
Жазуы тайға басқандай таңба жалғыз ұл,  
Шығар ма екен мақшарда күтіп алдыңнан?

Отырмын, бауыр, ертелі-кешке егіле,  
Кеудемде жалын, көзімнен жасым төгіле.  
Жалғыздан қалған жалғыз ұл демей көрініп,  
Аллаға салдым, өмірлі болсын Едіге.

Өзденбай, Әурей, Секен, Толқынбектер, 1962  
Абаймен келгіш есте бауырдай боп.

07.11.1966

## ГҮЛ ҚОЙЫП ЖҮР...

(Ақжарқын тәтемнің рухына)

Аяулы тәтем, аттанған сәтте сапарға,  
Сездің бе екен қойнына жердің жатарда,  
Ұлытауыңның алқызыл күні алаулап,  
Бір қызыменен қоштасқан кезін батарда.  
Хатыңды қалған артыңда оқып жыладым,  
Отыз үш жаста тұрмасқа мәңгі құладың.  
Басыңа барып гүл қойып жүр ғой жыл сайын  
Алдыңнан сенің өрбіген оқушыларың.  
Ана үшін әрбір баласы болар дара шың,  
Ешкім де жазбас баланың салған жарасын.  
Қаншама жылдар өтсе де естен шығармай,  
Жоқтаумен жүдеп барады асыл анашың.

1965

## ЖАҢА ОРТАДА

«Партияның нұсқау хатын алдық па,  
Бағынамыз, – деді көкем, – Жарлыққа».  
Достар қалып бірге оқыған қимайтын,  
Көшіп кеттік Ұлытаудан Сарлыққа.

Көшіп келдік ауылға Сарлық деген,  
Берілген жоғарыдан Жарлықпенен.  
Үшінші фермасына завферма боп,  
Зор міндетті мойнына алды көкем.

Жайқалған шөбі – шүйгін, кілем – белі,  
Малға жай, алқабы – егін, түрен – жері.  
Табиғаты тамаша, сонадайдан  
Көрінеді Ұлытау сілемдері.

Май тамған түгін тартсаң бір бел екен,  
Осында келгеніме еш өкінбен.  
Достасып, үйренісіп кете бардым  
Жаңа ортаға алғашқы келген күннен.

Танысып жатты бөрі жамырай кеп,  
Қыздары, байқап тұрсам, тарыдай көп.  
Өзденбай, Әупен, Секен, Толқынбектер,  
Абаймен кеттік әсте бауырдай боп.

07.11.1966

## СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ

Он жыл дегенің бір сәттік болып түс, аңыз,  
Қанатты қомдап ұядан бүгін ұшамыз.  
Арманның мініп аңсаған асыл кемесін,  
Қиялдың құсын қиялай жүріп құшармыз.

Болмайды енді қасыңда ұстаз шырайлы,  
Тағдырың сені бетпе-бет келіп сынайды.  
Өмір дегенің сынақтарына салғанда,  
Рухы үстем, мықтылар ғана шыдайды.

Жүруші ек кеше бармақтай болып жүгіріп,  
Арқалап кітап, сүрініп, құлап, жығылып.  
Ұлымыз бүгін бозбала бола қалыпты,  
Қыздар тұр, өне, бойжеткен болып керіліп.

Сыңғыр да сыңғыр соғылды соңғы қоңырау,  
Мектеп те бізді қия алмай сыңсып жатыр-ау.  
Жанарға жас кеп, тамаққа өксік тығылды,  
Қуаныш пенен қимастық қатар тұрады-ау.

25.05.1969

## ЕНІ ҚОШ БОЛ, БАЛАЛЫҚ!

Ерте-кеш ойнаған,  
Ойынға тоймаған  
Кездерді кешегі  
Сағынам, ойға алам.  
Қош бол, балалық!

Қыз бала тұлымды  
Тауысқан тынымды,  
Бұл күнде бойжеткен,  
Ару қыз бұрымды.  
Қош бол, балалық!

Жыл жылжып, күн зырлап,  
Барасың сен ұзап.  
Қараймыз артыңнан  
Қимастай біз ұзақ.  
Қош бол, балалық!

Жас құрақ сай-салам,  
Самал жел шайқаған.  
Балауса балалық,  
Келмейсің қайтадан.  
Қош бол, балалық!

1969

## АҚ ПЕН ҚАРА

Көңілің қанша болғанмен адал, пәк қана,  
Өмірде мынау аралас екен ақ, қара.  
Түсіндім мұны, ұстазым, өзің ең алғаш  
Жазғанда жазу борменен қара тақтаға.

Қара тақтаға жазамыз аппақ борменен,  
Тіршілік деген білгенге, сірә, сол ма екен?  
Аппақ қағаздың бетіне қара сиямен  
Жырымды жазып отырмын қазір ептеген.

Қауырсын қанат қатайды мектеп-ұяда.  
Алған тәлім мен ілген ілімім санада.  
...Ақ пенен қара айқасып жатқан әлем тұр,  
Көзімді салып қарасам сонау қияға.

25.06.1969

## ЕҢБЕКТЕН БАҚЫТ ТАБАМЫН

Кластастарым оқуға кетті аттанып,  
Білімді баста жалғауға қалған жатталып.  
Ауылда қалдым ақылын алып басшының:  
«Еңбектен ертең кетесің, – деген, – бақ тауып».

Жаратқан, жар бол, болары болды болар іс,  
Алдымда қанша асатын әлі бел алыс.  
Фермаға, міне, бет алып бара жатырмын,  
Бойымда шабыт, астымда алып «Беларусь».

Етінін жинап, бұйырса шөбін шабамын,  
Тіркеме тіркеп көтерем шаңын даланың.  
Еліме ырыс, өзіме табыс-несібе,  
Еңбектен енді еңбектеп бақыт табамын.

10.07.1969

## НАТТАНДЫҚ ЕЛ ҚОРҒАУҒА

Аттандық біз ел қорғауға,  
Алыс жерден хат жолдауға.  
Мен сүйген қыз жылай-жылай,  
Қолын бұлғап қалды ауылда.

Қайран анам қапа болды,  
Көздің жасын тыя алмады.  
Екі жылға шыдай ма екен,  
Вокзалға да келе алмады.

Бейбітшілік – заманымыз,  
Мызғымасын Одағымыз.  
Жігіт деген атымыз бар,  
Ел қорғауға барамыз біз.

10.11.1969

## САҒЫН СӨЛДАТПЫЗ


Жас өрен бір ұяда қақтық қанат,  
Бір бөлме өз үйім деп жаттық санап.  
Құшағын мейірімді Ұлы Отанның  
Сезіндік он сегіз ұлт бақ, құт, жәннат.

Ас іштік бір ыдыстан, жерінбедік,  
Басқан із өзім сүйген жерім дедік.  
Шет жерде шекараны күзетуде  
Аптапта, сары аязда ерінбедік.

Қылмадық он сегіз ұлт алакөздік,  
Салмаққа басқа түскен бірге төздік.  
Сақ тұрдық сақтау үшін тыныштықты,  
Бірліктің биіктігін бірге сездік.

Біз тұрдық ұзақ таңға қақпай кірпік,  
Пана қып қалқан ағаш тұрған бір түп.  
Сәбиді жылы құшақ анасының  
Қойнынан оятпасқа найза түртіп.

20.12.1969



## САҒЫНДЫРАДЫ АУЫЛЫМ

Ауылым, сағындырдың өніңменен,  
Көк майса, көктем гүлі сөніңменен.  
Өзіңді қалайша мен сағынбайын,  
Бір туса жаным менің жаныңменен?

Өзіңде қалды менің құрдастарым,  
Гүл терген құрбы қыздар қырды асқаным,  
Ағайын, құда-жекжат, аға-жеңге,  
Қарындас, іні, бауыр, сыйластарым.

Асудан арман қуып күнде асқанмын,  
Қиялдың құсыменен сырласқанмын.  
Арумен аққу керім қол ұстасып,  
Жүрген кез елестейді түнгі аспаның.

1969

## АПАМА ХАТ

Хат алдым, апа, сағынып жылап жазыпсың,  
Онымен қоса ауылдың дәмін салыпсың.  
Хатыңды оқып, мауқымды басып болғанша  
Сен салған дәмнен дәм ауыз тимей қалыппын.

Бір взвод солдат аузының суы шұбырып,  
(Тоймаған, сірә, қарайды бәрі жымып).  
«Анаң сенің рахмет, – деді бәрі де, –  
Соншама жерден қуырдақ салған жылы қып».

Риза болдым, аяулы менің анашым,  
Ойлаумен жүрген алыста жүрген баласын.  
Ұққаным осы – анаңның сезсең көңілін,  
Нәр татпасаң да өзіңнен-өзің тоясың.

13.01.1970

Орталықтандырылған  
кітапхана жүйесі  
Сәтбаев қаласы

## ПОЛЬШАДА

Бөтен ел, тілі бөлек, діні басқа,  
Салтының бірі жақпас, бірі жақса.  
Польшаның араладық біраз жерін,  
Міндеттің түскеннен соң күні басқа.

Аз ұйқы, киім жұқа, қарын орта,  
Елді аңсап хат та жаздық қайта-қайта.  
Кей кезде түсімізге кіріп жүрді  
Үйдегі былқып піскен қазы-қарта.

Бұл күнде кеткендердің орнын бастық,  
Шинель – көрпе, автомат болып жастық.  
Сыз демей, алау демей, ақ қар демей,  
Жеткен жерге жантайып, қонып жаттық.

Білеміз – бөтен елдің ойы бөлек,  
Белгілі біздегі бар оған дерек.  
Сырт көзге сәлем түзу көрінгенмен,  
Ішіне кірген бар ма, сақтық керек.

Төңір де сақтайды екен сақтанғанды,  
Жаратпас бейқам, пашық жатқан жанды.  
Біздерге сенім артты миллиондар  
Шаттықпен қарсы алмақшы атқан таңды.

Қалмауға қарғысына жас баланың,  
Ата-ана, сырттан қорғап басқаларын,

Ойлауға тиістіміз келген жауды  
Қайтару мына бізден басталарын.

Солдатқа керек әр кез сезімділік,  
Жараспас жаға жайлау, өзімділік.  
«Бәрі дос, жау жоқ, – деме, – жар астында...»  
Жатқан көп Отаныма көзін тігіп.

Берілген тапсырманы сезіп, сеніп,  
Алған соң ант қабылдап, сертті беріп,  
Қорғауға міндетіміз Ұлы Отанды  
Күзетте ұзақ таңға көз ілмей түк.

07.08.1971

1971.08.10

Сәлеметің аяғың басқы тас пен жазың,  
Нақылтан оларға келіп тапқан көзің.  
Мәхаббат ұтуға еште деген ыстық  
Сәлдер әр өнерден мақтан сезім.

10.10.1971

## ПОЛЯК ҚЫЗЫНА

Өмірдің мағынасы – сұлулықта,  
Тең келер не бар екен сұлулыққа?  
Болмаса жер бетінде әсем ару,  
Жібір ме суық жүрек, жыр жуықта?

Жанарың көрген кезде тұралайды,  
Қызықтап тұрғандайсың туар айды.  
Қай мерген көзін қадап қалмады екен,  
Польшаның қызықтырып құралайы?

Ат жақты, бота көзді, бөкен санды,  
Өзіне ынтықтырған көрген жанды.  
Ойнақы жеңіл қимыл, жорға жүріс  
Есінен тандырғандай барша адамды.

Қолаң шаш, оқтау жұтқан сұңғақ бойлы,  
Ақ тамақ, кере қарыс сымбат мойны.  
Жанарды арбап, жүректі жаулап алған  
«Полячка» бізді жіпсіз байлап қойды.

01.09.1971

## ВАРШАВА ӨРНЕГІ

Қаншама қайғы әкелді соғыс деген,  
Қан жоса өліктерден жол істеген.  
Іздері әлі жатыр жер бетінде,  
Өшпестей белгі болып сол істеген.

Өнерге таңданатын келешек күн,  
Өрнекке неге өшіктің, келеке еттің.  
Өшіріп жермен-жексен етемін деп,  
Сұм тажал, ажал оғын неге септің?

Тырмысып тегістеуге баққаныңмен,  
Зеңбірек, минометтен атқаныңмен,  
Қол өнер қансыраған шыдап бақты,  
Қара аспан, бомба төгіп жатқаныңмен.

Өшкен жоқ, өсті қайта өркен жайып,  
Қиялы адамзаттың таңғажайып.  
Қарай бер, көзің, сірә, тояр ма екен  
Жасалған жаңалыққа сан ғажайып.

Сөйлетіп неше ғасыр тас пен жезін,  
Нақыштап ою-өрнек тапқан көзін.  
Махаббат туған елге деген ыстық  
Сезілер әр өнерден мақтан сезім.

10.10.1971

## ШЕТ ЖҰРТҚА ҚАЗАҒЫМДЫ ТАНЫСТЫРҒАН

(Әскер қатарындағы міндетті бірге атқарған  
орыс Лукашов, Конев, белорусь Филипенко,  
украин Фиолковский, әзірбайжан Мұстафаевтарға)

Күй шалқып төгілгенде шанағынан,  
Көз алмай қалды бәрі домбырадан.  
Қолында Ғарифолла ойнағанда,  
Дегенін Лукашовтың ұмыта алман.

Ден қойып тындап болып, демі тына:  
«Көрмедім құдіретті, – деді, – мына.  
Бас идім өнеріңе өмір бойы,  
Айн палка, цвайн струна».

Әсем өнге арнаған махаббатың,  
Тындағанда Розаның аққу сазың,  
Тұрғанын орынынан сезбей қалды,  
Қол соғып Конев, Фиалковскийларың.

Кернеді залдың ішін ән Шығыстан.  
Тындарман жиналыпты әр түрлі ұлттан.  
«Бис! – деді Филипенко. – Жарайсыңдар!  
Вот что значит Казахстан!»

Талай күй, өн менен би орындалды,  
Құшақтап дос-жараным қолымды алды.

Белорусь, әзірбайжан, басқалар да  
Жасырмай таңданысын айтып тұрды.

Әскерде, елден алыс жүр едім ғой,  
Қазақша концертпен бір түледім ғой.  
Тілімді түсінбесе осындайда  
Ұлтымды танытатын өнерім ғой.

Сондықтан өнеріміз өркендесін,  
Бірінен бірі асқан көркем болсын.  
Шет жұртқа қазағымды таныстырып,  
Ел жақтан мұндай концерт келе берсін.

16.10.1971

## ҚОШ БОЛ, ПОЛЬША!

Іш тартып жақын өзіндей,  
Құшағын жая қарсы алар,  
Қазақтың қара көзіндей  
Қош болғын, «полячкалар».

Қол ұстап бірге дөң асқан,  
Дос болған өрен жастары.  
Сау боп тұр, дәм-түз жарасқан  
Польшаның меймандостары.

Жасырған жайсаң ел ерін,  
Пенденің болған қорғаны.  
Қош болғын, жасыл желегім,  
Польшаның қалың орманы.

Мейірбан жүзді, әдемі үн,  
Поляктың қызы тұр қарап.  
...Польшадан кетіп барамын  
Көңілімді төтті мұңға орап.

15.10.1971

## ОРАЛДЫМ ЕЛГЕ

Ауылға келдім әскерден елге оралып,  
Қарсы алды достар құшағын жайып қуанып.  
Жапырып жауды келгендей болып отырмын,  
Өңгіме-сөзді әрі-беріден сапырып.

«Күзеттім елдің шекарасын» деп мақтанам,  
Қайтарып жауап сұрақтарына қаптаған.  
Алдыма келді бұрқырап иісі сұр қазы,  
Анашым баптап екі жыл бойы сақтаған.

Бас ием Ұлы махаббатына ананың,  
Алыста жүрген ойлаған қамын баланың.  
Анашым сақтап келген сол қазы арқылы  
Енгендей болдым құшағына туған даламның.

14.11.1971

## АРАЛАСТЫМ ЕҢБЕКТИҢ МАЙДАНЫНА

Еңбек десе ерінбеген ерлерім,  
Төккен терін тамшылатып жерге мың.  
Бейбіт өмір туын көкке көтеріп,  
Белгілі ғой сан қиындық жеңгенің.

Жұмағынды жасап алар тамұқтан,  
Ер еңбегі өзін елге танытқан.  
Бейнет түбі жетелерін зейнетке  
Өздеріңе қарап сонда мен ұққам.

Айналдырар туған жерін бай маңға,  
Жеңіс туын биік ұстар қайдан да,  
Қол ұстасып ерлерімен елімнің,  
Араластым еңбек атты майданға.

04.12.1971

## ҮЙЛЕНУ ТОЙЫНЫҢ ӘСЕРІ

Міне, бүгін өтіп жатыр  
Ел аңсаған үйлену той қызықты,  
Менің де ойым, сенің де ойың  
Түзу ету өмір жолын, сызықты.  
Бағың болып мен кезіктім,  
Маған бақыт өмір бойы сен, күнім,  
Енді мақсат саусақтағы  
Мәңгі сақтау ант етілген жүзікті.

Тойханамыз – киіз үйлер  
Сап түзеген, ақ киізбен қапталған,  
Орындыққа қойған төсеп  
Сырмақ ою, жұмсақ көрпе мақпалдан.  
Сегіз үйден жарты ай жасап,  
Ашық алаң, кең дастархан жайылған,  
Сыймағаны сығалап тұр  
Бала-шаға қызықтаған жақпардан.

Ауыл кеші қандай тынық,  
Жауыннан соң аңқып жұпар иісі,  
Асабаның табиғатпен  
Табысып тұр тапқан теңеу тынысы.  
Бата беріп кезекпенен  
Тілектестер тілек айтып сөйлесе,  
Естілгендей құлағыңа  
Тек шыбынның ызындаған дыбысы.

«Соншама адам жиылыпты,  
Жанашырдың көптігіне таңғалам,  
Шақырылған туыс-бауыр,  
Құда-жекжат, дос-жараннан таңдаған... –  
Дедің, – адам не деген көп... –  
Дір-дір етіп құлағыма сыбырлап, –  
Жаттау үшін мұның бәрін  
Сыйласуға керек шығар сан ғалам».

Көкке ұшып ырзалықтан  
Тілектестің көптігіне тамсана:  
«Келгені бұл қолы тиіп,  
Келе алмаған адам, – дедім, – қаншама,  
Сәлем беру саған парыз  
Келген жерге келін болып ізетпен,  
Жақсы атанып, жағу үшін  
Ертеңгі күн ел-жұртыңа, баршаға.

Бата беріп жатқан мынау  
Ақ ниетпен ақсақалды аталар,  
Ақ жаулықты аналардан  
Жас келіндер тағзым етіп бата алар.  
Қайнағалар, абысындар –  
Сыйласатын өмір бойғы адамың,  
Апа-жезде, қайынсіңлі,  
Қайындарға әдемілеп сәлеміңді салып қал.

Құда-жекжат – барыс-келіс  
Жасайтұғын, жарасатын адамың,

Көрші-қолаң – алыс-беріс,  
Ыдыс-аяқ, ауысатын табағың,  
Дос-жараның – ойнап-күлер  
Отырыста тату-тәтті қатарың,  
Нағашымен жақсы болсаң  
Жиенінің олар әр кез асырады бағасын».

Міне, солай дүрілдетіп  
Ата-анамыз жасады бір той-думан,  
Бар жақынды жинап алып,  
Ауыл-аймақ қалдырмастан ой-қырдан.  
Деді ме екен келешекте  
Келін алған ұрпақтары үлгі етсін  
Деп жүрердей «Бәленшекең  
Ел ішінде есте қалар той қылған».

Той мақсаты пашу емес,  
Ел таныту келініне кезінде,  
Көріп бәрін көңіл тоқып,  
Әсер алсын деген терең сезімге.  
Кетер ертең ел атанып  
Түсер салмақ оған ауыр бұдан да,  
Дайын болсын қазақта мол  
Әдет-ғұрып, салт-санаға, төзімге.

Ешкім әуел әлімсақтан  
Оқып-тоқып туған емес сауатты,  
Бірден бірі үлгі алумен  
Қанша ғасыр адамзаттың таңы атты.

Ата-ана ақылымен  
Қырық үйден қызға тыю жасатып  
Ер азамат табыс тапты,  
Ұқсататын жары болды жауапты.

Төркініне тартып бәрін  
Болса келін баласы үшін қиналмас,  
Ерегіспен өтсе күні  
Ертелі-кеш салған төсек жиналмас.  
Ерін сүймес кердең келін  
Жерін оның жүрегімен сүймесе,  
Отбасында бірлік, байлық,  
Берекелі бала базар күй қалмас.

Білем, білем, біздер енді  
Жалғастырар ертеңгі күн нар ізін,  
Жетер-жетпес Жаратқанға  
Алғыс, тілек, жалынышың, арызың.  
Ұрпақ үшін қажет десе,  
Жан беруге дайынсыңдар, ата-анам!  
Ризамын, өтедіңдер  
Ел алдында мойнындағы парызың!

02.10.1976

## ҚАРА ҚОЙДЫҢ ЗАРЫ

Қорамызда тұратын  
Қойдан жайын сұрадым.  
Үндемейтін жуастан  
Үлкен өлең құрадым.

Астыңғы ерні қыбырлап,  
Үстіңгі ерні жыбырлап,  
Сонда қойым сөйледі  
Құлағыма сыбырлап:

«Қаза бар да өлім бар,  
Кейбір қызық кезім бар.  
Аты момын төлміз ғой,  
Шыдай берер төзім бар.

Асықпаңыз, саспаңыз,  
Жаңа жылдан бастаңыз.  
Құлақ салып тыңдаңыз,  
Өтірік сөз қоспаңыз.

Қаңтар дейді бұл айды,  
Қар жауып тау құрайды.  
Ақпандағы аязға  
Жаны сірі шыдайды.

Қалың қарға баяғы  
Омбылатып жаяды.



Жетпеген соң көктемге,  
Үнемдейді маяны.

Мая десіп жүргені,  
Көпене ғой үйгені.

Тең жартысы қарайған,  
Бос сабанның күйгені.

Аудан сұрап «сводка»,  
«Бер» деген соң бұрад та.  
Қампайтады маяны,  
Ескі қорыс қосад та.

Жоспар жақсы ететін,  
Толық қысқа жететін.  
Сұғанақ көп алайда  
Іліп-шалып кететін.

Өмірдің бұл жарысы,  
Онда кімнің бар ісі?  
Береген қол алаған,  
Басшының көп танысы.

Малға жем-шөп, жан керек,  
Тасушыға қам керек.  
Жартысы жолда жоғалар,  
Айта берсең мол дерек.

Аяқ басқан арықтар,  
Семіздермен пара-пар.



Азғантай жем қалған соң,  
Жаман қойға жалатар.

Тоңып тартып қараға,  
Ораласың қораға.  
Жылы болса жақсы ғой  
Жатар орын қонаға.

Жұлдыз санау несібі,  
Бітелмеген тесігі.  
Азынап жел соғады  
Шартақ қойған есігі.

Ақыр сапар мұз жастап,  
Кетті қанша іш тастап.  
...Қозы туар кез келді  
Өлмегенге қос-қостап.

Бар қиынын айт енді,  
Март, апрель, май келді.  
Тірі қалған сорлыға  
Қозы туар жай келді.

Есту үшін мақтауды,  
Сақманшылар қаптайды.  
Одан бізге не пайда,  
Адам қозы таппайды.

«Шығасың, – деп, – сенімнен!»  
Тапсырмалар берілген,

Аудан жақтан келеді  
Уәкілдер керілген.

Суық сорып кемірген,  
Сүт тартылған желіннен.  
«Қозы бер, – деп қинайды, –  
Жүзіне жүз елуден».

Тақыр ойып саныңды,  
Мұзға төсеп қарныңды,  
Қу сүйектен қозы алып,  
Шығарады жаныңды.

Сіңірден соң тоңдағы  
Қозы саны оңбады.  
«Қойшылар, – деп, – кінәлі...»  
Ауданға ақпар жолдады.

Торғайдайын тордағым,  
Арылған ба сорларың,  
Амал қанша, ақпарға  
Қосты жеке қойларын...

Ұмытылып тоңғаны,  
Қыстың ауыр жолдары,  
Жадыраған жаз келді,  
Бір күнгідей болмады.

Маза бар ма бұл құлға,  
Бізді айдайды қырқымға.

Маусым айы келгенде  
Жүні бар деп сыртында.

Жүн нормасы келімен,  
Аспаса да еліден.  
Қыстай қотыр жайлаған,  
Не шығады теріден?

Қолдар бар ғой не епті,  
Үстімізден жүн кетті.  
Өйтіп-бүйтіп әйтеуір,  
Жоспар беру міндеті.

«Төрт түлікте бір текті,  
Қасиетті бұл» депті.  
Жүні жұқа, еті арық,  
Қой атынан құн кетті.

Асыл тұқым сақтар ма,  
Болашаққа мақтарға?  
Салмақ бассақ кетеміз  
«Мясокомбинаттарға».

Саған айтар шын сырым,  
Болған емес аз шығын.  
Шейіт болсын кеткендер  
Атағы үшін басшының.

Қонақ келсе аялы  
Қоң біткенді сояды.

«Топалаңнан өлді...» деп  
Актіге қол қояды.

Етпен өңдеп жондарын,  
Майға малып қолдарын  
Жүрген жандар біле ме  
Қайдан келген тондарын?

Көрсеткендер азап күн  
Мәнін білмес ғажаптың.  
Сезер ме екен қалмасын  
Қасиеті қазақтың?

Шегірткеше ұшқаның,  
Жаз ойламас қыс қамын.  
Оралмастай көреді-ау  
Борандатқан қысқа күн.

Біздер айтсақ «кешені»,  
Жазар жайлар жетеді.  
Ойламаған адамның  
Оған несі кетеді?

Бұл жайыма күлер шын,  
Кінәлі кім – білерсің.  
Құлаққағыс өзіңе,  
Есте сақтап жүрерсің.

Жетіскен жоқ еш таңым,  
Қайсыбірін айтайын.

Тірі жүрсек көрерміз,  
Отарыма қайтайын...» –

Деді-дағы қой кетті,  
Оны қай күш сөйлетті?  
«Момын болсаң күнің сол»  
Деген менде ой кетті.

20.11.1977

Жүрегім еңсеген күннің күні,  
Жүрегім еңсеген күннің күні,  
Жүрегім еңсеген күннің күні,  
Жүрегім еңсеген күннің күні.

10.07.1978

## КЕРЕГІМ ЖОҚ

Белбеуді тәуекел деп белге тақтым,  
«Бақытымды, бағымды сенде таптым»  
Деп ойлап, тебінгіден терім кеппей,  
Елпілдеп еңбегіммен елге жақтым.

Мал бақтым, шөбін шауып санамменен,  
Шынжырлы жер де жырттым табанменен.  
Түбінде ойлағам жоқ осы жайлы,  
Шығар деп өкініштен табанда өлең.

Күндерім елес бүгін дауылдағы,  
Жүргенім қар астында, жауындағы.  
Жатырмын жарамсыз боп еңбекке енді,  
Кімге керек жанымның ауырғаны?

Өтіпсің, өткінші өмір, дерегің жоқ,  
Бір тиын келешекке берерің жоқ,  
Кем болдым «К-700»-тың астында қап,  
Совхозға енді менің керегім жоқ.

15.09.1978

## ЖОҒАРЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

Көп естідік көлгірден көпірікті,  
Алдайтұғын жастарды өтірікті.  
Ел билеген ауылдың басшылары  
Сөйтіп жүріп өздері жетіліпті.

Азғырғанда ұйытар кісілер көп,  
«Мен жастарды, – дейтұғын, – түсінем бек.  
Еңбек етсең екі жыл осы ауылда,  
Оқуыңа таңдаған түсірем», – деп.

Екі жылы жалғасты егіз болып,  
Егіз жылдар созылды сегіз болып.  
Еңбекке ет үйренді, қайдағы оқу  
Жегілген соң арбаға егіз болып?

«Алла жар» деп әр таңның атқанына,  
Қарамаппыз күннің де батқанына.  
Жоғарының жоспарын орындаппыз  
Алдап-сулап арқадан қаққанына.

Шөбін шауып, шұбалтып ойдың шаңын,  
Егін егіп, көбейткен малдың санын.  
Жұмысқа салып қойып өңшең жасты,  
Көкелерім көріпті-ау рахатын.

10.07.1978

## САХАРАДА САЙРАНДАҒАН КҮНІМ-АЙ!

«Қалай ғана қалада жұрт жүр екен?..»  
Бұрындары көп ойлаушы ем мұны мен.

Күндіз-түні дарылдаған машина,  
Бір дамылдау болмайды ғой басыңа.

Сахарада сайрандаған күнім-ай,  
Майда самал естілетін үнің-ай.

Көп шуылдың ажыратпай дауысын,  
Ашық күнде басым қатып ауыстым.

Бақыт екен еркін жүрген далада,  
Кең тынысым тарылғандай қалада.

Ат ойнатып, асау қуып желменен,  
Жүрген кезді жиі аңсаймын мен деген.

Жазғы жайлау, жағалай үй тігілген,  
Таң самалмен бар тіршілік тірілген.

Нағыз өмір ауылда екен, тектілік,  
Жасыл желек, көк майсада төрт түлік.

Қырдан асып қызық қуып түнімен,  
Ләззат алып сандуғаштың үнінен.

Оралушы ек арай таңмен таласып,  
Қос аққудай көлде жүзген жарасып.

Музыканың даңғырлаған дауысы,  
Көше кезу қаңғалақтап бар ісі.

Базарында бөшкелеген сырасын  
Ішу үшін өшіретте тұрасың.

Кешке қарай ойға келсе бір ақыл,  
Барар жерің диско, кино, театр.

Қазақшаға шорқақ шалы, бала да,  
Неменеге көшіп келдік қалаға?

Жақтырмаймыз, бірақ не амал қыламыз?  
Енді біздер сол қалада тұрамыз.

20.12.1979

## ПРАВОМДЫ АЛҒАНЫ АРТЫҚ ЕДІ

(Серік Қонақбаевқа)

«Серікжан, қалдың тақап қияға шын,  
Қылмаса екен ешкім қиянатын.  
Қазақтың туын көкке көтерер деп,  
Жолыңа көз тігеді қалың халқың.

Жолдама алдың жеңіп финалыңа,  
Бүгін күн бізге алтынын сыйлайды ма?»  
Жүйткітіп келе жаттым машинаны,  
Асығып үйдегі теледидарыма.

Көңілім қуаныштан тасыңқырап,  
Жіберсем керек қатты басыңқырап,  
Тоқтатып орта жолда инспектор,  
Сөйледі тамағын сөл қырнаңқырап:

«Барасың қайда зулап сонша? – деді, –  
Басыңда шөкімдей ми болса, – деді. –  
Біреуді жазым етіп кетсең егер,  
Жауапкер боласың ғой онда», – деді.

Айтқан кезде жібіді ме шынымды,  
Инспектор құп көргендей мұнымды:  
«Бөріміз де тілектеспіз Серікке», –  
Деді-дағы нұсқап тұрды жолымды.

Сөйтіп менің правомды қайтарды,  
Қанындағы қазақтығы байқалды.

Өкінішті-ақ, алтын болмай сол күні,  
Алғанымның күміс медаль болғаны.

Өкінішім жанды талай жеді ғой,  
Серігімнің жалын атқан кезі ғой.  
Серік жеңіп, инспектор ал менің,  
Правомды алғаны артық еді ғой.

Бұйрық солай болса адам не істемек?  
Мұндай сәтте бере алмайсың еш көмек.  
...Серігіме мен бәрібір сүйсіндім,  
Күміске де жету үшін күш керек!

1980



## ПРАВО БӘРІ ДЕ УАҚЫТША

Бұл жалғанның көрерміз біз ащысын да тұщысын,  
 Баспақ ізді келер заман, басқа түсер күш, қысым.  
 «Берілмеуге тиістіміз ер болған соң әуелден, –  
 Деймін қайрап өзімді өзім, – өзгелерден күштісің».

Қара түнек орнаса да, болсын мейлі кейде түн,  
 Көрешекті көрсең-дағы, уақытша бейнетін,  
 Дүниеге соның үшін жаралғансың, адамзат,  
 Бастан кешіп бар бейнетті көру үшін зейнетін.

16.09.1982



## АТАНЫҢ БОЛ БАЛАСЫ

Алдыңда асу асқар, жол жоғары,  
 Белгісіз ұшар құстың соң қонары.  
 Қағида халық айтқан қате кетпес:  
 «Әкеге қарап бала оқ жонады».

Әкенің қор болмассың жолын құсаң,  
 Атаға тартып адал ұл боп тусаң.  
 Соңында жақсы ісің қала ма екен  
 Атаның жолын емес, «жынды» құсаң?

Оңбайды ойсыз пенде тозып туған,  
 Ақтамас ел сенімін үміт қылған.  
 Көзінді аш, алға қара, жарық ізде,  
 Атаның баласы бол озық туған!

Мақсатым жоқ сөз істерлік бояма,  
 Көрсет қып кескіндеуге ой ала.

## АРМИЯ ЕДІ АРМАНЫҢ...

(Балдызым Сәкен әскер қатарына аттанғанда)

Армия еді арманың,  
Оған да енді жетерсің.  
Амандық болса бөріне  
Үйреніп және кетерсің.

Сағынып қара нанымды,  
Анаңның шайын аңсайсың.  
Қолыңнан түспей қаламың,  
Үздіксіз хаттар жолдайсың.

«Тұра ғой, жаным, тұр...» дейтін  
Мамаңды таба алмайсың.  
Алғашқы кезде  
«Құдай-ау,  
Келдім, – деп, – неге?» ойлайсың.

Алған соң кейін ысылып,  
Қорғаумен Отан іргесін,  
Әскерден кері ауылға  
Қайтпағың келіп жүрмесін.

## ОПЕРАЦИЯ АЛДЫНДА

Санаулы күн азабыңа төзуге,  
Тағы пышақ салған ізін көруге,  
Көп азаптан құтылар жер осы деп  
Тура келді өмір үшін көнуге.

Қысы-жазы құрақ ұшып жосылдым,  
Күні құрсын тракторист, шопырдың.  
Малын аман сақтасам деп совхоздың,  
Осы күйге кез боп бүгін отырмын.

Жаратқаным жарық күнін жоймағын,  
Қиял құсы шарықтайды, ой – сағым.  
Қызыл арай күн батқалы қанша уақ,  
Ұйқы қашып, ойламасқа қоймадың.

Ана ауру, алыстағы ауылда,  
Екі мәрте пышақ тиген бауырға.  
Әке дімкәс, жүру қиын алқынып,  
Отыру да шаршы топта, қауымда.

Соғыс, тылда елдің қорғап намысын,  
Аштық жылдан аман қалған жаны шын.  
Еңбек еткен, жерге төгіп ащы тер,  
Кейінгі ұрпақ, келешектің қамы үшін.

Мақсатым жоқ сөз етерлік бояма,  
Керемет қып кескіндеуге ой ала.

Ауыр жылдар, азаппенен өткен күн  
Денсаулыққа әсер етпей қоя ма?

Мен де өзімше деген едім батырмын,  
Еңбегіммен елде бедел асырдым,  
Құлап-тұрып, асауменен алысып,  
Меңгергенде техникасын ғасырдың.

Жанталастым жаз бойына жасыл күн,  
Аяз сорған ақпанында ақырдың.  
Трактордың табанында тапталып,  
Жарымжан боп емханада жатырмын.

Екі мәрте операция жасалған,  
Әуел тігіп, одан кейін тас алған.  
Үшінші рет бүйрегімді алмақшы,  
Алла, жар бол, өшпесе екен жас арман.

Тағдыр мені салып жатыр тезіне,  
Барлық адам тілеулес боп өзіме  
Жатқанменен қиын екен төзуің  
«Ауру ғой...» деп мүсіркейтін сөзіне.

28.08.1982

## ТҰҢҒЫШ ҰЛЫМА

Отбасына шабыт тілер барша адам,  
Бала сүю бақытын көп аңсаған.  
Шаңыраққа сәби келсе шыр етіп,  
Басатұғын ақ көңілін шаршаған.

Айналайын ақтайлағым, Арманым,  
Бәйтеректің жалғайсың сен тармағын.  
Аруақтар, ата-баба аңсаған,  
Келешегін өзің бүгін жалғадың.

Әуел бастан едім сонша қызба адам,  
Оқ тигендей осал жерге тұздаған.  
Немеренің тәттілігі соншалық,  
Сүйсе құшып сүйгенімнен қызғанам.

Тәңірімнен таңнан тұрып сұрарым –  
Құрмаса екен тағдыр саған тұзағын.  
Өкіндірмей, өміріңді ұзақ қып,  
Өн бойыңнан өткізбесін мұз ағын.

25.08.1983

Өмірде етіп жатыр бүлік күнде,  
Галекс, бұл жарымым шын ұқтым да.  
Жүрегімнен егер біздер сөйлессек,  
Сөйлемді ертеңгі күн күліп кімге?

Қасіятты жүргеннен сол қара басын,  
Күрделі-ау, бұл өмірмен бар аласын.

ЦЕХ ТЕРЕЗЕСІНІҢ  
АЛДЫНДАҒЫ АҒАШ

Тереземнің түбінде бір түп өскен қара ағаш,  
Сен болмасаң дүние қалатындай жалаңаш.  
Жалғыз батыр секілді тұрысыңа сүйсінем,  
Тағдырыңа бой бермей ыстық-суық аралас.

Табаныңда қара тас, алар нәрің қара май,  
Жайнап тұрсың сонда да көрік беріп далама-ай.  
Желектерің жайқалып, сая төгіп тұрғанмен,  
Мұңая ма жүрегің, жасыл орман бола алмай?

30.09.1983

28.08.1982

ҚҰРДАСТАР ҚАЛЖЫҢЫ

«Амансың ба, жарқыным, Жұмагүлім?  
Аманғали алдында құлады мың.  
Жол жүретін ақынды қайтесің сен,  
Отыр ғой қарсы алдында бір ақының.

Жүзі жарқын, көзі нұр Жұмагүлім,  
Кездесем деп ойлап па ем мына бүгін?  
Сен дегенде, жаным-ау, білемісің,  
Тау менен тас, алдында құлады күн.

Жүрегі алтын, өзі жас Жұмагүлім,  
Таниды әлі келешек шын ақынын.  
Бір ұл туып берсеңіз Ғалекеңе,  
Төбеңізде жарқырап тұрады күн».

«...Сен өзің алтын жігіт Ғалил деген,  
Шын ниет, қабыл алғын сәлем менен.  
Мен сенің әйелінді сыйлап өтем,  
Тек қана аулақ болсын бөлең менен.

Өмірде өтіп жатыр бүлік күнде,  
Ғалеке, бұл жырымды шын ұқтым де.  
Жүрекпен егер біздер сыйласасақ,  
Сөйлейміз ертеңгі күн күліп кімге?

Қасқайып жүргеннен соң қара басың,  
Құрдас-ау, бұл өмірден бар аласың.

Дәм жазып кетер болсаң емделуге,  
Берсінші дертке дауа Сарыағашың...» –

Деп өзіл айтты Ербоз Аманғали,  
Арқалы ақын еді жазатын жыр.  
Өзілге өзілменен жауап қаттым,  
Арамызда сыйластық болатұғын:

«Ырзамын, құрдас, адал жүрегіңе,  
Ақ жолды қалағаның, тілегіңе.  
Кетейін аманаттап Жұмагүлді,  
Жарасаң болды соның бір еміне.

Төңірім қолдап жүрсін талабыңды,  
Жаттасын жалындаған дала жырды.  
Курортта күпті жүрек күтіп жатам  
«Тілегің болды» деген хабарыңды.

Қалжыңға досың неге ісінеді,  
Ақынды ақын ғана түсінеді.  
«Құрдастың жандары – дос, ауызы – қас»  
Дегенді босқа айтпаған елім, тегі.

## ФРАНЦУЗ АППАРАТЫ

*(1986 жылдың қаңтарында Франциядан  
алынған аппарат арқылы Сәтбаев қаласындағы  
медициналық-санитарлық бөлімшеде алғаш рет  
маған эксперименттік ем жасалған еді)*

Көп тарттым бейнет-зардап бүйрегімнен,  
Дәрігер емдеп, талдап, көргенінен,  
Бір емес, бірнеше рет қатарынан  
Тілгілеп пышақ сұғып, түйреуінен.

Өзімше ерлік жасап асқан ерен,  
Көтеріп жүкті теңдей басқаменен,  
Ешқашан мойымадым қиындыққа,  
Тисе де басқа темір, тасқа денем.

Болған соң жастық қуат, жалын баста,  
Бел будым тірі жанға жалынбасқа.  
Тырысып, тыраштанып алға ұмтылдым  
«Мүгедек» деген атты жамылмасқа.

«Ауруды асқынған көп, кеткен меңдеп,  
Тастарды бүйрек, өтке өткен дендеп,  
Өп-сәтте жоқ қылатын көрінеді  
Француз аппараты тоқпен емдеп...»

Дегенді естіп қалып бір күні мен,  
Көруге ғаламатын жөн көріп ем.



Қуанып кетті сонда дәрігерлер,  
Себебін бірақ әуел білмеген ем.

Шетелден әкелгенмен аппаратты,  
Бірақ ол өзін әлі ақтамапты.  
Қаншама іздегенмен сол арқылы,  
Емделетін ауруды таба алмапты.

Ойламай соңы немен тынатынын,  
Не шік, немесе бүк болатынын,  
«Бұйырса мұнысын да көрейін...» деп  
Келісім берді сонда бұл ақының.

Дәрігер көрдім сонда қайшысы жоқ,  
Батыс бізден кеткен бе ілгерілеп?  
Бүйрегімнің бүлігін бастым солай,  
Француз аппараты болды да сеп.



## АҚСӘУЛЕ



Шаршамай шаршап,  
Қисыны тартып,  
Бітірдім бірде жұмысты,  
Көте амай қып,  
(Қалдым да сүйін),  
Сұрадым тағы бір істі.

Болашақ сенің,  
Сен жүрген үйден  
Табыла берді шаршап,  
Жұмысың маған боп,  
Жадырып маған боп,  
Ақсәулім оны тағы жа.



## ӨЗГЕДЕН ЕРЕК

Өзгеден ерек,  
Қарасың бөлек,  
Еліктің лағы секілді.  
Жалтылдап көзің,  
Жалынды сөзің  
Не деген сонша өтімді?!

«Сабақтан кейін,  
Тамақтан кейін,  
Көмекке үйге кел...» – дедің,  
Сездің бе ішің,  
Көтерер күшім  
Бар екеніне сенгенің.

Шаршамай шауып,  
Қисынын тауып,  
Бітірдім біраз жұмысты.  
Кете алмай қиып,  
(Қалдым ба сүйіп),  
Сұрадым тағы бір істі.

Болған соң икем,  
Сен жүрген үйден  
Табыла берді шаруа.  
Жұмысқа мәз боп,  
Жадырап жаз боп,  
Атқардым оны тағы да.

Кеш болып қалды,  
Бітірдік барды,  
«Ойнайық енді біз», – дедім.  
Көмектен бе екен,  
Кенеттен бекем:  
«Жарайды, кеттік, жүр», – дедің.

...Ойын да саған,  
Ойым да саған,  
Соншама неге берілдім?  
Көзіме ерек,  
Өзгеше бөлек,  
Қалқам-ау, неге көріндің?!

Ақылға сен  
Қалыңды  
«Баян» деп  
Қызыл шарықтай.

Тыңғыш қалың  
Қызыл шарықтай.  
Не күрмет бер сенің?  
Қарықат көзің?

## АҚ СӘУЛЕМ

Көкорай белдерден  
Өн салып келемін,  
Алыстан келгенде,  
Бір сәуле көремін.

Бұл сәуле өзіңсің,  
Алдымнан шығатын.  
Мен шаршап келгенде,  
Күлімдеп тұратын.

Көгілдір көгімнен  
Ай сәуле төгілген.  
Жұлдыздың жарығын  
Көремін көзіңнен.

Аңсаймын өзіңді,  
Қалқыған қайықтай.  
«Бақытым – өзің» деп,  
Қиялым шарықтай.

Тынығып қаламын,  
Қуат ап сезімге.  
Не құдірет бар сенің  
Қарақат көзіңде?

## САҒЫНАМЫН

Қарсы алар алғаш таңым сен,  
Қызғалдақ алау, жалын ба ең?  
Жадымда жүрсің жаңғырып,  
Туған жер, Ұлытауыммен.

Мен үшін қымбат атың да,  
Үздіге жазған хатың да.  
Білмедім, алғаш оянған  
Балалық махаббатым ба?

Сарыла күтем таңдарда,  
Сағынам сені жан барда.  
Шапағын күннің қарсы алар  
Жұлдызымдайсың маңдайда.

## КҮТЕСІҢ БЕ?

«Шыдап күтіп, шыдам бітіп  
Кетпейсің бе басқаға?  
Екі көктем, екі қыс бар...» –  
Дегенімде жасқана...

Жаутаңдаған жанарыңнан  
Мөлдір жасың төгіліп,  
Қалып едің «Күтем» деген  
Уәдеңе сендіріп.

Берген сертте тұрасың ба,  
Тұрмайсың ба – кім білсін?  
Бір анығы – сол сөзіңді  
Қуат көріп мен жүрмін.

Ақсаймын әлімің,  
Қалдым ма ймырай,  
«Бақыттың» әніңде жет  
Қиялым шарықтай.

Тыңдағым – алақым,  
Қуат ая сөзіңге,  
Не құлаққа бар соның  
Қарықат бейіңде?

## ГҮЛ-НӘРІМ

Найзағай ойнап бағымда,  
Лапылдап жүрек балаша,  
Үлбіреп тұрған шағында  
Гүл нәрін таттым тамаша.

Әсері қалды мәңгілік,  
Исіне гүлдің елтіген.  
Ғажабын тағы көрсем деп  
Асығам, соған ентігем.

Ғажабым қандай әдемі,  
Баспаным қандай нәзік,  
Бірде мездің әніңді айтамын,  
Кішігірім бағымды бағам.

Арайлы шақ бөлемін қара түсің,  
Сөзім, содан қалдығой жолым жүдегің,  
Соным беріп көтерің, не елестің  
Қала бердің сонымнан бақыт-сілеп.

Аққуба ма, қара торың, айта аламын,  
Өң бойыңнан мөл кәсіңет байқалған,  
...Бақыттың қалықты ма сол сұлу?  
Неге өксіңіз, жейде соны ойтаған?

## ҚҰРАЛАЙ-ҚЫЗДЫҢ ҚҰШАҒЫ

Өмірім алда, білмеймін, жүземін немен,  
Ойыма алдым көңілді түзеймін деген.  
Талдырмаш келген сары қыз көңілімді аулап,  
Өзіне тартты биязы мінезіменен.

Іліп тұрды, алдымнан өтпеді оғаш,  
Жемісіндей боп уылжып өріктің ағаш.  
Құралай-қыздың құшағы босатпай мені,  
Кешегі желік күндерді тыйғаным рас.

Ғажайып, қандай керемет сырлы түн еді,  
Басынан кешкен жан ғана бағын біледі.  
Ақ балығымды айдыннан іліп алдым да,  
Мәңгілік баққа жолықтым көңілімдегі.

## ҚАЛА БЕРДІҢ БАҚЫТ ТІЛЕП

Қорған саған бола алмадым саябақ,  
Жүре алмадым алақанда аялап,  
Көк терегің секілді едім көрікті,  
Көлеңкемде жата алмадың саялап.

«Өзің едің адал жүрек сүйгенім,  
Сүйгендіктен төзем, – дедің, – күйге мың,  
Бір басыңның бақыты үшін құрбаның,  
Болуды да, міне, енді үйрендім».

Біле алмадым, қалай қиып тастадым,  
Құшағына кетіп барам басқаның,  
Бір ауыз сөз қатты батып айтпадың,  
Кінәм асып жатса-дағы баста мың.

Арайлы шақ боянып қара түнек,  
Сезем, содан қалды ғой жаның жүдеп,  
Соның бәрін көтеріп, ақ ниетпен  
Қала бердің соңымнан бақыт тілеп.

Аққұба ма, қара торы... айта алман,  
Өн бойынан мол қасиет байқалған.  
...Бақытына жолықты ма сол сұлу?  
Неге екенін... кейде соны ойланам.

## ТАСТАҒЫ ЖАЗУ

Жас күнде ойнағанда жасырынбақ,  
Айып па бірге отырып жасырынсақ?  
Екен ғой, кейін білдім, оралмайтын  
Өмірде балалық кез бір асыл шақ.

Есімде тауда бірге ойнағаным,  
Ойынға ертелі-кеш тоймағаным.  
Кез өтті, талай белес артта қалды,  
Сағымды есіме алып ойланамын.

Желбіреп тұлымшағың тұрмайтынсың,  
Жаныңа жақындасам тулайтынсың,  
Күн батып, кеш болса да қайтпай үйге,  
Тастауға сені жалғыз қимайтынмын.

Бір сезім билеп бойды, баста санам,  
Есімінді қашаумен тасқа жазғам...  
Сол жерді іздеп талай барушы едім,  
Сол күнді және өзіңді сағынғаннан.

Жазғанда есімінді күлдің неден?  
Көз жазып қалдым сенен бір күні мен.  
Бейнең кетті бұлдырап бұл күндері,  
Тастағы сол жазу да өшті ме екен?

## СЕНЕН АМ ӨКІНБЕ

Жалын-отым, бұл күнде жырақтадың,  
Жағып жүрсің жат ошақ шырақтарын.  
Өзім үрлеп өшірдім өз қолыммен,  
Қалай айтып тауысам бірақ бәрін?..

Оралмайды өткен күн өкінгенмен,  
Өкінгенмен, қаншама өтінгенмен.  
Махаббатты мазаққа айналдырып  
Алғаннан соң не пайда өкінгеннен?

Көңіліңде ойнағаным, сенен бірге,  
Бір күнде ойнағанда жасырынбақ,  
Айып па бірге отырып жасырынсақ?  
Екен ғой, кейін білдім, оралмайтын  
Өмірде балалық кез бір асыл шақ.

Есімде тауда бірге ойнағаным,  
Ойынға ертелі-кеш тоймағаным.  
Кез өтті, талай белес артта қалды,  
Сағымды есіме алып ойланамын.

Желбіреп тұлымшағың тұрмайтынсың,  
Жаныңа жақындасам тулайтынсың,  
Күн батып, кеш болса да қайтпай үйге,  
Тастауға сені жалғыз қимайтынмын.

## КЕСТЕЛІ ОРАМАЛ

Болсаң да көкейімде таққан тұмар,  
Емес ем кездесуге саған құмар.  
Амал не, аурухана төсегінде  
Қайтадан жолықтырған тағдыр шығар.

Ауыр дерт айналдырып алған еді,  
Дәрігер емханаға салған еді.  
Көзімді ашқан кезде сені көрдім:  
«Медбиби боп істеймін мұнда», – дедің.

Қолыңда орамалың кестелеген,  
Терімді сүрте бердің жайлап еппен.  
Байқадым, бұрышында есімім тұр,  
Сырынды сездіргендей ішке бүккен.

Кеудеңнен күмбірлеген арман өні,  
Жанымды нұр-шуаққа малдырады.  
Көзіңдей көріп әлі сақтап келем  
Кестелі орамалды қолымдағы.

## СЕНЕСІҢ БЕ, ҚАЛҚАТАЙ?

Сенесің бе, қалқатай, сенесің бе?  
Сонау жастық шағымның белесінде,  
Қанша арумен кездестім – есімде жоқ,  
Жеке-дара қалыпсың сен есімде.

Сенесің бе, қалқатай, сенесің бе?  
Сеніменен кездескен жер есімде.  
Қанша белес аттадым содан бері,  
Сенің ғана есімің тек есімде.

Сенесің бе, қалқатай, сенесің бе?  
Білем шердің қалғанын тек есінде.  
Жүрегіңе жазылмас жара салдым,  
Сезем қайтып жазылмас емесін де.

Сенесің бе, қалқатай, сенесің бе?  
Кездестім өмірде көп бөгесінге.  
Сөнген шырақ жанбасын білсем-дағы  
Елеңдеймін қараңғы неге түнде?

Сенесің бе, қалқатай, сенесің бе?  
Төтті күндер жүр менің әлі есімде.  
Бақытты бол, ақ құсым қолдан ұшқан,  
Мен жүрейін мәз болып елесіңе.

## СУДЫҢ ДА БАР ҒОЙ СҰРАУЫ

Қызғалдақ едің далаңнан туған нәр алған,  
Әлемнің көркі, өсемдік үшін жаралған.  
Көзі бір түспей өмірде пенде өтер ме,  
Өзгеше бөлек өзіңнен таппақ бақ арман.

Қиялға балқып: «Бақытым, бағым сенде...» – деп,  
Күлтелі гүлге күлімдей қарар пенде көп.  
Атырған таңын ұйқысыз, түнді көз ілмей:  
«Шіркін-ай, шіркін, осы гүл болса менде...» – деп.

Қаншама өтті арада көктем, толды арна,  
Қаншама гүлдер бақытын тапты қолдарда.  
Сен ғана тұрдың, қызғалдақ гүлім, үзілмей,  
Аңысын аңдап, алысқа қарап жолдарға.

...Көктемнің шалқып, күніне балқып тұрған нақ  
Кезінде кербез алқызыл әсем қызғалдақ.  
Біраздан көзін қиядан қадап жүретін,  
Қол созды саған батылы барған сұғанақ.

Қырдағы гүлді қызғалдақ қыршын демеді,  
Әкеліп үйге өзіне жақын егеді.  
Үйдегі гүлін жайқалып өскен, жайнаған  
Тұқыммен қоса далаға шашып төгеді...

Жайқалып өскен гүлдерде қандай кінә бар?  
Жас гүлге құмар келеді, рас, ағалар.  
...Сонда да болса қолдағы гүлге қанағат,  
Судың да түбі сұрауы бір кез сұралар.

## МАХАББАТ ІЗДЕП СЕНІ ӨЗІ КЕЛЕР

Жасың бар он сегізде жалын атқан,  
Қол жетпес көкте жұлдыз, сағым аспан.  
Талайдың арманы боп қаларсың-ау  
Кезінде сезбегенге таңын атқан.

Бұл жаста алаулаған қызыл шоқсың,  
Жандырар жалыныңмен қызулы от, күн.  
Жалғанда Жаратқанның сыйы адамға,  
Он сегіз, сенен асқан қызық жоқсың.

Он сегіз, жиырма бестің арасы бір,  
Кейбіреу қате басып адасып жүр.  
Көбісі теңін тауып қос аққудай,  
Көлінде қатар жүзіп жарасып жүр.

Білімсіз ұзап алыс бара алмассың,  
Кейіннен сұрап оны ала алмассың.  
Махаббат іздеп сені өзі келер,  
Сен іздеп махаббатты таба алмассың.

## СҮЛУЛЫҚҚА ТАМСАНЫП...

Ауа тымық, кешқұрым шақ,  
Бұлт торлады аспанды.  
Көкжиектен күн нұрын нақ  
Соңғы рет шашқан-ды.

Тұрғам күтіп автобусты  
Кешеде, аялдамада.  
Көрген кезде ойға түстім  
Қос ғашықты далада.

Келе жатты екі ғашық  
Қол ұстасып, сырласып.  
Есіне алып өткендерін,  
Жеткен жерін қырды асып.

Сымбат бөлек, сұлу желек,  
Таусылмас-ау сыр бүгін.  
Сыршыл жүрек шыңға демеп  
Келе жатты бір-бірін.

Көз алмастан қарап қалдым,  
Сұлулыққа тамсанып,  
Қос ғашықтың келе жатыр  
Жүректері ән салып.

Жастық шағым еске түсті,  
Оралмасын сезсем де.

Көк жүзінен нұрлы жаңбыр  
Себеледі сол сәтте.

Қос ғашыққа тұрды сол сәт,  
Ойлап көрсем, түсініп,  
Жерден гүл жыр, көктен күн нұр  
Махаббатын ұсынып.

Жастық шағым – жас дәуренім,  
Қайда кеттің ән салып?  
Қала бердім, қайтем енді,  
Сұлулыққа тамсанып.

Шынармаларым да бар көретін,  
Тәуір қолыңмен бейтарап,  
Аяғың еркін аяқым аяққа  
Өзің есен тәуірлерің бар бердің.

Қызылдан соғым ұшып қалдым,  
Қызылдан соғым ұшып қалдым,  
Қызылдан соғым ұшып қалдым,  
Қызылдан соғым ұшып қалдым.

Қызылдан соғым ұшып қалдым,  
Қызылдан соғым ұшып қалдым,  
Қызылдан соғым ұшып қалдым,  
Қызылдан соғым ұшып қалдым.

## СҰЛУЛЫҚТЫ СҮЙЕМІН

Өзгеден өзгешелеу дара тұлға,  
Қуат беріп кеткендей қанатыма.  
Құшағыма жас ару тығылады,  
Мас етіп мені сезім шарабына.

Қымыздың дәмін білер қызған жандар,  
Тұз жала, ішің күйсе, қызғанғандар.  
Мас болсам мақпал құшып, иісіне елтіп,  
Сескеніп, секем алып сызданбаңдар.

Арайлап атқан сайын ала таңым,  
Шын сөзім – сұлулықты ұнатамын.  
Бірақ та оқ атпаймын ешқашанда,  
Көрсетпен жаралы аққу балапанын.

Білемін, басқаға да бар керегім,  
Тілерін көлеңкелі бөйтерегін.  
Аялап өз гүлімді өмір бойы,  
Өзгеге өзек талмас нәр беремін.

Қызғалдақ солмас үшін торда бөтен,  
Қашанда басын тіккен сорға бекем,  
Қорғаштап нәзік гүлдің бар өмірін,  
От жүрек қорықшыдай қорғап өтем.

Сұлулық – қол жетпейтін биік екен,  
Ән-әуен, тілің, жырың, күйің екен.  
Сұлуларды несіне жаратты Алла,  
Сүйсініп, сұқтана бір сүйінбесең?

\*\*\*

Көгілдір көлде жүзген жыл құсындай,  
Жазатын жан екенсің жыр қысылмай.  
Қаз мойын, қоян жонды, бота тірсек,  
Түгі асыл түркіменнің жылқысындай.

Алаулы от, жалын лепті, ыстық құшақ,  
Аласың арқалының жанын тұсап.  
Қалады тіл байланып тіліп түсер,  
Мұқалып мың қайралған жанып пышақ.

Толқын шаш, тоқ ұрғандай жасын күшің,  
Ай мүсін, арай шапақ асыл пішін.  
Сақтаған шырша шырын секілдісің  
Суықта, алауда да жасыл түсін.

Шынардай шың басында мұнар ақ бас,  
Сұлу сыр-сымбатына сыңар таппас.  
Қазақтың арулары болса, шіркін,  
Өзіңдей өн бойынан кінә таппас.

Көз жауы, көлбеңдеген тамаша зер,  
Жасаған салып өрнек дана шебер.  
Өзгерме өзгерсе де бар табиғат,  
Тотыдай тал басында тарана бер.

СҮЛҮЗІМ \*\*\* СҮЙЕМІН

Тербелген толқын, жалындай сүлік қараның,  
Шашыңа бұйра көз алмай ұзақ қарадым,  
Тартылған сымдай ғажайып едің сен неткен,  
Сымбатты сұлу, тотықұс сынды қарағым.

Жапырақ қайың, сыбдырлы сыңғыр сөзіңнен,  
Тұңғиық тұнық, мойылдай мөлдір көзіңнен,  
Самалда жұпар саумалға масаң күй кештім,  
Толқында қалқып жүзгендей көлде өзіңмен.

Бас асаулардың басушы едім шыңғырын,  
Салғанда құрық, шідерлеп тұсау, шынжырын.  
Сезбедім қалай, себебін білмей отырмын,  
Қолымнан сусып кеткенін кендір шылбырың.

Білемін бақ ағынға бақ бергім,  
Тыңдатушы едім атқанша таңым, күн күліп  
Тамаша талай құстарға әсем түн жырын.  
Қолымда тұрған бақ құстан қалдым ажырап,  
Қоңыр күз келіп қалғаны ма екен шын бүгін?

Қызылдық болмас үшін торла бөтен,  
Қашықтан ашықтан ашық болған. Ағаж сәл  
Қорықпайтын едім енді жанды ұшқыр аяғыңа.  
От жүрек пен аяқидет қабат ердегіке амғыт  
... дөб аясың алғысың қат йадыты  
Сұлулық - қол жетпейтін биік емен,  
Ән-өлең, үлгі, жыр, күй, өлең.  
Сұлуларды не сіне жаратты Алла,  
Сүйешің, сұқталып бір сүйісбеген?

ҚАЗАҚСТАН ЖІДІТӨВУЗІТІ АМ МЕНІНІ

Толқындағы толқын, жалындай сүлік қараның,  
Шашыңа бұйра көз алмай ұзақ қарадым,  
Тартылған сымдай ғажайып едің сен неткен,  
Сымбатты сұлу, тотықұс сынды қарағым.



АҚБЕРЕН

Жапырақ қайың, сыбдырлы сыңғыр сөзіңнен,  
Тұңғиық тұнық, мойылдай мөлдір көзіңнен,  
Самалда жұпар саумалға масаң күй кештім,  
Толқында қалқып жүзгендей көлде өзіңмен.  
Бас асаулардың басушы едім шыңғырын,  
Салғанда құрық, шідерлеп тұсау, шынжырын.  
Сезбедім қалай, себебін білмей отырмын,  
Қолымнан сусып кеткенін кендір шылбырың.  
Білемін бақ ағынға бақ бергім,  
Тыңдатушы едім атқанша таңым, күн күліп  
Тамаша талай құстарға әсем түн жырын.  
Қолымда тұрған бақ құстан қалдым ажырап,  
Қоңыр күз келіп қалғаны ма екен шын бүгін?  
Қызылдық болмас үшін торла бөтен,  
Қашықтан ашықтан ашық болған. Ағаж сәл  
Қорықпайтын едім енді жанды ұшқыр аяғыңа.  
От жүрек пен аяқидет қабат ердегіке амғыт  
... дөб аясың алғысың қат йадыты  
Сұлулық - қол жетпейтін биік емен,  
Ән-өлең, үлгі, жыр, күй, өлең.  
Сұлуларды не сіне жаратты Алла,  
Сүйешің, сұқталып бір сүйісбеген?



## ТӘУЕЛСІЗДІК

Тәуелсіздік – ғасырлар жұмбақтары,  
Тәуелсіздік – асылдар жұмбақ бөрі.  
Тәуелсіздік – белгісіз бел шешкендер,  
Тәуелсіздік – ар-ождан үн қатқаны.

Тәуелсіздік – кермек тер тамшылары,  
Тәуелсіздік – ат сауыр қамшылауы.  
Тәуелсіздік – мал менен жан ашуы,  
Тәуелсіздік – соңғы дем, жан шығары.

Тәуелсіздік – туған жер, сөздің басы,  
Тәуелсіздік – бабамның армандары.  
Тәуелсіздік – от-жалын, оқты боран,  
Тәуелсіздік – қуаныш, көздің жасы.

Тәуелсіздік – сезімнің жанашыры,  
Тәуелсіздік – сөзіңнің бар асылы.  
Тәуелсіздік – сақталар саналарда,  
Тәуелсіздік – көзімнің қарашығы.

## ҚАЗАҚСТАН – РЕСПУБЛИКАМ МЕНІҢ!

Толқынды бұйра жоталы белім,  
Шың-құзды шатқал, асқар тау легім.  
Сап түзеп қатар қол созған көкке,  
Тұрғандай тіреп аспанның өзін,  
Жер менен көктің жалғаған шегін,  
Қазақстан – Республикам менің!

Сағымды дала, сахара шөлім,  
Ақселеу, жусан, көкорай шөбім,  
Астында байлық, қазына кенін  
Бабалар қорғап келмеген тегін,  
Кең-байтақ ұлы, шегі жоқ жерім,  
Қазақстан – Республикам менің!

Сансыз көп өзен, көгілдір көлім,  
Мөлдір бұлақтар «көзім» дер едім.  
Шоршыған балық, шулаған құстар,  
Таусылмас, сірә, сенің берерің.  
Суыңмен көусар қандырған шөлім,  
Қазақстан – Республикам менің!

Сағынып кешті, самалды лебін  
Еске алар қарттар, тарқатар шерін,  
Саф ауаң жұтып кеңейтіп демін,  
Сайрандап жастар басатын желін,  
Сары алтын шуақ, саялы жерім,  
Қазақстан – Республикам менің!



Мыңғырған малым, жайқалған егін,

Аламын десем байлығым тегін.

Бейнетім – зейнет, ақталған терім,

Бақытын тапқан еңбектен елім.

Көтерген көкке жеңімпаз ерін,

Қазақстан – Республикам менің!



## БАБА ІЛІМІ

Көз жетпес көкжиегім – дала сағым,

Қалдырған несібесі бабалардың.

Дәл бүгін ойға алмасақ, ойланбасақ,

Белгісіз не болмағы болашағың.

Күн жетті қателерің өтелетін,

Тәуелсіз қазақ тілін көтеретін.

Сөзді суша сапырып іс бітпейді,

Нақты іспен тіліңді алға жетелегін.

Қайтарған қарсы келіп қарысқанды,

Шалқұйрық – шақ келтірмес жарысқанды,

Өзгені өз тіліне бағындырған

«Аң патшасы» дейді екен арыстанды.

Өтсе де қанша заман азаппенен,

Алашым табысқанда азат күнмен,

Танитыны рас қой күллі әлемнің

Қазақтың ұлтын қазақ тіліменен.

Кеудеде қыбырлаған жаны бардан,

Жәндіктен, әр алуан жануардан

Көрдің бе өзге тілмен табысқанын?

Ұлтыңды айтар болсаң, осыны ойлан!

Қорғаған қасиетті даланы бұл,

Ұрпағына қалдырған бабам ілім.



Ананың ақ сүтімен дарытқан жөн  
Баланың өн бойына ана тілін.

Тілімнің түйткілі көп неге деймін,  
Кемдігін де келмейді тере бергім.  
Әрбір ұлтты биікке көтеретін  
Өзінің тілі ғана – білетінім.



## ӨЛІАРА

Тас қалар тау мүжіліп, шөгіп ақыр,  
Көл қалар бұға айналып, шетсіз тақыр.  
Бірі кеп, бірі кетер бұл жалғаннан  
Күнәсіз, күнәні артып шексіз пақыр.

Мөңгілік деген Кеңес солды құрып,  
Бостандық, теңдік, еңбек болды ұмыт.  
Бастан жақ айырылды, жалғау қиын,  
Қазақтың ымырасы соңғы үміт.

Біреулер өткен күнін сағынып жүр,  
Біреулер ойға батып сабылып жүр.  
Біреулер келген сәтті пайдаланып,  
Базарлап баю мақсат, ағылып жүр.

Біреулер бұл қалай деп таңғалып жүр,  
Біреулер қорек іздеп сандалып жүр.  
Біреулер төрдегісін төре санап,  
«Бір көмек берер ме?» деп малданып жүр.

Біреу мез өткеніне күндік жалған,  
Біреудің еңбегіне сыйлық арман.  
Біреулер ел қамы деп еңіресе,  
Біреулер жолын тауып билік алған.

Біреулер сана-сезім саралап жүр,  
Біреу жүр қара таппай қаралар бір.



Біреулер түлкі бұлаң, қоян жыммен  
Көкениң көлеңкесін сағалап жүр.

Күн зырлап күн артынан өтіп жатыр,  
Тағдырдың тауқыметі жетіп жатыр.  
Жаратқан жазғанына мойынсұнған,  
Кезегі келгендері кетіп жатыр.

Тірлікте тіршілік заң бекіп жатыр,  
Өр пенде әрбір амал етіп жатыр.  
Кездесіп өлмегенге өлі балық,  
Кеңестен қалған мұра жетіп жатыр.

Қорқамын жел сөз бенен желеңдеуден,  
«Елімде байлық тегін, берем» деуден.  
Қалмасақ болды кейін тыр жалаңаш,  
Жалаң бұт, жалаң аяқ, желең кеуден.

Жол бастар Елбасы бар адамдыққа,  
Көз тікпес көрінгенге, надандыққа.  
Салт-дәстүр, туған тілін сақтап қалып,  
Сенейік кенелер деп халқым баққа.



## ШАРАСЫЗДЫҚ

Ойлап тапқан демократияны, мен білмеймін,  
қай халық?

Барар жерді білмей қалдық, әр нәрсеге алданып.  
Байқайсың ба, біздің завод бара жатыр күн сайын  
«Душегубка», «нервотревка», «крематорияға»  
айналып.

Қайда барсаң Қорқыт көрі, қайда барсаң бір қыспақ,  
Жұмыс бөрі «аварийный», жан-жағыңнан  
тұр қыстап.

«Жаны сірі қалар тірі» дейтін ойы бар ма екен,  
Таусылмайтын «эксперимент» жатыр бізді  
жанышптап.

Ай бойына ақ тиындай зыр қағасың дөңгелеп,  
Саған-дағы, маған-дағы жақсы өмір, өң керек.  
Ал нарядты жабар кезде қаптап кетіп «жиендер»,  
Көзге өздері көрінбей-ақ, тапқаныңды тең бөлед.

Содан кейін сен де өзіңше жолын тауып аласың,  
Аш қалмасқа амалсыздан ұрлыққа да барасың.  
Алған айлық, майлық түгіл, шайлығыңа жетпейді,  
Ұрламасаң үй ішінді енді қалай бағасың?

Шүкір, тәуба, жұмысым бар, бетегеден биікпін,  
Десем-дағы ақ жолына әуел бастан берікпін,  
Ақталатын ұрлық жасап жүргенімді білемін,  
Аштан өліп қалмау үшін бала-шағам, сүйіктім.



Өтер бәрі, кетер бәрі уақытқа еленіп,  
Жем болған да, жем қылған да тұрар бір күн теңеліп.  
Шарасыздық бізді солай салып жатыр әр қырға,  
«Құдай өзі кешіреді» дегеніне сенелік.



## НЕНІ АЙТАЙЫН?

«Ел үшін еді бұрын жазғаның көп,  
Сөздерің көңілдерге тиетін дөп.  
Біраздан көрінбедің газеттерден,  
Неліктен кейінгі кез жазбайсың?» – деп.

Бір досым сауал қойды маған солай.  
Тілеулес болып жүрер адамдар-ай.  
Айтайын ба құбылған мына заман  
Маза бермей жүргенін жаныма ұдай?

Айтқанда нені айтамын, өткенді ме?  
Қиял боп қалып, іске аспай кеткенді ме?  
Досты ма мансабы ірі менсінбеген,  
Бағынған ағаны ма өктемдіге?

Нені айтам, ірінің осалды жылатқанын ба?  
Сыры көп өмірдің бұралаң сұрақтарын ба?  
Мансапқор пенделердің қызғаныштан  
Құлагерімді ор қазып құлатқанын ба?

Біреулер жүр алшандап күймеменен,  
Алды-артында қошемет үймелеген.  
Ал біреуде адам жоқ жол сілтейтін,  
«Жүнді білек» тағы жоқ сүйрелеген.

Біреулер жүр біреудің көлеңкесін қалқалап,  
Біреулер жүр жетесізді жеткізсем деп арқалап.

«Біреуі» жоқ, сенетін арқа сүйер тірегі жоқ  
Біреулер жүр қалған өмірін орталап.

Қарап тұрсаң маза жоқ шыбын жанға,  
Қу жалғанды меңгеру қолда барда.  
Мансап, атақ, даңқ үшін барын салған  
Бірі қасқыр, қу түлкі, бірі қарға.

Есек жүр «Мен арғымақ тұлпармын!» деп,  
Қарғалар қарқылдайды «Сұңқармын!» деп.  
Шын бұлбұл, сандуғаштар ескерусіз,  
Қиялдар «Түбінде бір шырқармын...» деп.

Жан салып біреуінен бірі қалмай,  
Жарысқан өңкей пысық тыным алмай,  
Құрғақ сөз, шолақ ойлы кеудемсоқтар  
Мінбелерден түспейді ұлылардай.

Өзінше елдің қамын ойлағансып,  
Жалмауыз, жезтырнақтар тоймаған түк.  
Бойына бар байлықты жинап жатыр,  
Беріліп бейберекет ойға мансұқ.

Болады жаны күйген күйінбеске,  
Мәз болып жырқылдайды сүйінбеске.  
Қалайша жүрек шіркін езілмесін  
Ер ез боп, жылпың сынап күйін кешсе?!

Маңайда жалған сөздер, жалған қылық,  
Баршаны табындырған алдамшы үміт.

Көк езу мықтымсынған кейбір қулар  
Мықтының қолтығына алған кіріп.

Қарайсың сенімің жоқ бөріне де,  
Жазылмас жара ма деп төніне, елге.  
Таба алмас оның емін әулиелер,  
Жаза алмас жан ашыған дәрігер де.

Сездірмей сыртқы көзге салқын қабақ,  
Боласың өзінді алдап жарқылдамақ.  
Бәрібір ненің қара, ақ екенін  
Данышпан халқым өзі аңдап алмақ.

Батпаққа батырмасаң ар, сананы  
Дүниенің ең асылы сол болады.  
Арамнан жиған тиын, қымбат бұйым  
Ешкімге, сірә, жолдас болмаған-ды.

«Қақаған аяз кетіп, жаз да келер.  
Өткінші жауыннан соң жер де кебер».  
«Мың асқанға – бір тосқан» дейді және,  
Орнына қояр бөріні Алла шебер.



## БАҚЫТ ҚҰСЫ

Бұл дала  
Тәуелсіздік жолында не көрмеген,  
Не көрмеген,  
Ел шұбырып ғасырлар нөкерменен.  
Нәубет жылдар қайғысы, қасіреті  
Әлі күнге ашылып өтелмеген.

Қатталған  
Қатпаршақтың қараңғы қатпарынан,  
Қатпарынан,  
Жасырын сыр сығалап жақпарынан,  
Ішіне әлі жатыр сырын бүгіп,  
Шыға алмай Отырардың қақпанынан.

Кеш мені  
Есімің егеменде еленбесе.  
Еленбесе  
Ұмыт боп есіл терің, белең неше,  
Жазар едім, бірақ көбі көлеңкелі  
Мен тыңдап естіген сөз, елең неше.

Бақыт құс –  
«Төңір сыйы – тәуелсіздік» – мақтанышың,  
Мақтанышың,  
Аралап тапқан мәуе бақтан ішін.  
Берілген бейнетпенен зейнетіңе  
Адамзат ар-ожданын сақтау үшін.



Үшпасын  
Қолға қонған бақыт құсың,  
Бақыт құсың –  
Қонбайтын қайтып қолға жақұт пішін.  
Аялай біл, сонда ғана әлемге қадірлісің,  
Бағасын бағаласаң бақыттысың.

Қолға қонған бақыт құсың,  
Бақыт құсың –  
Қонбайтын қайтып қолға жақұт пішін.  
Аялай біл, сонда ғана әлемге қадірлісің,  
Бағасын бағаласаң бақыттысың.

Қолға қонған бақыт құсың,  
Бақыт құсың –  
Қонбайтын қайтып қолға жақұт пішін.  
Аялай біл, сонда ғана әлемге қадірлісің,  
Бағасын бағаласаң бақыттысың.

Қолға қонған бақыт құсың,  
Бақыт құсың –  
Қонбайтын қайтып қолға жақұт пішін.  
Аялай біл, сонда ғана әлемге қадірлісің,  
Бағасын бағаласаң бақыттысың.

Қолға қонған бақыт құсың,  
Бақыт құсың –  
Қонбайтын қайтып қолға жақұт пішін.  
Аялай біл, сонда ғана әлемге қадірлісің,  
Бағасын бағаласаң бақыттысың.

Қолға қонған бақыт құсың,  
Бақыт құсың –  
Қонбайтын қайтып қолға жақұт пішін.  
Аялай біл, сонда ғана әлемге қадірлісің,  
Бағасын бағаласаң бақыттысың.

## ҚАРЫШТА ҒАРЫШҚА

Адамзат көкке көптен көзін тіккен,  
Бір ғажап өмір бар деп өзін күткен.  
Ертегі қиялдары соған дәлел,  
Астына сиқырлы ұшпа кілем мінген.

Толғанып болжа терең болашақты,  
Ертеңгі ел басына қонар бақты.  
Бағытым – бақыты де туған елдің,  
Қиялдың құсы жетіп қонар нақты.

«Қалмасын қалтарыста кешен далам,  
Жазамын жауырларын» десең, балам,  
Білім ал, білікті бол, ғылымды ойла,  
Өйтпесе болашағың болар қараң.

Жалғанның жүгі арқада, мол сынағың,  
Ақтаса жолаушының жол құмарын,  
Артыңда атың қалса айта жүрер,  
Өмірден өткеніңде сол жұмағың.

Сан ойшыл өмір сарқып сан ғасырлар,  
Көп белгі қалдырыпты таңбасы бар.  
Бір ойды бір ой қозғап бір кездері  
Біреудің бақ жұлдызы жанбасы бар.

Белгілі біреу бір күн ақтарары  
Ғұлама ғалымдардың хаттағанын.

Бір кезде, бір жылдары бір жұлдызға  
Өйтеуір бір керуен аттанары.

Жиып ап игі жақсы қастарыңа,  
Ақ сәлде неге орадың бастарыңа,  
Ақсақалдық танытып, ақыл қосып  
Жол сілтей алмасаңдар жастарыңа?

Ойға алып көзіңді сал ғарышыңа,  
Көгіңе, қол жетпейтін алысыңа.  
Керемет келешектен қапы қалма,  
Бір күндік мәз болам деп табысыңа.

Ол күндер алыс емес, асыға біл,  
Өнерді өзгелерден асыра біл.  
Күтіп тұр ғарыш бүгін қонақтарын  
Білімін басқалардан асыратын.

Арды ойла, келтеленбей, арды сына,  
Сыйынған сенімді бол Барысыңа.  
Болашақ барға сенсең, бақыт алда  
Қазақты шығар биік ғарышыңа.

Өркімнің өз қаны бар, таза заты,  
«Ұлтым» деп ұмтылатын азаматы.  
Жаратқан жарық күнін сөндіргенше  
Өмірден өшпек емес «Қазақ» аты.

Ең алғаш Жер бетіне, ойлап көрсең,  
Пайғамбар Адам Ата – адам келген.



Сондықтан айыбы жоқ деп ойлаймын  
Ең алғашқы адамды қазақ десем.

Адамзат көзін көңілең көзім тіккен,  
Қарасам ана тілдің ғажабына,  
Бір ойымнан бір ойым озады ма?  
Адам Ата кезінен әлі күні  
Адамды адам дейтін қазақ қана.

Адамзат көзін салып алыстарға,  
Білімі күннен-күнге қарыштауда,  
Қоныстанар болса егер күллі адамзат,  
Бірінші боп барармыз ғарышқа да.

Мейір жоқ бұрынғыдай, қабақ қату,  
Қай елдің өнегесі, Құдай білсін,  
Құл жалдау, іштен шыққан бала сату.

Бар малын жиған аздап епті шапты,  
Ауылдан қала босып кетті, қашты.  
Бойына қоң біткендер елін сатып,  
Оларға шетелдіктер құшақ ашты.

Бартерге орын бердік, барымта қап,  
Заманың жолдан елді жаңылдырмақ.  
О, Тәңір! Өзің жар бол қазағыма,  
Арайлап ату үшін алтын шапақ.

Қараштың қысығын жерге,  
Білім – елге сүйрегің ерте.



## ЗАМАННЫҢ ЖЕЛІ

Жүретін шөбін шауып, малын айдап,  
Қазақтар ұрпағының қамын ойлап.  
Қаңғырды дүниенің төрт бұрышына,  
Мал сатып, сауда жасап, елім-айлап.

Таппаққа таңдық пайда, ұтымды мал,  
Қаңғырып кетті ері, құтырды жар.  
Бір шөлмек құны бүгін бір жылқының,  
Ақыры не боларын ойланыңдар.

Көбейді рәкет, киллер, адам ату,  
Мейір жоқ бұрынғыдай, қабақ қату.  
Қай елдің өнегесі, Құдай білсін,  
Құл жалдау, іштен шыққан бала сату.

Бар малын жиған аздап епті шапты,  
Ауылдан қала босып кетті, қашты.  
Бойына қоң біткендер елін сатып,  
Оларға шетелдіктер құшақ ашты.

Бартерге орын бердік, барымта қап,  
Заманың жолдан елді жаңылдырмақ.  
О, Тәңір! Өзің жар бол қазағыма,  
Арайлап ату үшін алтын шапақ.

Қараштың қысығын жерге,  
Білім – елге сүйрегің ерте.



## АҚЫЛ

Заман жаңа көтерілді белге,  
Заманға сай заң өзгерді елде.  
Өмір кешіп өліарада жүрміз  
Шешім іздеп сен де бүгін, мен де.

Табу қиын қызықпасты көлге,  
Бір жұтымсыз төзетінді шөлге.  
Болат шыдам, от жүректі кеуде  
Керек боп тұр қазіргі бұл күнге.

Ақылым сол кездескендер өңге,  
Көнесіндер кіргеніне шөңге.  
Жер бетінен дос таба алсаң жақсы,  
Алтын басты шығаратын төрге.

Өмір кілті, өңір кілті сенде,  
Құпиясын ашып, үйрен жең де.  
Азғантай күн қызық үшін ерме,  
Тексіз үйіп төккеніне теңге.

Құрт-құмырсқа жемес үшін көнде,  
Озам десең өзіңді өзің өнде.  
Өнер, білім шығарады шыңға,  
Жымысқылар жылтырына сенбе.

Қаратпайтын қысылғанда жерге,  
Білім – өгіз сүйрелейтін өрге.



Өміріңді соған ғана арна,  
Басқа жаққа көңіліңді бөлме.

Осы саған берер ақыл менде,  
Шекпенің де, байлық емес шен де.  
Білімің төмен болып қалған жерде  
Күнің түсер төрелерге төрде.

## АСЫЛ ӨСИЕТ

Ерте кезде оралыпты әкесі бір жорықтан,  
Емес екен өмірінде жауынан да қорыққан.  
Үйге келсе баласы отыр тостақ ойып қайыңнан,  
Сыңайы бар еңбек етіп, көп отырып зорыққан.

«Мынау бейнет қандай пайда беретұғын төнердей,  
Беріліпсің, балам, сонша өз ісіңе өлердей...» –  
Деп еді әке, жауап берді тұрса да ұлы қиналып,  
Ойдағысын амалы жоқ айту үшін бөгелмей.

«Бүгін жаспын, Алла жазса, мен де жетіп келемін,  
Шал боласыз, сіз қартайып, оған кәміл сенемін.  
Анам сынды ертең өзім өскенде,  
Саған да мен итаяқтан сарысу құйып беремін...»

Сөзін тыңдап тұрған әке қоя алмады ұлға мін.  
Ойладым деп жүре берген әр кез кезіп үй қамын.  
Осы екен-ау қазағымнан қалған асыл өсиет:  
«Өз басыңа келер, – дейтін, – атаңа не қылғаның».

## БІРЛІК БАСЫ

Тіл келер нәрестеге ата-анадан,  
Жеткізген осы тілмен ата-бабам.  
Қазақты бар әлемге паш еткен де  
Осы тіл тарап жатқан сахарадан...

Не себеп көрінгенге табындырған,  
Анасын, ана тілін, арын қиған.  
Бабалардың аруағы кешер ме екен  
Тіл үшін болып кеткен жаны құрбан?

Бүгінде өнім ащы, жырым қатты,  
Жанымды тіл тағдыры шырылдатты.  
Басқа тілді төбеден түсірмей жүр  
Билікке таласқандар діні қатты.

Асқынды айғайшыдан жауырларым,  
Су қылған сылдыр сөзбен сауырларын.  
Бірлік қып, алдын ойлар, ақыл қосар  
Қайдасың, қаны таза бауырларым?!

## НЕГЕ «ЖҰМЫС ЖОҚ» ДЕЙСІҢ?

Бұл күнде күшке түсті оқу-білім,  
Табу да, үйрену де оқулығын.  
Балалар бақшасынан бастап ақша,  
Ғылымды талдау – арман, оқу – шығын.

Елімде пайда болды жұмыссыздар,  
Ертемен көше бойлап тұратындар.  
Көрмегенді көзіміз көріп жатыр,  
Капиталист елдерге күліп нем бар?

Жиғанша таңнан тұрып түсті металл,  
Заманға лайық іс жасауды үйреніп ал.  
Таратпай бет-бетіне ел байлығын,  
Қажетке жаратарлық іске бет ал.

Дұрыс па осылайша жүретінің?  
Аз пайданы араққа ішетінің?  
Шет елге, білесің бе, өткізгеннің  
Қаншалықты қымбатқа түсетінің?

Алпауыт, алыптары шет елдердің  
Білсең ғой бізді ешқашан көтермесін.  
«Өз бақытың әрқашан өз қолыңда»  
Дегенді қалай ғана бекер дейсің?

Іздегенге жұмыс көп, бірігіңдер,  
Серік болсын жаныңа сенім, жігер.  
«Жұмыссыз» атанғанша, көсіп етіп,  
Дәулетін халқымыздың көтеріңдер.

## САЙЛАУШЫҒА

Қазағым, қанша ғасыр жүрдің жылай,  
Қол жайып көрінгеннен көмек сұрай.  
Бір кезде бұлт арылып, күн шығыпты  
Үш жүзді билегенде хан Абылай.

Анаң бір, алты Алашта атаң біреу,  
Берілген бірлігіңе батаң біреу.  
Ұрпағы Адам Ата бір тұрған соң  
Жерінде Қазақстан Отан біреу.

Тарпаңдап тентек торы әр қияға,  
Ес кетіп, ерді аударма тар қияда.  
«Бұралқы ит қарны тойса қабар» деген,  
Бөлшектеп, бөлмексің бе партияға?

Сайтан көп жан-жағыңнан үріп тұрған,  
Дос жылап, дұшпаның бар күліп тұрған.  
Атыңа қазақ деген кір келтірме,  
Астына бір аспанның сыйып тұрған.

Бұл сөзді есте сақта өсем десең,  
Ауырма бөлінетін кеселменен.  
Қазақстан біреу ғой жер бетінде,  
Керегі біздерге де бір-ақ көсем!

## АЛЛА ҒАНА ШЫН ШЕБЕР

Артық кетсем, Жаратқан, өзің кешір.  
Ат айдаушы адаммын көңіл көсір.  
Мұсылманмын, иманға сенім көміл,  
Өзге бөлек ойым жоқ дінге кесір.

Көрген жан жоқ Алланың суретін,  
Жүрісін, әйтпесе не отырысын.  
Жүрегімен сезеді барлық пенде  
Жаратушы барлығын, құдіретін.

Ерекше десін деумен өзін ғана:  
«Мен көрдім, – деп, – Алланың жүзін дара...» –  
Елді арбайтын есалаң кұнаһарлар  
Шығып жатыр, не дейсің осындайда?

...Өз бетімен ештеңе таралмаған,  
Жоқтан бары ешқашан жаралмаған.  
Қүдіреттің болмаса әсер күші  
Жан-жануар, табиғат, тарар ма адам?

Кітап ашқан, қазбалап парақтарын,  
Аз ғұмырда ат құған далақтарын,  
Шебер болса таппай ма алдыменен  
Не жұмыртқа, не тауық жаратқанын.

Әр ғаламның өз алды ғарышы бар,  
Жақыны бар, біз білмес алысы бар.

Дәулетің қалыңдығың көтеріңдер.

Он сегіз мың ғаламды жаратты Алла  
Күн жолдары секілді бағыты бар.

Кетіпті қалың бір ойға  
Тақ туған Ұлы Тәңірім,  
Әлемнің бәрін жаратып,  
Жүргізген соған өмірін.  
«Ғаламға шырақ тараттым,  
Реттеп жолын бөрінің.  
Жетпей тұр, сірә, Шоқ жұлдыз,  
Айы бар, Жері әрі Күн».

Деді де көкке бекітті,  
Келтіріп сұлу келбетін.  
Тау, суы, ауа ғанибет,  
Жайнатты жасыл жер бетін.  
Тіршілік, тірлік көзіне  
Жан біткенде Жерге енді  
Болады депті ие кім?

Су құйып әсем қалыпқа,  
Илепті саздан мүсінді.  
Қиыршық құм мен тас қосып  
Келтіріп келбет пішінді.  
Кептіріп сұлу порымды,  
Қалыптан жерге түсірді.  
«Суф» деді де жан берді,  
Жандандырып ішінді.

Тас салғанда сан түрлі  
«Тастай берік бол» депті,  
Құм қосқанда қоспаға  
«Бауыр болсын мол» депті,  
Сазды илеп жатқанда  
«Бірлік болсын жол» депті,  
Су құйғанда бойыңа  
«Имандылық сол» депті.

Жаратқан Жанға ат қойды  
Жарасымды етіп «Адам» деп,  
«Мәңгілік атың өшпесін  
Мынау бір ұлы қадам» деп,  
Жердегі барды сыйлапты  
«Сыбаға енді саған» деп,  
«Сақтай біл мәңгі мойныңда  
Қарызың бақыт, бағаң» деп.

«Жаралған соң пенде боп  
Жалғыздық саған жараспас,  
Серік керек қалайда, –  
Деп, – жан ашыр, жан асқан»,  
Адамнан алып қабырға,  
Жонғандай ғып ағаштан,  
Хауа Ананы жасапты  
Гүлдей нәзік, сәні асқан.

Алла адамға керік пен нұрын берген,  
Сана-сезім, ми жалғап жұлын берген.

Жаман, жақсы айырар жанар сыйлап,  
Өзі ғана алатын Жан кіргізген.

Тәңір куә өмірге келеріңе,  
Келгеннен соң көнесің көреріңе.  
Пенде шебер бола алмас Құдіреттей  
Шек келтірме Алланың дегеніне.

Фурқанды оқы жазылған Сахих хадис,  
Мұстафақун алайһ, мәзһабқа түс.  
Сәлафтардан сабақ ал көпті көрген,  
Ас-сифатул-хабария білген дұрыс.

Үш мақсатқа мұсылман сапар шегер:  
Азық жинау ақыретке – бірінші өнер,  
Екінші – сауап жинау өлгеніңше,  
Үшінші – баянды өмір көңіл бөлер.

Фатиха – дертке дауа қиналғанда,  
Ясин – қажет қинап жиналғанда,  
Қаражат қат болғанда Әл-Уақиха  
Сүресі пайда берер миланғанға.

Алланың ешкім білмес кім екенін,  
Ол Өзі білер кімді кім етерін.  
Жалғанда ақ адал бол, сыйын Оған,  
Барарың Соның алды, түп мекенің.

## ҚҰЛАМАЙ МА БӘЙТЕРЕК?

Діңгегі берік, тамырдың сорған сөлін жеп,  
Бұтағы – бауыр, жапырақ – ұрпақ, өмір деп,  
Құшағын жайған, бойлаған биік еңселі,  
Жер-Ана біздің секілді бейне Бәйтерек.

«Адамдар соны жан жүрегімен сезсе» деп,  
Ойларға терең омалып кейде кетем көп,  
Қанша заманға, Жер-Ана, жетер екенсің,  
Қойныңды күнде жатырмыз қазып, төпелеп.

Тойымсыздықпен қазына, байлық тоналып,  
Бәйтерегімнен жатырмыз, шүкір, нәр алып.  
Бүгінді ғана ойлай берместен, ертеңгі  
Келешек атар таңдарымызға да қаралық.

«Жыл өткен сайын қашты ғой құты даланың...»  
Ағайын мұны етіп жүр жиі уайым.  
Бәйтерек шіріп құлайтын болса, кім білсін,  
Сол шығар, бәлкім, әлгі бір ақырзаманың.

## ҚОЛДАУ ПАРЫЗ ЕЛБАСЫН

(«Қазақстан – 2050» бағдарламасы  
жарияланғанда)

Ел сенімін ақтаған  
Қысылғанда шын халық,  
Бар әлемге паш еткен  
Түрен салып тыңға нық,  
Жауап берген жалтармай  
Ауыр салмақ сынға анық,  
Елбасының жаңадан  
Жолдауын біз тыңдадық.

...Бір кездері, білеміз,  
Жасырмақ боп жалғанын,  
Жұмақ деген жетпіс жыл  
Қандай лаң салғанын.  
Аты шулы Кеңестің  
Арты ашылып қалғанын,  
Елбасымыз бел байлап  
Бар салмақты алғанын.

Қайтсем ойын табам деп  
Қаңғып қалған халықтың,  
Өкелді елге не түрін  
Жан көрмеген нарықтың.  
Инвесторлар жинады  
Ойлап түнде, барып күн,

Ел Ордасын өзгертті,  
Зеулім құрылыс салып мың.

Бір ошаққа от жағып,  
Қомақтады жан-жағын,  
Сан ғасырлар халықтың  
Орындауға арманын.  
Құраннан ап түшнұсқа  
Жасап заңның тармағын,  
Ойы жетпес талайдың  
Шайнаттырды бармағын.

Өсіруге үнемді  
Бизнесті дамытты,  
Бөсекені қыздырып,  
Шарықтатты шабытты.  
Қызықтырып эксперт  
Бағалатты нарықты,  
Жігерлі жас жандарға  
Бар сенімін салыпты.

Жөнге келді шаруа  
Кешегі күн кетелген,  
Өнім алсаң өсіммен  
Өз дегенің өтелген.  
Бүгін, міне, таныспыз  
Жан білмеген бөтенмен,  
Байланыс та жақсарды  
Алыс-жақын шет елмен.

Көңіліміз орнықты  
Көз салғанда өткенге.  
Көп шаруа олқы еді  
Кеше түйе шөккенде.  
Мәз боламыз бұл күнде  
Бүйрек шығып бөккенге,  
Басып оздық көп елді  
Жиырма жасқа жеткенде.

ОБСЕ-ні Елбасы  
Елаға боп басқарды,  
Көршілермен қатынас  
Жолға түсіп, жақсарды.  
Мұсылмандық қоғамның  
Жолын алдық жоспарлы,  
Беделіміз бір төбе  
ООН-да да асқарлы.

Қызығар көз талдырып  
Көршілер ұяласыңа,  
Керуен ақты шегі жоқ  
Алатау қия басына.  
Естелік боп мәңгілік  
Елдің көрі-жасына,  
Бар әлемнен жиналды  
Азия Олимпиадасына.

Маңдайыңа қадалған  
Тазартқаны шөңгені –

Қайсарына қазақтың  
Еш кәмілсіз сенгені.  
Жеріміз бай, бас аман,  
Қара түнек төнбеді,  
Инфляция беті аулақ,  
Тұрақтаттық теңгені.  
Өлжуаздан, әлсізден  
Әлем билер шықпайды,  
Тау бұзарлар тас, емен  
Тажалдан да бұқпайды.  
Болса бойда нар қуат  
Білім, білік нықтайды,  
Денсаулығы зор халық  
Ешкімнен де ықпайды.  
«Жастар алар болашақ  
Қол жетпеген қияны,  
Түйсікпенен түсініп,  
Жаңа технологияны»  
Деп Елбасы нығарлап  
Айтты сөзді миялы.  
Жаңалыққа жаршы бол,  
Үдет инновацияны.  
Тіл таппасаң өзгемен  
Өтер өмір, жыр текке,  
Жүрек сырың жетпесе  
Арта аларсың кімге өкпе?

Өзге тілден көп білсең  
Беленерсің құрметке,  
Барлық елдің тілін біл,  
Өз тіліңді құрметте.

Алапат мына дүние,  
Соғыссыз адам қаны аққан,  
Жағалай қылмыс қым-қуыт,  
Есірткі ессіз таратқан.  
Террор деген жау шықты  
Қойныңда жатып оқ атқан,  
Жағаңа балаң жармасты,  
Қызың алып балақтан.

Тағдырым бірге еліммен,  
Тәуелсіз, тәубе, таңы атқан,  
Төңірге мен де табынам,  
Алмандар алқым, тамақтан.  
Сары майдан қылды суырып  
Сан жерден жидым, сабақтан,  
Еліме дауа берсін деп  
Алладан тілеп жаратқан.

Жанымда жүрген жарандар!  
Құлақ сал сөзге жер емген,  
Жаратқан өзі жар болсын,  
Бастадым бұлдыр белеңнен.  
Тағдырым бізді тең еткен  
Бөлінбеймін сенен мен,  
Алланың ісі – құдірет  
Түсінген жанға тереңнен.

Жиырма жылдық жорықта  
Ойынан халық шықты деп,  
Денсаулығы ел жүгін  
Көтеретін мықты деп,  
Қорықпайтын қатерден  
Жүрегі оның түкті деп,  
Референдум жасадық,  
Қалың қауым шықты көп.

Келді бізге жарыса  
Бар әлемнің марқасы,  
Қазақ атын таныса –  
Елбасының арқасы.  
Жаңа әлемге ән қылып  
Еткен елін жетілген,  
Кетпейсің бе айналып  
Тұңғыш Президентіңнен!

Сенген елі сенімді,  
Буу керек белеңді,  
Екі еттірмес тілегің,  
Елбасың бар кең үнді.  
Жылдар жылжып, ақса күн  
Орындауға мақсатын  
Қолдау парыз Елбасын!

## АТАДЫҚ БІР КӨШЕНІ...

*(Ауғанстан жерінде ерлікпен  
қаза тапқан бауырым  
Ғибадат Құтыбаевқа арнаймын)*

Өмір бар бір берілген саған, маған,  
Ал адам қалғу үшін жаралмаған.  
Жігітке қажет кезде ерлік қажет,  
Сол ерлік өзің болдың алаулаған.

Қаймықпай қиын кезде отқа кірген,  
Жауың да үрейленген жоқ па бірден.  
Ел-журтың ерлігіңе риза болып,  
Атыңды Қазақстан жатқа білген.

Көз көрген бауырым ең бесігіңнен,  
Тұратын ерлік қарап есігіңнен.  
Еске алып жүрейік деп сені мәңгі  
Атадық бір көшені есіміңмен.

Табынар, естір құлақ сүйе тындар,  
Ақындар, ерлік жайлы жыр оқындар.  
Жақсылық сол көшеден тарап жатсын,  
Бәйшешек сол көшеде гүл атындар.

## ЕРЛІГІҢ МӘҢГІ!

(Ел байлығын қорғауда қапыда от құшағына  
оранып қаза болған сыныптас досым  
Толқынбек Бекмағанбетовтің  
аруағына арнаймын)

Қасиетін жоғалтпайды  
Мақтаны елдің төс қағар,  
Мәңгі есінде елес болып  
Ерлік толы көш қалар.  
Ештеңе де ұмытылмас,  
Ешкім де оны ұмытпас,  
Ерлік істер есте қалар  
Елің барда еске алар.

Еткен ерлер бәрін құрбан  
Ойда жүрген, қырдағы,  
Отан үшін жанын қиған  
Миллиондар, мыңдары.  
Сол ерліктен қайталанбас  
Өшпес мәңгі із қалды,  
Толқынбек те соның бірі,  
Бейбіт күннің құрбаны.

Жүрген жоқпын кернеп кеуде  
Жазу үшін әріп көп,  
Өткен істі өрнектеуге  
Өлең сөзбен дәріптеп.

Әр жыл сайын дәстүрлі күн  
Жалғас тапсын деп жаздым,  
Есіне алсын ерлік ісін  
Толқынбектің халық деп.

Қайталанар қайырмалы  
Қыстың қамы жылдағы,  
Мал өрісте, жаны жайсаң  
Ауылдардың мұндағы.  
Егін қаулап ен далада  
Дән көгерген көктемгі,  
Кез еді бұл келер жылға  
Дайындықтың сындары.

Совхоздарға сан-сапалақ  
Маусымдық іс жүктейді.  
Ауыр ма ол, жеңіл ме ол,  
Қарамайды жүк мейлі.  
Табиғат та тамылжыған  
Тамашасын сыйлаған,  
Өз ісіне өзі қожа,  
Үлгермесең күтпейді.

Шабындыққа орақ түсіп  
Жатқан шөпті жапырып,  
Қаңтар, ақпан келгенде үсік  
Беретұғын сапырып,  
Орасан іс көз тоярлық  
Атқарылып жатқан кез,  
Жоғарыға жолдау үшін  
Ақпар толы тақырып.

Кетпесін деп кеміс жері  
Келелі істің кетеуі,  
Өнім алса – жеңіс белі  
Өрелі істің өтеуі.  
Алда талай қауырт науқан  
Бар екенін ойға алып,  
Тұрған еді жоспар құрып  
Дауылбай мен екеуі.

Келетіні қауіп-қатер  
Қаперде жоқ қайдағы,  
Бұлт оралып көктен түсер  
Кім ойлаған найзаны?  
Орақшылар алыс жүрген  
Сақадай сай сайманы,  
Маужыраған бар төңірек  
Жаз күні еді жайдары.

Бұлт оралып, күн күркіреп  
Атты дейсің найза мың,  
Отқа орады шабындықтың  
Ат шаптырым аймағын.  
Ойланатын кез емес бұл,  
Төбелесте тұрыс жоқ,  
Тілсіз жаудың екеуіне  
Сезді түскен салмағын.

Тракторист, бригадир  
Дауылбай мен Толқынбек,

Патриоттық сезімменен  
Өскен жігіт «халқым» деп,  
Ел байлығын жатқан жалмап  
От құшаққа қимады,  
«Кетсем жағып малға азық,  
Қайда берген антым?!» деп.

Бетке алып тракторды,  
Машинаға ұмтылды.  
Мақсат біреу, жақсы ат тілеу  
Өрт сөндіру «сиқырлы».  
Отты ұратын киізді алып,  
Ойлы-қырлы жерменен  
Жолын қуып, жалынды ұрып,  
Өртке кірді, жұлқынды.

Орағытты оң мен солын,  
Бой көрсетіп көнбейтін,  
Жалындаған жалын тілі  
Сескендіріп, сөнбейтін,  
Тұншықтырды кеуде қысып,  
Көзді ашытты түтіні.  
Дегендейін «Осал жауың  
Мен емеспін, жеңбейтін».

Толқынбек те осал жерден  
Шыққан жігіт емес-ті,  
Ермағанбет әкесі оның  
Алған Берлин белесті,

Нағашысы Қара Қыпшақ  
Қобыланды, Тілеулі,  
Арғы атасы Бабыр батыр  
Келелі еткен кеңесті,

От жалындап машинаға  
Бара жатыр сумаңдап,  
Жел де ұйтқып көтерілді  
Үрлеп отты, тұрған сап.  
Алай-түлей бар дүние,  
Қарып жалын барады.  
Күйген киіз қолындағы,  
Сулап алған буған қап.

Жанталасып жаналқымда  
Өрттің алдын сөндірді.  
Дауылбай да арғы бетте  
Тілсіз жауды көндірді.  
...Бірақ, бірақ бір-біріне  
Қол жалғату мұң болды,  
Адам дерлік өн бойы жоқ  
Өрт өзгерткен өндірді.

Денелерде сау-тамтық жоқ,  
Күйген тері күлдіреп,  
Жабысқан шаң, күл менен шоқ  
Ашып барады үлдіреп.  
Ет қызумен білінбепті  
Екі жақта жүргенде,

Жан қысылды, жаңа сезді  
Көзден жасы мөлдіреп.

Бас айналып, ыстық қарып  
Оттай дене жанады,  
Бар дүние қызыл жалын,  
Шыр айналып барады.  
Шақыруға бірін бірі,  
Қол бұлғауға дәрмен жоқ,  
Жатқанында жансыз дене  
Көзі шалды қараны.

Жан ұшырып келген жетіп,  
Киіз байлап сырыққа,  
Інісі екен, ойламаған  
Кездесем деп былыққа.  
Жанған дене, жан тәсілім,  
Тыңдар емес ештеңе...  
«Апар, – дейді, – суы суық, –  
Есі кетіп, – құдыққа...»

Жеткен екен елге дерек,  
Тілсіз жаудың сойқаны,  
Жетті келіп жедел көмек  
Суыр шақта бой қаны.  
«Шыда, шыда, қуаныш бар,  
Шыда, – дейді, – Толқынбек,  
Ұлың келді дүниеге  
Үйінде үлкен той қамы...»



Уайымда ауыл-аймақ,  
 Үлкен, кіші бала да,  
 Тойға бөрін жатқан сайлап  
 Сойған тайды, тана да.  
 Амал қанша Жаратқанның  
 Жанға салған ісіне,  
 Екі арысты аттандырды  
 Қалаға ауруханаға...

Ұландары ед бір ауылдың  
 Бірге туған бауырдай.  
 Толқынбекті ажал құшты  
 Ауыз бармас, зәрі удай.  
 «Көз жұмғанша өн салды, – деп, –  
 Неше түрлі берілмей», –  
 Өлі күнге жыр қылады  
 Көзде жасы Дауылбай...

«Жігіт еді сегіз қырлы,  
 Бойында көп құдірет.  
 Естігендер әсем даусын  
 Ұмытпайтын бір рет.  
 Сол өнменен, сол сәнменен  
 Күліп жатып аттанды,  
 Мөңгілікке қалдырды да  
 Өшпейтұғын сурет...»

Тұнық досым, сыныптасым,  
 Лайықсың мақтауға,



Көрінер ме ең тірі жүрсен  
 Биік жұлдыз, бақ тауда.  
 Ұстаздарың өзің жазған  
 Естелікті сақтауда,  
 Елің-жұртың есіне алып,  
 Есіміңді жаттауда.

Осындайлар ұлы өмірге  
 Құштарлыққа жол ашад.  
 Қуат беріп нұр көңілге,  
 Көзге елестер дала шат.  
 Ақ көңілді, адал жанның  
 Елге арнаған өмірін  
 Еске алыңдар «ерлерім» деп,  
 Ұмытпандар, болашақ!

Ал, – депті, – көме жасап, тұқым жерден,  
 Келешек дәмү үлгісін ұрпақты, ерден.

## ОТАНЫМА ОДА

Биік тау, сахара шөл, дархан дала,  
Мал өрген ауыл – Отан, Отан – қала.  
Көк теңіз, көгілдір көл, көусар бұлақ,  
Көк майса, қалың орман – Отан-Ана.

Өркімге баға жетпес баспанасы,  
Бесігі бөбек – Отан бастамасы.  
Ес кіріп, елді ойлаған сәттен бастап,  
Баршаға ортақ Отан, астанасы.

Сол Отан ақ бесікте тербеп өстім,  
Әлдиден сездім селін елде көштің.  
От кешкен отты жылдар отаншылдар  
Бағдарым, бағыт ұстар сен деп өстім.

Ержете елге арнадым еңбегімді,  
Ер күші, білім-білік, тергенімді.  
Отаным көру үшін жемісіңді,  
Желісің, жетістігің, жеңгеніңді.

Еске алам әр кездері жиі бекем  
Әндерді заманауи күйі бөтен.  
Дауылға, от пен оққа дес бермеген,  
Сүйгенмін, Отанымды сүйіп өтем.

## ҚАНЫШ КӨККЕ КӨТЕРГЕН ҚАРСАҚБАЙДЫ

Бастайын бір әңгіме көбің білер,  
Жайында жаралғаннан төзімді Жер.  
Сенерсің, сенбессіңдер – өз қалауың,  
Менікі айту парыз өзім білер.

Бұл жайлар өте ерте болған дейді,  
Болмаған, ия мүмкін болған мейлі.  
Жер беті, естуімше, Адам Ата  
Алғашқы ұрпағына толған дейді.

Шек қоймай әуел баста Алла жасқа,  
Құмырсқа дерсің адам тау мен таста.  
Тумақ бар жерде өлім болмаған соң  
Тәңірім ойланыпты амал басқа.

«Ұрпаққа келер кейін жиып-терген,  
Несібе жетпейді, – деп, – сыйлық Жерден...»  
Ойға алып Хақ Тәңірі пайғамбарға  
Нұх деген мынандай бір бұйрық берген:

«Десек те адам – Жерге тірек пенде,  
Мынадай ой келіп тұр, тілек менде.  
Орта жас адамдарға бермей болмас,  
Сондықтан енді мақсат реттеуде.

Ал, – депті, – кеме жасап, тұқым жерден,  
Келешек даму үшін ұрғашы, ерден.

Қырық жыл қиындыққа қам жасағын,  
Топан су қаптатамын жауын-селмен...

Кемеге жасалынған қамдық белгі,  
Келешек көркейтуге сән қып Жерді.  
Алмапты ұрық, тұқым өсімдік пен  
Пайғамбар суда жүзген жәндіктерді.

Алыпты құрлыққа тән керектерін,  
Адам мен жануар, көк желектерін.  
Түсінер түйсігі бар пенде бұдан  
Су астын неге алмаған себептерін.

Болған соң пайғамбарда ерек білім,  
Жеткізген жетесіне дерек шынын.  
Қырық жыл еместігін аз уақыт  
Нәпсіні не үшін тыю керектігін.

Пайғамбар парасатты баптаныпты,  
Болашақ ойлап өмір бақ, қалыпты,  
Жұп-жұптап түрлі тұқым кемеге артып,  
Басынан Әулиетау аттаныпты.

...Шешіліп бір күндері сезім шідер,  
Құрлыққа жеткен екен төзімділер.  
Кемесін Қараспанға тастап шығып,  
Бастапты жаңа дәуір өмірді ел.

Ешқандай демес есті мұны жалған,  
Өмірдің өзгерісін Алла салған.

Қырық жыл жауған жауын, топан судан  
Өлкемде «Ақкөл теңіз» аты қалған.

Бір кездер көл тартылып, көк қаулаған,  
Құлпырған көз тоймастай сай мен салам.  
Топаннан, жерге сіңген шіріндіден  
Айналған бай өлкеге бетпақ далам.

Өмірде таңғаларлық ғажаптар мың,  
Жандығар бағын бір кез азаптардың.  
Астында барын біліп барлық әлем  
Қызыққан байлығына қазақтардың.

Алдымен алға ұмтылған ағылшындар,  
Пайдаға кенелмекке, байлықтан – бал.  
Олардан қалыспапты орыстар да,  
Табуға тегін жерден табысын бар.

Дөп түсіп кетіпті ісі дөңгеленіп,  
Кенелер кезін тауып кенге келіп.  
Қазақта малын баққан бөтен ой жоқ,  
Алыпты сатып жерін теңге беріп.

Мысқалдап тасып жатты әркім келіп,  
Мыс, жезін, күмісі бар, алтын бөліп.  
Өйткені біздің жерде кестесінің  
Бәрі бар тор көзінің Менделеев...

Жылжыған керуенге жайлап өтіп,  
Көз салып таңғалыпты ойға кетіп.

«Не болар, – деп бір бала, – арты кейін  
Шашылса байлық біткен жайға кетіп?»

Елестеп көз алдына алыс белең,  
Талапай, тынатынын табыс немен,  
Елінің ертеңіне ой жүгірткен  
Баласы екен Сәтбай Қаныш деген.

Жас Қаныш жүріпті көп терең ойда,  
Болған соң сезім, сенім, жігер бойда,  
Қазақты қазақ етер тегін байлық  
Игерсе құт болар деп түбі бойға.

Алуға Жердің сыйға беретінін  
Бір амал болу керек, сенетінің.  
Сәтбаев жүз ойланып, мың толғанып  
Түсінген білім ғана жеңетінін.

«Болашақ өсу үшін бағың жанып,  
Еңбек ет, терінді төк жаның салып,  
Тек кетпес терлегенің сонда ғана,  
Қаласың елің үшін барыңды алып...»

Деген ой мазалаумен білім алды,  
Көп тыңдап білімдіден ілім алды.  
Бағыт ап, бағдар шешіп баратұғын  
Жерін де жеті өлшеумен біліп алды...

Картаға Қазақстан салып көзін:  
«Жерұйық жер екенсің, – деді, – өзің.»

Астыңда қанша байлық жатыр тұнып,  
Малға-жай үстің майса мақпал бөзім.

Ақымақ емес екен халық аққан,  
Байлықтың білген ерте жерін жатқан.  
Қарашы, – деді сонда ол жолдасына, –  
Кіндігін Қарсақбай бай қалай тапқан?

Алюминий солтүстік-батысында,  
Ортасы тұнып жатыр қорғасынға.  
Шығыстың мысын алып мырыш қосса,  
Жез дайын қандай жаумен атысуға.

Жездіден алып асыл концентрат,  
Шойынға, құйма темір қоссаң құрап,  
Оқ өтпес нағыз брон шығар еді,  
Дес бермес снарядқа тұрар шыдап.

Тер төксең аямайды берешегін,  
Белеске шығарады Кеңес ерін.  
Көрсетер кереметін кейін талай  
Бұл Үлкен Жезқазғаның, келешегің...»

Ойына түсті оның өткендері,  
Қу дала, құм көшкіні, шөккен белі.  
Аз ғана қар суымен көгеретін  
Көкпегі, жусан, селеу көктемдегі.

Тобылғы, ойдым-ойдым қарағандар,  
Көк майса су арналы жаға маңдар.



Кезерген керуенде еріндері  
Көндіккен көші-қонға сан адамдар.

Тұрақтап көшпенділер бас қосқаны,  
Сөзіне сенгені – ердің бас жоспары.  
Салыпты поселкелер, фабрика,  
Тоғандар қаппен тасып тас тоспалы.

Болмапты шыдамаған осалы жан,  
Шет қалар Отан үшін қосарынан.  
Қаншама шақырымдық сапар шекті  
Түйемен тасып темір Жосалыдан.

Сым тартып, тоқтың құрған бағандарын  
Білер ме кейінгі ұрпақ бағаң барын,  
Арқалап, арба сүйреп, тас қопарып  
Шойын жол салғандығын табандарын.

Қаншама тауыса аларсың жазып жайды,  
Қуаныш, реніш те, болды қайғы.  
Мартеннен әлі есінде мыс ағызған  
Көргені Барбосынов Тәжікбайды.

Аяқта ағаш қалып, киіз байпақ,  
Қорыған сырты күйік мүйіз қалпақ.  
Үстіне дамыл-дамыл су құйғызып,  
Айырған от-жалыннан мысты шайқап.

Байқоңыр, Жезқазғанда жатқан тыныш  
Карьер, шахта ашылып мақтанды ұлыс.



Қазанның он тоғызы, ұлу жылы  
Қарсақбай мыс ағызды тастан құрыш...

Дос тапқан жанын қияр, сенетұғын,  
Қиналсаң қиын шақта келетұғын.  
Ұлты кім, ұлысы кім – қарамастан  
Таңдаған қазаққа тек сенетінін.

Жан-жақтан көрген кеше халқым қысым,  
Аштықты, репрессия азапты сын.  
Сұм соғыс, тың игеру, Желтоқсандар  
Көрсетті бар әлемге қазақ күшін.

Есінде елдің бүгін ерлік істер,  
Белеске жетелеген белді күштер.  
Солардың жалғасы боп жалғасуда  
Әлемге мәлім болған ендігі істер.

Сексен жыл өткен екен содан бері,  
Қолына алды билік, қоғамды елі.  
Кеңес те, керемет те билемейді  
Тәуелсіз, тәуба, бүгін болған-ды елі.

Демеймін тарих бізден алшақтайды,  
Жаңарар жарқын істер жазсақ жайлы.  
Мерейтой құтты болсын, ағайындар,  
Көтерген Қаныш көкке Қарсақбайды.

Ерлігі ерлерімнің өшпек емес,  
Мақтаныш көз алдында көшкен елес.



Байлықтың бағын ойлау бізге парыз,  
Жоғалтсақ ұрпақ бізді кешпек емес.

Жүдеуде күз сарғайып күрең дөнен,  
Бақ жанып бөйге алмаспыз түренменен.  
Жеткізбей жетер жерге желкені үзбей,  
Байлықты пайдаға асыр үнемменен.

Байлықтың бағын ойлау бізге парыз,  
Жоғалтсақ ұрпақ бізді кешпек емес.

Жүдеуде күз сарғайып күрең дөнен,  
Бақ жанып бөйге алмаспыз түренменен.

Жеткізбей жетер жерге желкені үзбей,  
Байлықты пайдаға асыр үнемменен.

Байлықтың бағын ойлау бізге парыз,  
Жоғалтсақ ұрпақ бізді кешпек емес.

Жүдеуде күз сарғайып күрең дөнен,  
Бақ жанып бөйге алмаспыз түренменен.



## ҚИЯНАТТЫҢ ҚҰРБАНЫ

Қазақ елі Әбдіғапар бастаған,  
Аманкелді Имановтар қоштаған,  
Әлмағанбет Жәнібеков хатшысы,  
Атой салып ақ патшаны жасқаған.

Бір қалаға қалың патшалық  
Көрсетуге езілген тап жеңісін,  
Атқа қонып сені менен мен үшін,  
Ұран тастап, ақ семсерді қолға алып,  
Айқасыпты Арқа елі, жері үшін.

Танытқандай болып елдің бірлігін,  
Ен далаға еркін өмір, келді күн.  
Арқасында Алаш ұлы ту алған  
Қазақ елі алған еді теңдігін...

Қианаттың құрбаны болған ел,  
Алай-түлей басылғанда желді күн,  
Ширек ғасыр ел алғанда теңдігін,  
Ес жиюға мұрша бермей соғыс кеп,  
Байлайтұғын тағы келді белді күн.

Бұртыды болыпты елдің қашық,  
Ел қорғауға қыршын жастар аттанған,  
Ата жолын ұстанғандар ақ таңнан...  
Қан майданда қаншамасы қан жұтып,  
Аман қайтты ажалсызы, бақ жанған...

Болыпты ақ елдің қашық,  
Ақыр соңы жау жеңіліп шаттанған,  
Шыбын жаны қалғанға ел мақтанған.

Жүретін жол да жер емес тегіс.



Шадам деген айдаһардың ақ туы  
Біздің елдің табанында тапталған...

Жүргенінде алғыс, сыйлық хат алып,  
«Октябрдің ардагері» атанып,  
Әлмағанбет «халық жауы» дейтұғын  
Бір жалаға шыға келді шаталып.

Бастан ұшып жалғызынан бақ құсы,  
Қайғы жұтып жатты әкесі – қарт кісі.  
Азаттыққа қанын төккен ұланды  
«Жау» жасаудан елдің жоқ па басқа ісі?

Не дауа бар бұл адамға тойынған,  
От шығарар орны толмас ойыннан.  
Кешегі дос, бүгін жау боп көпіріп  
Қиянатқа болса сонша бой ұрған.

Әлмағанбет – Аманкелді серігі,  
Өз халқының адал перзент, ер ұлы.  
Қиянаттың құрбанына айналып  
Кеткенменен ел есінде рухы.

Әділетсіз қоғам құрып билігін,  
Салған кезде қиянаттың шылбырын,  
Жоқ боп кеткен жатыр қайта оралып,  
Елім деген еңіреген ерлерім.



## БҮГІНГІНІҢ БЕЛГІСІЗ БАТЫРЛАРЫ

Мыңдаған ғасыр малыңа бердің,  
Шалғынды шауып, соңына ердің.  
Бүгінде, халқым, емер емшегің,  
Сенерің сенің – астында жердің.

Тастадың малды, бастадың жаңа іс,  
Өзіңе – бейнет, өзгеге – табыс.  
Жаралған жанға жалында жүріп  
Жанатын жұлдыз, жағатын жарыс.

Қатерге басты түсіне тігіп,  
Қорқыныш сезім ішіңе бүгіп,  
Қолыңа алып тас найза сүңгі,  
Қапастың кеттің ішіне кіріп.

Жалқы шам көзің, жарық жоқ басқа,  
Сауытың сенер – қалқаның баста.  
«Бақытым, бағым – қопарған кен» деп  
Бұрғынды болат сүңгіттің тасқа.

Түпсізге түнек тереңдей бойлап,  
Тістерге қарап сұмырай сойдақ,  
Талабың – табыс, мақсатың – жеңіс,  
Болашақ алда бақытыңды ойлап.

Жер асты – майдан, жемісі – жеңіс,  
Жүретін жол да жер емес тегіс.

Байлығың – бағың, төгілген терің,  
Жегідей жеген бейнетің – беріш.

Сығалар өлім сығатын буып,  
Сыналай суық желісін қуып.  
Клеттен шығып келесің жайлап,  
Штрек бойлап, су кешіп тұнық.

Табысын табу, бейнетпен шойын,  
Толтырып қалта тойлауға тойың.  
Келетін еріп, туатын тұнық  
Ұрпаққа ұзақ сый бермек ойың.

Табиғат тылсым сыры көп жұмбақ,  
Сақ жүру ләзім, аямас сынақ.  
Ажалға басты байлауың оңай,  
Көбелек көңіл көлгірді тыңдап.

Күндегі әдет бастадың жайлап,  
Қатерге басты тағы да байлап.  
Қызумен, сірә, байқамай қалдың,  
Басыңа түсті бір ауыр сойдақ.

Төбеңде – сүңгі, сені алмақ ажал,  
Қарайды күліп қаптаған тажал.  
Дегендей «Бітті жалғанға сіңген  
Бейнетің, еткен еңбегің адал».

Ел үшін деген, жер үшін деген  
Танылып едің еңбегіңменен.

Таусылып дәмің, үзіліп демің,  
Ажалға жолықтың шыңырауда терең.

Көре алмай кеттің арманыңды асқар,  
Нан тілер қанша артыңда жас бар.  
Асырар ма екен соларды кейін  
Сен қазған кендер, қопарған тастар...

Жандарға сонау жатқан қырдағы,  
Жазылар талай ақын жырлары.  
Білгенге кенші – Белгісіз батыр,  
Бейбіт күндегі еңбек құрбаны.

## ЖАРҚЫРАП АҚҚАН БІР ЖҰЛДЫЗ

(Шоқан Уәлихановтың рухына)

Қазақтың өні бөлек, жыры дара,  
Әйгілі бар әлемге сыры дана.  
Танылған талантымен таңғажайып  
Ұлықты ұлылармен Ұлы Дала.  
Жарқырап көктен аққан жұлдыздардың  
Шоқандар – қайталанбас бірі ғана.

Өзгертіп өн бойыңда күй дерегін,  
О, халқым, қай теріні илемедің?!  
Замандар өтті қанша, жұмбақ тылсым,  
Қазақты кімдер келіп билемедің?!

Жау шауып, сұлу сүйреп, еріңді айдап,  
Жат жерге бостың, босқын елім-айлап.  
Қазақтың бытыратты ауылдарын  
Өркім кеп ойнатты да әңгіртаяқ.

Халықта қалмады амал көнбегенге,  
Сырттан жау шекарадан ендегенде.  
Соңынан Абылай ханның ерді қазақ:  
«Осы жол, отандастар, оң», – дегенде.

Жосылды арыстанға сенген елі  
Жанына батқан кезде шөңгелері.  
Үш жүз боп бір жұдырық, басын құрап,  
Дұшпаннан кек алуды жөн көреді.

Қайысқан қол тұрғанда, сан алыптар,  
Қазаққа қайғы болмас қай қауыптар.  
Сонда да келісімсіз қатерлі жол,  
Сенімсіз екі жақта алпауыт бар.

Сүзіліп қос бүйірден көзін салған  
Екі алып алпауытқа сезім жалған.  
«Араға түспеңдер» деп Абылай хан  
Ресей, Қытайлардың сөзін алған.

Жағадан бас шығарып терлеп еді,  
Бір жеңнен қол шығарды ерлеп ері.  
Бірліктің биік туын берік ұстап,  
Тірліктің арқасында жеңген елі.

Сіңірді көл-дария қанды дала,  
Көрерде тыныш өмір, таңды жаңа.  
Қыршындар болашақтың бақыты үшін  
Қиылып кетті қанша қанжығада.

Сол кезде биік тұлға, бойы мақтан,  
Көрініп келген жауын сойылдатқан.  
Абылай – алты Алаштың арыстаны  
Тарихқа тарландығын мойындатқан.

Ғасырлар, қаншама жыл азабы өткен,  
Ата жау тынышталды мазақ еткен.  
Мақшарға Абылай да сапар шекті  
Үш жүздің басын құрап қазақ еткен.

Армандап асыл кетіп, хаты қалған,  
Бұл өмір кімге дәру, заты – жалған.  
Хан-патша, бай-манаптар, кедей де өткен,  
Бірі жоқ мәңгі өмірді сатып алған...

Орта жүз ханы сыйлы, төрдегі елі  
Айбынын «Арыстанның» көрген еді.  
Жалғауға ата жолын Абылайдың  
Уәли уәдесін берген еді.

Билікпен Тәңір сыйы қолындағы  
Ерлерге ерген сеніп соңындағы.  
Елінің ертеңі үшін Уәли хан  
Атаның аманатын орындады.

Жалғасты жылдар жылжып, ай да ағымға,  
Өзен-су сіңіп жатты сайда құмға.  
Бұл кезде ел билігі еді берік  
Тоқалы Уәлидің Айғанымда.

Айғаным – парасатты, терең ойлы,  
Білімді, көрегенді, белең бойлы.  
Заты әйел демесең, ақылы артық  
Болған соң билігіне халқы ұйыды.

Қостанай, Құсмұрынның бекетінде  
Билігін құрушы еді Шыңғыс төре.  
Толғатып бәйбішесі ұл тапқанда,  
Көргендер таңғалыпты келбетіне.

«Бағына елдің мұны берген Құдай...» –  
Дегенге, депті Айғаным: «Аузыңа май».  
Жылында мың сегіз жүз отыз бестің  
Жазында жайнап тұрған мамыражай.

Дос жиған орыс, қырғыз, татарлардан,  
Беделді бай мен биден қатарды алған.  
Баласы Айғанымның Шыңғыс төре  
Шақырды елді тойға шаһарлардан.

Молшылық, қызықтарға бойлап батқан,  
Қонақтап, шілдеhana тойлап жатқан.  
Бір мезет елден сұрап рұқсатты  
Айғаным ортаға кеп ойларды айтқан:

«Сөзімді, о, халайық тыңда, – деді, –  
Бір гәп бар, біле білсең, мұнда тегі.  
Сәбидің болашағын бүгін ойла,  
Шыдасын десең ертең сынға», – деді.

Айғаным жас сәбидің әжесі еді,  
Етпейтін бөтен істі әбес, тегі.  
«Қолына ап немересін тәрбиелеу  
Әженің, – деді, – ежелден кәдесі еді.

Ұлылардан алса ұл – ұлағаттық,  
Қылмайды тәрбие алған қыз ағаттық.  
Өмірде көп көргеннің көксейтіні –  
Жастардың жасамауы бір ағаттық.

Батырдың ерлік күзет есігіне,  
Төңірің берсе бақыт несібіңе.  
Адамның, біле білсең, көбінесе  
Өмірі байланысты есіміне.

Ақтардым талай кітап хатым ойлы,  
Болсын деп келешекте заты бойлы». —  
Айғайлап нәрестенің құлағына  
«Мұхамедханафия» деп атын қойды...

«Шоқым, — деп, — Шыңғыстауда тұрған биік», —  
Жүретін туған әке мұрттан күліп.  
Әлдилеп анасы да ән салатын,  
Әжесі келгенінше сырттан кіріп.

Күлетін жеңгелері: «Шоқы, ән», — деп,  
«Биіктік саған ғана болғай тән», — деп.  
Мұхамедханафия осылай «Шоқан» болды,  
Атаудың астарында білсең мән көп.

Ерітіп жыр мен ертек сан дерегі,  
Елітіп сыбызғы саз, ән демеді.  
Қобыздың қоңыр даусы жетеледі  
Тумысынан ерекше жеткіншекті.

Осылай ойшыл Шоқан өсіп жатты,  
Күн зырлап, Ай алмасып, көшіп нақты.  
Маңына жиды небір өнерпазды,  
Айғаным тәрбиеге шешім қатты.

Әжесі жүрді балап баққа мұны,  
Еңбегін Айғанымның ақтады ұлы.  
Зерделі, зерек бала зейін қойып,  
Ауылдан мұсылманша хат таныды.

Фирдоуси «Шахнамадан» айтқан үлгі,  
Науаи дастандарын хаттап ізгі,  
Жәмилер, Омар Хайям рауаятын,  
Низами, Физулиді жатқа білді.

Күйлерден, терме-толғау, көштен әнді,  
Дастаннан таң айырған кеште мәнді.  
«Көрұғлы», «Ләйлі – Мәжнүн», «Қозы – Баян»  
Жырынан тыңдағандар есте қалды.

Десең де заманауи шешпек әлді,  
Бойында болса талап әспек мәнді.  
Жігітке жетпіс өнер аз екені  
Ибраһим әл-Юныстан есте қалды.

Таңғалып Құран сөзі – құдіретке,  
Көндірген мұнша жанды шын ниетке.  
Ауызша әдебиет – шексіз мұра,  
Ден қойды жазу, сызу, суретке.

Ортада орақ ауыз жақсы шауып,  
Есейді Шоқан ерте басшы тауып.  
Ауылда Қосқималы Құсмұрында  
Қара атты, көкторлаулы, ащылауыт...

Алдына мақсат қойып, бағыт сынға,  
Асуда асқар биік, алар шында.  
Жер-жерді кезіп жүріп із қалдырған,  
Көрінед орыс елтіп ағылшынға.

Аз ғана тайпа екен Русьтегі,  
Ұнады орыстардың бұл істері.  
«Жаудан да сабақ алсаң артық болмас,  
«Оқыған Ресейде дұрыс», – деді.

Әр ұлттың білу үшін күнін көкте,  
Жас Шоқан жаттаған жоқ тілін текке.  
Орыстың ойшылдары ой салдырды  
Ауылы беттегенде Сырымбетке.

«Көрмеген көріп арман қанша жерді,  
Таң қылсақ тамашаға барша елді,  
Тіл, өнер, ата дәстүр тарата алсақ,  
Бізге де артық емес қалса белгі».

Орыстан әкесінің достары көп,  
Болған соң достары көп – қоштары көп.  
Аттанды білім іздеп Ресейге  
Алдына мақсат қойып, жоспары көп...

\*\*\*

Ұйыған сүттей еді қазақ бүтін,  
Орыстар араға сап азап түрпін,  
Ауыпты Қасым бастап отыз бесте  
Көкшеден Алатауға қырық мың түтін.

Тағдырдың салғанына жүрді көніп,  
Бар қазақ ауып барған өсіп-өніп.  
Наурызбай, Кенесары шыққан кезде  
Тағы да қауіп-қатер келді төніп.

Түркістан, Әулиеата, Қоқандары  
Мазалап қайта көшті одан тағы.  
Сабылып Сарыарқаға бет түзеді  
Наурызбай, Кенесары отандары.

Қай жерге барса-дағы додан, лаң,  
Қорқыттың көрді көрін одан, бұдан.  
Алдымен қазақтарды құтқаруға  
Орыстың бас тігеді боданынан.

Кенеге Сарыарқада саладағы  
Қарады бес мың ауыл Бағаналы.  
Ұлытау, Торғай, Сарысу аймағынан  
Жиырма мың әскер тұяқ тағалады.

Арада ар кеткен соң достан бүгін,  
Ескертіп елдің есті жосқандығын,  
Талапты қатаң қойды Кенесары  
Орыстан тілеп халық бостандығын...

\*\*\*

Саяси асты амалы орыстардың,  
Ішіне кіріп тыңшы қоныстардың.  
Кенені кезегінде ұстап берді  
Боданы, борыштары болыстардың.

Қазақтың азайды көп көне саны,  
Шайқаспен жан қияды Кенесары.  
Жолында тәуелсіздік таймай тұяқ,  
Ешкімге сатылмастан белес, ары.

Көбісі қолға түсті тәуір деген,  
Наурыздың айларында сәуірменен.  
Сегіз жүз қырық жетінші жыл еді бұл,  
Орыстар қайта билеп дәуірлеген...

\*\*\*

Оқуға Шоқан шықты Омбы беттеп,  
Көрмеген еді бұрын елден шеттеп.  
Қол бұлғап қалған қарап әжесіне  
Жас тамды жалтақтаған көзден ептеп.

Зырлады пәуескенің дөңгелегі,  
Өзгерді жер-табиғат, дөңбек өңі.  
Артында туған жері қалды сағым,  
Алдында арман-қиял, өңге жері.

Жол соғып келіп жетті Омбыға да,  
Тапсырған таныс үйге болды бала.  
Ауылдай ауасы кең емес екен,  
Ызың-шу, ерсіл-қарсыл Омбы қала.

Көндікті тез арада өктем үнге,  
Өзі үшін жазы-қысы, көктемінде.  
Көп өнер үйренуге орыстардан  
Омбыда кадет корпус мектебінде.

Танысты аты шығар талай ермен,  
Бақытын, бақ-талайын балай келген.  
Татармен Ғазиз атты Мұзафаров,  
Орыспен – Григорий Потанинмен.

Ұстазы ұлағатты – Сотников,  
Жиғаны, тергені мол, оқуы көп.  
Василий баласына балап жүрді,  
Мария – анасындай бөтендік жоқ.

Сыртынан кінәлаймыз небір жанды,  
Көз жетпей дін бөлек деп, небір қанды.  
Шіркін-ай бар екен ғой бұл өмірде  
Қаншама асыл жандар мейірбанды...

Ырза боп жүрсе-дағы бағытына,  
Ауылын сағынатын сағы сына.  
Сондайда отыратын өткенді ойлап,  
Көз тігіп Ертіс өзен ағысына.

Есіне Жақып түсті шоң мұрынбоқ,  
Інісі шонжар тұқым ұрдажық, соқ.  
Мысыққа «кедейсің» деп қырын қарар  
Киерге киім жұтаң, тамағы жоқ.

Жаратқан жасағанын қысып «керең»,  
Тең еткен бай алдында күшікпенен.  
Сондайдың біреуі еді жұрдай кедей,  
Қатары Шоқандардың Мысық деген.



Жақыптан сол Мысықты қорғайтын бұл,  
Таяқ жеп қалар-ау деп оңбайтын бір.  
Жасайтын неше алуан саздан мүсін,  
Қалайша күн көріп жүр тоңбайтын құл?

Көз көрді өкінішті, нелер қайғы,  
Өмірден өшпес белгі, нелер жайды.  
Бұл күнде байқағаны – бай баласы,  
Кедейді қорғап, теңдік бере алмайды.

Қаншама бұрып тұрсын жігер мейлі,  
Бір тізгін ауыздықтап жібермейді.  
Заңы ма жазылмаған бай-манаптың,  
Арқандап, тұсау салып, шідерлейді.

«Жасайсың бар жағдайды байға манап,  
Бұйыртпай қу кедейге шай мен шалап.  
О, Құдай, өз пендеңді неге бөлдің?»  
Деп ойлап отырғанда Айға қарап.

Бір дыбыс келген жақын еппен жанап,  
Отырған көкке көз сап жасқа қарап:  
«Сұңқары, шіркін, – деді, – кең даланың  
Өседі екен әр кез көкке қарап».

Қараса Сотников ұстазы екен,  
Санасқан шәкіртпенен қыс-жазы тең.  
Көрмеген тәкаппарсып көп алдында,  
Биязы, жұмсақ мінез, пейілі кең.



Санасып сан адамның нұқсанымен,  
Өмірдің ашық-жарқын тұстарымен.  
Кеңесіп орыс, қазақ көп отырды  
Болашақ жайын ойлап ұстазымен...

Жақсыдан жақсы туса сөз қалады,  
Көл-көсір, көусар бұлақ көз қалады.  
Жетелеп жетілдірсең жат баласын,  
Жайнатып жасыл етер боз даланы.

Құт санап әрбір адым, қадамдарды,  
Дос санап жүргенінде адамдарды,  
Он сегіз жасқа келген жалын шақта,  
Орыстың оқуы да төмамдалды.

Бес жылда көп өнерді өңгеріпті,  
Жеті тіл еркін сөйлеу меңгеріпті.  
Жіліктеп жағрафия, тарих пәнін,  
Химия, есептерді өндеп ұқты.

Кадеттің осыменен тынды сыны,  
Білімі бойға қуат, құнды күні.  
Омбыдан офицер боп шықты қазақ  
Шен алып «подпоручик» Шыңғысұлы.

Азия, Қазақстан нұр етуін,  
Батыстың көп ойшылы білетұғын,  
Өзгенің ойын баққан орыстар да  
Дәметіп сәтін күтіп жүретұғын.

«Қаншама жатқан жерді сызылмаған,  
Астында байлығы мол бұзылмаған  
Меңгеру мақсатымыз енді біздің,  
Жел ғана кезіп жүрген ызындаған».

Деп шешім қабылдады жақсылары,  
Соған сай бұйрық берді патшалары.  
«Сол жердің жөнін білер жан керек», – деп  
Генерал Гасфортқа тапсырады.

Қаймығып Ақ патшаның парасынан,  
Жанына батар нәсіл жарасынан.  
Іздеді жолсерікке сенімдіні  
Кадетті бітіргендер арасынан.

Саралап сан адамды салмақтады,  
Бөрінің осал емес салмақтары.  
Ішінде Шоқан аты көп естілді,  
Нұсқады жас жігітті таңдап бөрі.

«Алынбай жатқан талай қаймағы әлі,  
Апсам деп тарих сырын, айналаны...»  
Жүргенде адъютант боп губернатор  
Гасфортқа Шыңғысұлы сайланады.

Қисынын келтіре алмай, бір амалын  
Жүргенде естіді ме жылағанын?  
Еліме еңбегіммен жақсам дейтін,  
Құдайдың өзі берді сұрағанын.

Жер шолар Азияның сахарына,  
Зер салар Қытай – Қашһар шаһарына.  
Қазақтан шыққан тұңғыш саяхатшы  
Ой түйді генералдың сапарына.

«Осы жол өмірге өзен от аларым,  
Бастауы бура санға боталарын.  
Шолғанда шаршамауым шарт, – деп білді, –  
Азия, Қазақстан жоталарын».

Ат таңдап, түйе қомдап арбаға сай,  
Жолазық, әскер жиып, жармаға сай,  
Аттанды алыс жолға алды жұмбақ  
Бастау ап Шыңғыстаудан, Тарбағатай.

Аралап Жетісу мен Алатауды,  
Зерделеп зерттеді көп дала, бауды.  
Орталық Қазақстан, Отырарды,  
Іленің бойын сүзіп, Қаратауды.

Қызықтап қырғыздардың қылықтарын,  
Жағалап Ыстықкөлін, сүзіп бөріні.  
Манастың жырын тыңдап, дәстүрінен  
Жинады көріп-білген тізіп бөріні.

Өткізбей тектен-текке әрбір күнін,  
Әр елдің зерделеді әдет-ғұрпын,  
Тарихын, әдебиет, салт-санасын  
Білсін деп келешекте қазақ жұртым.

Тамаша жердің көрсе табиғатын,  
Өнерпаз адамдардың жазып атын,  
Сызбалап сурет те салып жүрді  
Ескерткіш, естелік қып қалдыратын.

Сан қырлы саз аспаптан сағым күйді,  
Өлең-жыр, дастан-эпос, өн мен биді.  
Жинақтап ақ қағазға өуен қаттап,  
Естіген елден жолда жазып жүрді.

Сапары бұныменен шектелмеді,  
Өмірдің жылжыды өзен өткелдері.  
Жағалап Іле бойын Алатаудың,  
Ар жағы Құлжа беттеп бөктерледі.

Үзілген көптен бері қатынасты,  
Жалғауға келіссөздің бетін ашты.  
Қытаймен сауда-саттық жарастырып,  
Арада алтын қақпа есік ашты.

Одан соң көкейдегі ой әрі кетті,  
Жас Шоқан болып шықты бөріне епті.  
Әкелу мақсат болды елге жұмбақ  
Қалтқысыз Қашһар жайлы мәліметті.

Екі жыл Қашһар жағын аралады,  
Алтыншар және басқа қалаларды.  
Тірліктен – провинция тынысынан  
Пайдалы жаңалықтар саралады.

Тіл тауып келіссөздің кермесінде,  
Алады қымбат Қытай бермесін де.  
Ер Шоқан сыйға тартқан алты құты  
Бүгінде Дрезденнің көрмесінде.

Таралғы, тарту, табыс тапқандардан,  
Айырылып қалмас үшін ақпарлардан,  
Арқалап арғы беттен әрең өтті  
Торушы, қарақшы бар шатқалдардан.

Шым-шымдап қосуменен азға барды,  
Ғылыми небір зерттеу қазбаланды.  
Әр адым аттағаны очерк боп,  
Құнды, қымбат қалдырды жазбаларды.

Алтыншардың алтындай болғаны анық,  
Деректер болашақта қолданарлық.  
Шоқанның бұл әкелген мәліметі  
Әлемге болып еді мол жаңалық.

Еңбектің қасиеті – сапа, құнда,  
Мол олжаға кезікті ол сапарында.  
Зерттеуі әдебиет саласынан  
Әлемдік көрсеткіштер қатарында.

Тапты көп терді төгіп ерен табыс,  
Қобыздан, сыбызғы саз, күйден қағыс.  
Дәстүрін қазақ, қырғыз, қытай, ұйғыр  
Батыс пен Ресейге етті таныс.



Тең аттап тағдырласпен сең белесін,  
Жетелеп заманының жерде көшін.  
Біліммен, қайрат-жігер, төзімменен  
Көрсетті өзгелерден кенде емесін.

Жас Шоқан салмағы ауыр саясатта,  
Көрсетті артықтығын саяхатта.  
Тілмашсыз тілін тауып барған жердің,  
Кенелтті көрген жанды парасатқа.

Әлемге жарық жұлдыз, көкте нұр деп,  
Біз бүгін мақтанамыз ұл мен қыз көп.  
Қазақтан алғаш шыққан саяхатшы,  
Тарихта қалды Шоқан мәңгі жыр боп.



## МӨҢКЕ БИДІҢ БОЛЖАМЫ

Қаншама өткен көріпкел өрендерім,  
Болашақты болжадың, елеңдедің.  
Арамызда үш ғасыр өткен екен,  
Мөңке би, тура келді дегендерің.

Болжауыңның бұл күнде бәрі болды,  
Жасқа билік жүргізбей кәрі солды.  
Ішқұсаны басатын жүрек талса,  
Тамшы су мен домалақ дәрі толды.

Ежірейген, елірген ұлың болды,  
Бедірейген, бедірей қызың болды.  
Аяқ-табақ сылдыры ештеңе емес,  
Күндіз-түні отбасы ызың болды.

Кекірейген, керілген келін болды,  
Жалғыз ұлың келінге жегін болды.  
Ата-ананың алдынан кесіп өтер,  
Келінің алшаң басқан керім болды.

Әйел түзде – базаршы құлқын кезген,  
Еркек үйде – қазаншы құртын езген.  
Ұл далаға қаңғырып, ұрлық қылып,  
Қыздан қылық кеткесін, жұртың безген.

Жеген – желім, ішкенің ірің болды,  
Ертеңің сенбейтін күнің болды.

Қадір кетіп қарасар қарындастан,  
Беттен алар бейбастақ інің болды.

Жас ұзара арамыз айыр кетті,  
Арқа сүйер ағадан қайыр кетті.  
Арадағы абысын алақұйын,  
Ағайынды ақырын айырды епті.

Ат жамылған заты жоқ туыс болды,  
Өркөкірек кеудесі қуыс болды.  
Қиналғанда жақынға шапағат жоқ,  
Жатқа жастық жайылып жуыс болды.

Шақырмасаң кірмейді көршің үйге,  
Қарыз бермес жақының енші бірге.  
Тұтам ағаш тапса да олжа көріп,  
Ақы-пұлсыз жан жүрмес бұл күніңде.

Суды сатып ішетін заман болды,  
Құнары жоқ дәмі бар тағам толды.  
Ит ішпейтін сарысу «дәрі» болып,  
Адамның көбі соған құмар болды.

Құрамалы, қорғанды үйім болды,  
Айнымалы, құбылған биім болды.  
Бір тиындық халыққа пайдасы жоқ,  
Күлтөбеде күн сайын жиын толды.

Қазағың көрінгенге үйір болды,  
Тілдері орысшамен шиырланды.

Елбасымыз намысқа шақырғанмен,  
Қазақ тілі қол жетпес қиыр болды.

Сөздің кетіп маңызы, самал қалды,  
Жақсы кетіп, жағалай жаман қалды.  
Жасар жанның жақсылық өшіп үні,  
Сан соқтырар санасыз амалданды.

Санға жетпей жаңылтты қағаз жарғы,  
Көп күтесің сарылып сабаздарды.  
Ақша талап етеді аттап бассаң,  
Судай шаштық құны жоқ қағаздарды.

Алашұбар, алапес тілім болды,  
Дүдәмалдау дүмше көп дінім болды.  
Ұстаз ұлттың ұятын ойламайды,  
Ақы төлеп алатын білім болды.

Асабаға тойшыл ел зәру болды,  
Даңғара, даңғой өнші дәру болды.  
Құлағына шығып ап ойнағасын,  
Тышқандардан арыстан зәбір көрді.

Құрлығымды құм алды, өрт гүлімді,  
Құрт-құмырсқа жайлаған шөп шірінді.  
Күнде естірің – табиғат апатынан  
Қуарғаны, су алған төрткүлімді.

Құдай құлы, ойланар күнің жетті,  
Ауа сұйық, жерімнен құнар кетті.



Жақсылықа ниетің бұрылса егер,  
Алла да жақсылығын төгер дейді.

Көр азабын тірідей көреміз бе?  
«Заман солай» дейміз де, көнеміз бе?  
Мөңке бабам айтпақшы, жақсы-жаман  
Ниетке сай боларын елейміз бе?



## ҰЛЫТАУЫМ – ҰЛЫ ТАУЫ ҰЛТЫМНЫҢ

Үңілмей тереңіне сан ғасырдың,  
Сеземін кеткендігін босқа өтіп күн.  
Себезгілеп сыр шертсем тарихынан,  
Перзентін кешірер ме Ұлытауым?!

Ұлытау – бар қазақтың көз жанары,  
Түркістан – кіші Мекке атанғаны.  
Бәрі де кешегіден бізге жеткен,  
Тарихтың мәңгі өшпейтін таңбалары.

Көк Түріктің қуат ап Байрағынан,  
Баурайына бірлікті ел жиылған.  
Ордабазар – халқымның ордасы еді,  
Арқаның даласында ізі қалған.

Кезінде сескендірген жау жүрегін,  
Табиғат, Тәңір берген тау тірегім.  
Кімдердің атыменен аталды екен  
Кертағы, Ертағылар – тау сілемің?

Бас алған Керей хан мен Жәнібектен,  
Абылай, Әбілқайыр жанып өткен.  
Кертағы тауларының баурайында  
Атақты Хан Ордасы шатыр тіккен.

Әр тастың беттерінде қынасы көп,  
Тұрғандай «тарих сырын сұрашы» деп.

Құласа да киелі қабырғасы,  
Хан Орда орны жатыр күәсі боп.

Ту тігіп осы тұсқа Қазақ Ордаң,  
Қарахан бүкіл елге патша болған.  
Кертағы, Ертағының аты өзгеріп,  
Ұлытау, Кішітауды ел жаттап алған.

Даламның бауы да көп, тауы да көп,  
Дегенмен, Ұлытаудай Ұлы Тау жоқ.  
Алты алаш, үш жүз – бәрі мұнда келіп,  
Ел болуға ниет қып құрған шаңырақ.

Қазығы Дешті Қыпшақ, биік нарқың,  
Ұлытау ұлылығын сүю шартың.  
Басында Күлтөбенің күнде жиын,  
Сақтаған сан ғасырлар қазақ салтың.

Әр істі өділдікпен басқаруға,  
Бірімен бірі мәңгі дос болуға,  
Ұлытауда бас қосқан бабаларым  
Таңбаларын қалдырған тас жазуға.

«Таңбалытас» – ең алғашқы Ата Заң,  
Негізі оның ақ батамен қаланған.  
Алашымның ынтымағын нығайтып,  
Ақжарылқап замандарға бастаған.

Бұланты мен болмаса Аңырақай,  
Елдің жайы болар еді әлдеқалай?

Ноғай Орда кебін киіп кетер ме едік,  
Жадырап Тәуелсіздік жалғас таппай.

Жорықпен жылдар өтті, жылжып айлар,  
Ел қорғап Қаракерей Қабанбайлар.  
Үлгі боп Қара Қыпшақ Қобыланды,  
Қол бастап Қанжығалы Бөгенбайлар.

Ерлер көп мақтан етіп, тағар айдар,  
Сағындық, Төлек батыр, Жаулыбайлар.  
Тілеулі батыр менен ер Жәнібек,  
Оразым, Бағаналы Барлыбайлар.

Жалғады сол дәстүрді Есенбектер,  
Сандыбай, Ерден, Уәйіс, Тама тектер.  
Аманбай, Дүтбай, Берді, Есенқабыл  
Қоқанның ханын елден қуған шеткер.

Қаншама өтті дана, ақын, батыр,  
Қалдырып ұрпағына ақыл, нақыл.  
Олардың айтқан сөзі, жазған жыры  
Жаңғырып өлі күні жадымда жүр.

Жырлаған туған жерін ақындарым,  
Иманжан, Тайжан, Болман – асылдарым.  
Қунақтың Омары мен Мұқан, Нияз,  
Жаныма көрем сондай жақын бөрің.

Серікбай Асатовты кім біледі,  
Жауына көктен төнген тұйғын еді.

«Мен өмірді сүйем» деп жазған Баубек  
Отан үшін өмірін берген еді.

Атағын әлем білген заманда бұл  
Қос ұлан – Төрегелді, Камалдарым.  
Халықтың мақтанына айналды ғой  
Аққойшы, Садық, Мыңбай мамандарым.

Барлығын айтып қалай тауысасың,  
Батырын, еңбек ерін әр саланың.  
Тыңдасаң, тебіренбей тұра алмайсың  
Жақсыкелді Сейіловтің «Ұлытауын».

Беймәлім тұнып жатқан төл тарихым,  
Ұрпаққа соны нақтап айтады кім?  
Әлкейдің ізін қуған інісі жоқ,  
Мен мұны қапаланып, ойға аламын.

Мен жаздым көкейімде жүргенімді,  
Өзімше өлеңдетіп білгенімді.  
Ұлтымның Ұлы Тауы, өзіңе мен  
Қалдырдым осылайша бір белгімді.

## АУҒАНСТАН АҚИҚАТЫ

(Ауған соғысы ардагерінің монологы)

Көкте – гуіл, гүр сілкініс,  
Солқылдайды жер күрсініп.  
Дауыл, құйын, отқа оранып,  
Тітіркенді бар тіршілік.

Ысқырған оқ, гранаттар,  
Қарша жауды снарядтар.  
Алай-түлей етті маңды  
Отқұйғыштан атқан оттар.

Қайдан, кімдер атып жатыр?  
Орнағандай заманақыр.  
Жаңа ғана жүрген жандар  
«Қош» дей алмай өліп жатыр.

Шаң, топырақ, жалын, түтін,  
Айқай, ойбай, бұйрық, үкім.  
Адам түгіл, көз алдымда  
Парша-парша болды темір.

Оқтың ісі қолқаны алды,  
Айналамыз отқа оранды.  
Төнген тажал секілді тау  
Әрлі-берлі шайқалады.

Болғандайсың кімді сөгіп?  
Бармайтындай болды ма ерік?

Қыршынынан қиылғандар  
Қызыл қанға жатыр бөгіп.

Адам қанын аққан судай  
Тұрды таулар елең қылмай.  
...Барған беттен Ауғанстан  
Қарсы алды ғой бізді осылай.

Шақты ойласам енді сағым,  
Кімге қарсы шайқасқанмын?  
Кімді қорғап, кімдер үшін  
Қаным төгіп айқасқанмын?

Білер мүмкін мәнін істің  
Жоғарыда жүрген күштім.  
Бізді сонда аттандырған  
Отан үшін отқа түстім...

Деген сөзім дұрыс па екен?  
(Отаным ғой «соғыс» деген).  
Күнімізді енді ешкімге  
Көрсетпесін бастан кешкен.

Оралмасын, құрсын бәрі,  
Отты жылдар тылсымдары.  
Соғысқанға кінәлі емес  
Халқымыздың қыршындары.

Таудың төсі – толған дұшпан,  
Аспанынан ажал шашқан.

Міне, осылай жадымызда  
Қалып қойды Ауғанстан.

Жиырма екі мың кеткен еді,  
Тоғыз жүзден астамы өлді.  
Мың он бесі мүгедек боп  
Қайтқандарын көзім көрді.

Тартты ма екен дәмі тұздің?  
Жем етті ме қарға-құзғын?  
Жиырма бірі әлі күнге  
Есебінде хабарсыздың.

Кімге, не үшін борыштандық?  
Неге сондай жол ұстандық?  
Әлі күнге түсініксіз  
Қай мақсатпен соғысқандық.

Отыр дерсің неге жырлап,  
Жарасының аузын тырнап.  
Қаншама жыл өтсе-дағы,  
Ұмытылмас соғыс бұл нақ.

Елімізде қазыналы  
Архив талай қазылады.  
Ауғанстан ақиқаты  
Түбінде бір ашылады.

## ЗАМАН БӨЛЕК КЕШЕГІДЕН

Ақтабан шұбырынды, тамақ та – арман,  
Кезінде қиыл-қилы заман болған.  
Қалғанша қасық қаны Отан үшін  
Түспеген ат үстінен ата-бабам.

Жеңіске жер бауырлап жеткен еді,  
Жер жыртып, жемісті еңбек еткен еді.  
Өткен күн бір күнгідей болмайды екен,  
Тарихқа айналды өмір өткелдерді.

Кеңестің кезеңін де ұмыта алман,  
Ақ адал термен таптық мал менен жан.  
Болашаққа қарадық уайымсыз,  
Ететін жан болмаушы еді жұмысты арман.

Бәрі де дүниенің арзан болған,  
Тегін ем, тегін оқу, курорт барған.  
«Ильичтің шамы» күн-түн көзді арбайтын,  
Жарқырап жырақтағы ауылдардан.

Өлемге аты шыққан әйгілі едік,  
Көңіліне салды ма екен сайтан желік?  
Патшаның елді аздырған арқасында  
Бөлінген келді заман бай-құл болып.

Кеңесті келместей ғып жерледік те,  
Байлықты талан-тараж бөлмедік пе?

Семіздікті көтерер қой ғана еді,  
Қадірін қолда бардың білмедік пе?

Бүгінде заман бөлек кешегіден,  
Бай-кедей екі арасы сезілді ерен.  
Тоқ бала аш баламен ойнамайды,  
Бар шаруаны ақшамен шеше білген.

Түзелер-ау бір күні тұрмысымыз,  
(Бас қатыра бермейік бұл үшін біз).  
Заман бөлек болғанмен кешегіден,  
Биікте болса екен рухымыз.

Көрсетіс көңілді ұмытпа  
Күн ауран көңілді ұмытпа  
Терінің төгер көңілді ұмытпа  
Еңбекшіні көңілді ұмытпа

Түзетін жанды түзетін жанды  
Көңілден күннің төлетін күннің  
Караңғыдан көңілді ұмытпа  
Адамды адамды ұмытпа

Байлығын талан, талан бөлмедік  
Баларын көңілді ұмытпа

## ШҮКІРЛІК

Көңілім өсіп жұмысым барға,  
Аттадым алшаң адымдап алға.  
Қаланың көркін көркейген көріп,  
Шүкірлік еттім Жаратқаным.

Елімнің ерен еңбегін көрдім,  
Жемісін жинар жеңгенін көрдім.  
Желқайық желкен желге ұстап қарсы,  
Сезімге жүрек сенгенін көрдім.

Заулаған көлік көшеде мыңдап,  
Тіршілік, тірлік тірілген шындап.  
Қаламыз шулы, базары дулы  
Құдірет күйін тұрғандай тыңдап.

Жайқалған егін жазық далада,  
Зәулім үй заңғар самсап қалада.  
Жетіліп елім жатыр емес пе,  
Жесірі байып, жетім бала да.

Түнектен таңда түрілген түн – біз,  
Көгіңнен нұрын төгетін Күнбіз.  
Қарайтын әлем айналдық елге,  
Ендеше айтшы, біз бүгін кімбіз?

## ҚАЗАҚТАН АРТЫҚ ТАППАДЫМ

Сап көңіл еді өткенде көрсең,  
Өшердей өмір, өтірік өлшем.  
Жүзім жабыңқы, жалақы – арман,  
«Шіркін-ай, жұмыс болса екен» деуші ем.

Жұғымсыз, жалқау кетер ме дендеп,  
Тонайтын топас, топырлар меңдеп.  
Адамдық ардың арқауы тарқап,  
Арамза пиғыл қалайша жеңбек?

Игілік істер, игерер жер көп,  
Жігерлі жастар жұмылса терлеп.  
Алмайтын асу, бермейтін жеміс  
Бедерген бедеу қазақта жер жоқ.

Көрсетпес көгім көлеңке көлбең,  
Күн нұрын төгер ерекше жер кең.  
Теріңнің төгер төлеуін толық,  
Еңбекпен төккен еленсе жерден.

Асқар тау, асу, аларлық бел көп,  
Біріксе басы асар қып ел көп.  
Оралса, шіркін, ой салар еске  
Адамды адам еткенін еңбек.

Байлығым тасып, нан толса дегем,  
Базарым кеңіп, ән болса белең.



Бақытты қолда бағалай білсек,  
Бар әлем бізге таң болса деп ем.

Қиялым бүгін шынайы болды,  
Бақытты өнге маңайым толды.  
Қол жетпес кеше арманым асқар,  
Өн-күйі түзу, шырайы оңды.

Сегіз де сырлы, болып бір қырлы,  
Бөйтерек шынар шырқады жырды.  
Байрағын биік бірігіп ұстап,  
Беделін елім көтере білді.

Сан ұлттың санын саналы қосқан,  
Еткізбей ермек елдердей босқан.  
Қазақтан артық таппадым ешбір  
Елжіреп тұрған ешкімді достан.



## ӘР НӘРСЕНІ ОЙЛАЙМЫН...

*Еркектен ерлік пен өрлік, ар мен намыс, тура-  
шылдық пен тұрлаулылық, сенім мен серілік кетсе;*

*Әйел әдеп пен ұяттан, төзім мен сезімнен, нәзік-  
тік пен наздылықтан, табиғи сұлулық пен жан  
жылуынан айырылса, адамды қорқақтық пен жа-  
ғымпаздық, сатқындық пен азғындық билесе, адам-  
заттың жасанды хайуанға айналғаны.*

*Асқар таудың басындағы кіршіксіз ақ қардың  
еріп, жерге сіңген ыза суынан сүзіліп шыққан бауы-  
рындағы кәусар бұлақтың мөлдірінен нәр алған жаға-  
сындағы жас құрақтың табиғи сұлулығына жетер  
дүниеде не бар дейсің?!*

Тәуекел еттім, Алла, атыңменен,  
Төңір жоқ деп табынар сенен бөтен.  
Үмметін үлгі алатын Мұхаммедтің  
Ақ жолға бастасам деп хатымды ерен.

Түскен жан Хақ жолына адаспайды,  
Арамның адастырмақ бағы аспайды.  
Ал енді құдай ұрған кейбіреулер  
Шайтанмен жақсы көрер жарасқанды.

\*\*\*

Мол байлық ұлан-байтақ даламызда,  
Көрікті, көз тоймайтын қаламызда.  
Барында дархан көңіл дана жандар,  
Ертеңнен бақыт күткен баламыз да.

Тарихтың жаман, жақсы талдап жігін,  
Керегін жіпке тізіп, жалғап жүгін,  
Адамзат жаралғаннан неге алмаймыз  
Шырынын, бал бұлағын таңдап бүгін.

Үйірміз неге біздер еліктеуге,  
Жеткізбес жақсылыққа желік кеуде.  
Қарапайым нақылды тыңдап көрсек:  
«Қор болады көз салған көрінгенге».

Сапасын салмақтамай санамызда,  
Жылтырақты қызығып аламыз да.  
Бармақ тістеп соңынан қалмаймыз ба  
Қыран деген боп шықса қара қарға?

Тұрғанда Құран түспей Әмір Хақтан,  
Сыйынған қазақ едік кәміл Сақтан.  
Құдай ғып қуыршақты жүргенде араб,  
Бізде екен мұсылмандық әлімсақтан.

Сенбесең, айтар сөзің десең жалған,  
Сөзі бар Геродоттың бізге қалған:  
«Қазақтар көп Құдайлы грек емес,  
Тілеуін тілейді тек бір Алладан».

Бұдан соң қанша ғасыр, заман өтті,  
Жақсы да, жан шошытқан жаман да өтті.  
Қу тағдыр ойнатқандай аударыспақ,  
Ақтарды қызыл жеңіп, Кеңес жетті.

Басыңнан арылмады қырық құяң,  
Орысты қызықтырып ырыс, мияң.

Жетелеп жетпіс жылдай желкеледі,  
Сонда да болған жоқпыз христиан...

Қасірет, қайғы қашты бастан бүгін,  
Салтанат құрып жатыр бостандығың.  
Мұхаммед – пайғамбарың, Алла біреу,  
Көрсет сен енді ислам асқарлығын.

Жатырмын деме Құран жаттап бәрін,  
Ханафи, Ханабали... мезхабтарын.  
Талдай біл сүрелерін Құран, аят,  
Жағарға Сахих хадис асқақ шамын.

Түйсікпен оқы терең түсінікпен,  
Болашақ Қари шығар деп үмітпен.  
Ортаға ойран салар ойсыздарың  
Шығады теріс ұғым, түсініктен.

Көрген соң теріс кеткен көп ісіңді,  
Шашпа деп айттым ақыл – ырысыңды.  
Бүйректен сирақ кейде шығарғанды  
Құдай да, біле білсең, қош көрмейді.

\*\*\*

«Маскүнем, болып кетті нашақор...» деп,  
«Ит болып, имансыздық жасады ол...» деп  
Кінәлап отырғанша біреулерді,  
Күнәнің көрмейміз бе түбін іздеп.

Жүргендер жамандықтың жетегінде,  
(Оқымас оң намазын етегіне).  
Көз жіберсек қайтеді солардың біз  
Құрбаны жарнаманың екеніне.

Момынды тұқыртамыз сынап атын,  
Байлардан күдірет жоқ күн алатын.  
Қаншама фирма, зауыт, фабрика  
Қаптаған улы өнім шығаратын.

Жатады өнімдерін жарнамалап,  
Күн-түні табыс тауып жатқаны нақ.  
Жалтылдатып қойғасын жарқыратып,  
Санасын миллиондардың алады арбап.

Дүниеге көздің құрты тоймайды екен,  
Бай Құдай болсам деуді ойлайды екен.  
Қалтасын қалыңдату қамыменен  
Адамдар тағдырымен ойнайды екен.

Сөйте тұра сөз қозғап иман жайлы,  
Ортаңда ақыл айтып отырады.  
Сөзі басқа, ал ісі мүлде бөлек,  
Құдай өзі жазалар мұндайларды.

Темекі, арақ, наша... тағы не бар?  
Түспейді қашан көрсең жарнамадан.  
Жалғанды жалпағынан басқанға мәз  
Тозақтың оты барын ойламаған.

Ешкім де қарсы емес қой байығанға,  
Өрілген адалдықпен жолы болса.  
...Күнөнің ең үлкені, ойлап тұрсам,  
Жамандық уын сеуіп жатқандарда.

\*\*\*

Өзгеге байқап ашып есігінді,  
Жөнге сал әуел бастан бесігінді.  
Осы деп нағыз қазақ танитындай,  
Келтіргін келісті ғып есімінді.

Танимыз адамдарын әр қияның.  
Грузин, латыш, араб, армяның.  
Білесің естігенде есімдерін,  
Балапаны екенін қай ұяның.

Қазақты нақ осылай тану қиын,  
Тегіңнен байқала ма даралығың?  
Төлқұжатқа «қазақ» деп жазғанменен,  
Қоса алмай жүрміз бірақ «ұлы», «қызын».

Кеңестің заманында тартынбастан  
Ер Баукең әкесінің атын жазған.  
Қазақтың

«Ұлы»,  
«Қызы» атануға  
Тәуелсіздік тұсында кіммен қорқам?



\*\*\*

Болғанмен қырық ру, ұлтым – біреу,  
Жеті ата – ер жігітке болған тіреу.  
«Жеті атасын білмеген – жетесіз» деп  
Біздерге өнеге еткен ескі сүрлеу.

Сондықтан білген дұрыс жеті атаны,  
Бабамның адастырмас ескі салты.  
Табысып жатар едің жамағатпен,  
Жеті атадан таратып туысқанды.

Біледі сонда ұрпақ туысқанын,  
Қосылар жеті атадан туыстарын.  
Жастарым жараспасын ұғар еді  
Бауырлас ұл мен қыздың қосылғанын.

Жиендер білер еді нағашы елін,  
Анасының туысқан, төркіндерін.  
Бір-бірін таныр еді құдалар да,  
Құдаласып жатпай-ақ күні бұрын.

Салтыңды сол болар ед сақтағаның,  
Атаның ақ тілегін ақтағаның.  
Ұлтыңды ардақ тұтсаң «Қазақпын» деп,  
«Жеті ата» – баба жолы мақтанатын.

\*\*\*

Қаптады жетім бала, жесір қатын,  
Кінәлі деп ойлаймын осыған кім?  
Қарияң да тастанды, сәбиің де,  
Шайқалып шаңырақтар жатыр бүгін.



Қалмады қызда – қылық, ерде – құлық,  
Істеген істерінің бәрі былық.  
Үлкеннен ақыл тыңдау ойында жоқ  
Сотқар ұл, тентек қыздар жатыр шығып.

«Мәңгілік бір болуға» серт береді,  
Осылай қызық күндер өткереді.  
Қосылғанша соншама ынтық болып,  
Қосылған соң бір-бірін жек көреді.

Ашылып кетеді де аралары,  
Араздасып сот алдын жағалайды.  
«Тірі жетім» атанып балалары,  
Екі жаққа жаутаңдап алаңдайды.

Ақ жаулықты анадан алмай құнар,  
Өсіп, өніп кетеді қайдан шынар?  
Еркектен ар қашқан соң, қыздан – ұят,  
Шайқалмай шаңырағың қалай тұрар?

Демендер көпке кінә тағып айтты,  
Шымбайға ши жүгіртіп, шағып айтты.  
Қазақтың дәл қазіргі шындығы осы,  
Сондықтан шығып жатыр сөзім қатты.

\*\*\*

Көрінбес, көзге жұмбақ болған бұрын,  
Табиғат, таңғажайып тосын сырын  
Танысың өрістетер өзек күшің –  
Бойыңда болса тілің, білім, ғылым.



Тіл – сенің туа бітті құдіретің,  
Жеткізер арман, ойдың суретін.  
Есті сөз естігендер естен танып,  
Дуадай бойы балқып сіңіретін.

Тілменен байытасың біліміңді,  
Бар болса бойда қуат, ілік үлгі.  
Тоқтауға, тоқырауға жол бермейтін,  
Ғылымға жетелейтін ілігіңді.

Ер болар елден ерек ғылымы асқан,  
Ел үшін жаһан кезіп, білім жиған.  
Танытып туған жерін күллі әлемге,  
Тіпті қажет болғанда жанын қиған.

Еңсесін биік етсе ер сақтап ар,  
Ерімен, міне, сондай ел мақтанар.  
Бар әлемнің халқына ортақ ұл боп,  
Есімі құрметпен ардақталар.

\*\*\*

Заманда мынау жаңалық ашып күреспен,  
Жеңетін жер көп шығарар елді тіреспен.  
Өзгеден өрге өрмелеу сенің міндетің,  
Қалуға жол жоқ ғылыми прогрестен.

Болуы заңды эмиссер тандап алуың,  
Алдыңда жорық, әлемді мынау тануың.  
Жетемін дейсің социалкоммунизмге  
Аппогей үшін Гегемон сайлап бағы мың.



Жасыңнан ойлан, жанталас жаһан тануға,  
Халқыңа жайлы жаңалық іздеп табуға.  
Емініп, елтіп, есіңнен танба, еріме  
Жанарың жетпей жағынып жаһандануға.

Білімің тасып аларсың талай қиясын,  
Өмірде өшпес өнерден өрнек жиярсың.  
Ақырын ойла ластанбас ауа, суыңның,  
Бүлдірмей бүгін табиғат экологиясын.

Шығарма естен Адам – Жер бауыр екенін,  
Сол жерде сенің киелі туған мекенің.  
Иманың тасып, асылды ардақтамасаң,  
Жер-Анаменен Адам да бірге кетерін.

## АРҚАРДЫҢ МҮСІНІ ТҮР...

Жер бастым көріп талай арай таңын,  
Даланың бұрқыраған жұтып шаңын.  
Көркейген көп қабатты қалада емес,  
Ауылдан басталыпты жастық шағым.

Көк тасым, көк тіреген асқарларым,  
Көк өзен, аққу, қазым, қасқалдағым.  
Өзіңнен өмір-өзен өзек алды,  
Басталды білім-білік баспалдағым.

Тамаша табиғатым сайын ерек,  
Тау самал, арша исі, қайың, терек.  
Көп тердім жемісінді терім төгіп,  
Бүлдірген, мойыл, шие шелек-шелек.

«Жазыққа жалғасатын қырат желке,  
Мамықтай құрақ, селеу, жусан көрпе.  
Бұдан да көркем еді бұрын, – дейтін  
Үлкендер, – жас болғанда туған өлке.

Шіркін-ай, неткен жер ед керім! – дейтін, –  
Аң-құсын аулауға адам ерінбейтін.  
Көл – қиқу, табын киік, тауда арқар,  
Қамыстан түйелі адам көрінбейтін.

Е, балам, солай болған бұрын заман.  
Не көрмек тірлік бітсе ертеңгі адам?

Жаныңа қандай ләззат ала аласың  
Мүсін боп мұражайда тұрғандардан?

Сандуғаш, ұлар, бұлбұл, киігінді,  
Суреттен көріп тұрған күйім мұңлы.  
Арқардың тас мүсінін орнатқанмен,  
Әдемілей ала ма биігімді?..»

Ойлантатын жәйттер ғой кісіні бұл,  
(Клоун боп арыстан күшігі жүр).  
...Арқарлар ажар берген тау басында  
Арқардың өзі емес... мүсіні тұр.



## АР АҚИҚАТ ПЕН АҢЫЗ

Баспаған пенде далаға сусыз,  
Баялыш, қаңбақ, топырақ – құнсыз.  
Аз ғана көктем күнімен көктеп,  
Өткен соң жыл құс жататын шусыз.

Қуаңға сонау келді де Адам:  
«Осында, – деді, – шаһарды салам.  
Жеріңнен байлық, базарды табам,  
Қызығар сонда барша әлем саған».

Қарыштап өсіп дүркін де дүркін,  
Сұрықсыз дала оянды бір күн.  
Жадырап жазы, құлпырып қысы  
Тұратын көрді ел өңірдің көркін.

Тастарын шайнап темірдей тісі,  
Қазанда қайнап буланды мысы.  
Жасыл желекті орнатып орман,  
Бағында сайрап, шулады құсы.

Алысқа өсем естіліп өні,  
Далаға дархан ағылды бөрі.  
Жерінің асты – кен толы қамба,  
Көгілдір көкте – ғарыштың сөні.

Бұл өңір болды әлемге дәліз,  
Шегі жоқ кітап жазылған әр із.  
Біздің ақиқат өмір осындай,  
Көрмеген елге бейне бір аңыз.



## ЕЛЕСТЕТЕМ ПЕРІНІ

«Арпа-бидай ас екен,  
Алтын-күміс тас екен...»  
Дегеніне қазақтың  
Қарны тоқтар қас екен.

Баста парик, шаш – крес,  
Бұрымнан жоқ адрес.  
Тырнақ, кірпік, қас – бояу,  
Қалмаған ба мүлдем ес?

Опалаған теріні,  
Қызыл жоса еріні.  
Қан жалаған қасқырдай  
Елестетем періні.

Саусағында көрі-жас  
Гауһар жүзік, қымбат тас,  
Құлақ та алтын, тіс те алтын,  
Ішкені арақ, шілі мас.

Ауызында сигары,  
Байлықты бойға жинады.  
Темір артып жүруге  
Қай құдайым қинады?

Барын соған арнаған,  
Бармаған курорт қалмаған,

Жылуы жоқ сұлулық,  
Байлық бәрін жалмаған.

Дәріменен ұсақтап,  
Бітсе сәби пышақтап,  
Ит, мысықты жүргені  
Бала орнына құшақтап.

Есте қалған көп тыңдап,  
Ертедегі жезтырнақ,  
Келеді дейтін кесапат  
Тұла бойы саудырлап.

Ақшасы көп, май өнді,  
Түр келмеген әйелді,  
Жезтырнаққа желіккен  
Ұқсатамын мен енді.

Табиғаттан ассаң да,  
Қаншама бояу жақсаң да,  
Келмес түрің келмейді,  
Тонналап асыл тақсаң да.

## НЕ ДЕЙСІҢ?

Ойнап,  
Күліп,  
Жайраңдап  
Жүретұғын заманың.  
Іштің,  
Құстың,  
Керістің,  
Істедің істің жаманың.

Жылау,  
Айқай,  
Жанталас  
Еміс-еміс есінде.  
Ұрды,  
Соқты,  
Құладың,  
Көзіңді аштың кешінде.

Таяқ,  
Боқтау,  
Лағынет  
Алған сыйың сондағы.  
Ісік,  
Сынық,  
Көгерген  
«Естелігің» қолдағы.

Балдақ,  
Таяқ,  
Протез,  
Жүре алмассың, сірә, тез,  
Арақ,  
Сыра,  
Темекі  
Осы күйге қылған кез.

Милиция,  
Түрме,  
«Больница»  
Бұл күндегі орыны.  
Сөйте тұра  
Пенсия  
Іздейтіні сорлының.  
...Мұндайға енді не дейсің?

## АБЫСЫНДАР

(Мысал-ертегі)

Ерте, ерте, ертеде  
Екі абысын болыпты.  
Үлгі болып көп елге,  
Бақытты өмір сүріпті.

Татулықты өзәзіл  
Сайтан естіп біліпті.  
«Қатырайын, – деп, – қазір», –  
Тісін қайрап күліпті.

Абысынның біріне  
Алтын болып кіріпті.  
Екіншінің түріне  
Киім болып еніпті.

«Алтын көрсе періште  
Жолдан тайып кетеді».  
Абысындар керіссе,  
Сылтау енді жетеді.

Күйеулердің құлағын  
Күні-түні бұрайды.  
Жыламсырап қос қатын  
Жоқ нәрсені сұрайды.

Қос жігіттен күй қашты,  
Кешегі күн боп елес.

Тура жолдан адасты,  
Екеуара – тек егес.

Бірі киім іздеді  
Әйеліне жарасар,  
Бірі бұйым көздеді  
Жары тағып бағы асар.

Араздасып ақыры,  
Кетті екі ағайын.  
Сайтан – ақыл шайқаған  
Шаңырағын талайдың.

## БІЛІМ: БҰРЫН – БҮГІН

Бірінші класс бұрынғы  
Ауырлау болды десек тым.  
Мыңға дейін төрт амал –  
Бар қиыны есептің.

Бастауышты жол қылып,  
Болмас үшін олқылық,  
Ана тілі, есепті  
Төрт жыл бойы оқыдық.

Алтыншыда бастадық  
Алгебра сабағын,  
Жаңғақтай шағып тастадық  
Оның да барлық амалын.

Геометрия тағы бар  
Альфа, бета, тангенс.  
Талай басты қатырды-ау  
Косинус пен котангенс.

Шешімнің ең қиыны –  
Икс пенен игрек,  
Келсе, шіркін, иіні  
Біз үшін бұл игілік.

Аздай-ақ тонна, центрің,  
Милиграмды жаттадық.



Электрон мен нейтронды  
Жаттамай өсте жатпадық.

Бесік тербеп оқыды  
Болашақ ұлы химиктер.  
«Ерінбеген етікші» –  
Бұл күнде академиктер.

Аға бүгін бухгалтер  
Болады деп кім білген?  
Бір кездері сол кісің  
Төрт-ақ класс бітірген.

Қазір бала қолында  
Аппарат электроника.  
Теледидар беріп тұр  
Күн сайын жаңа хроника.

Түсіңе де кірмеген  
«Высший математика»,  
Есептегіш машинка,  
Жаңа автоматика.

Басып қалсаң түймесін,  
Шығып жатыр формула.  
Бас орнына – ходовой,  
Істейтін тек қол ғана.

Бұзылғанда аппарат  
Шақырады мастерді.



Басы істеген, ізденген  
Мастер қазір қастерлі.

«Екі бесім қалай?» деп  
Ойлап басы қатпайды.  
Қалам алып, есепшот,  
Шимайлап та жатпайды.

Қиналмай-ақ есептің  
Шыққанына қуанар.  
Аппаратпен оқиды  
«Үздік» оқушылар.

Теңіз кешіп көрмеген  
Қалай қолға ту алар?  
Болашағы бұлыңғыр  
Қақ суындай суалар.

Баспен емес, автомат  
Шығарғасын есепті.  
Бұл заманда кімдерге  
Теңейді екен есекті?

Шеріңде жаным жалғанда,  
Күндерің өйдің оңыңда,  
Сарғайған төзім солғанда,  
Дәрігерім не жалаңда.

«Бітті», – деді ол маған, – «ерсің»,  
Үйіңе енді ұйы шығасың.

## КЕҢСЕДЕГІ КЕЛІНШЕККЕ

Оқыған, білікті жан, білдей маман  
Деп жүрсек екенсің-ау сондай надан:  
«Ағатай, кабинеттен кетіңізші,  
Иісі май киімнің қандай жаман...»

Дедің де шүйірдің кеп танауыңды,  
Май иісі алып кетіп маңайыңды.  
Бір сен емес, осыған шейін де мен  
Тәубесіне түсіргем талайыңды.

«Май киім дәм-тұзым боп отыр, ханым,  
Қалайша түсінбейсің соны, жаным?  
Шалқайып кабинетте, креслода  
Арқасы осы майдың отырғаның.

Ескермей соны, қарғам, не дегенің?  
Тиесің намысыма неге менің?  
Май сіңген сол қалтамнан ақша көрсең,  
Жиіркенбей құшағыма енер едің».

## МЕДИЦИНАЛЫҚ «ТАКТИКА»

Ауырып, жанға батқан соң,  
Барғанмын ауруханаға.  
Күн түсіп басқа жатқан соң,  
Өткіздім күндер арада.

Батса да жанға жатырмын,  
Қайырылып қалған қанаттай.  
Дегізіп «Мынау батыр кім?»  
«Обходта» экспонаттай.

«Етесің, – деді, – қанағат...»  
Уколын екі-үш беріп ед.  
Саусақтан күнде қан алад –  
Бітпейтін эксперимент.

«Ем-домды саған доғарды,  
Дәрігерді іздеп жоқтама.  
Алысқа түсіп сапары,  
Кетті ол командировкаға».

...Шерменде жаным жалғанда,  
Күндерім қайран өтіпті.  
Сарғайып төзім солғанда  
Дәрігерім де келіпті.

«Бітті, – деді ол маған, – «срогиң»,  
Үйіңе енді үйге шығасың».



Басқаға керек бұл орын,  
Әптектен дәрі ап тұрарсың».

Дәметіп берер дәріден,  
Жаныма шипа тосып ем.  
Көргенде қорқып көрінен,  
Емделу бітті осымен.

Медицинада не түрлі  
Бар екен қызық тактика.  
Түсінбей қалдым, біртүрлі,  
Бұл қандай «профилактика?»



## ШЫЛЫМҚОРДЫҢ ШЕРІ

Зиянын темекінің біле алмадым,  
«Темекі тартпа» деді, тіл алмадым.  
Күркілдеп сексендегі шалдан жаман,  
Түнімен ұйқы көрмей бұрандадым.

Шекпейін, темекіні қояйын деп,  
Жеңілдеу, жеп көрейін оңайын деп,  
Таңдадым насыбайды таңдайға сап,  
Талғажау етіп етіп аздап сорайын деп.

Осылай мен өзгерттім тақырыпты,  
Әдет қып ел сүймейтін жат қылықты.  
Біртіндеп былшылдаған түкірікке  
Жалғадым жиіркеніш қақырықты.

Қос өкпе ысқа толған қыратұғын,  
Асқазан азды алып ми ақылын.  
Ауызым ауыз емес... дәретхана,  
Мұржасы күлімсі иіс шығатұғын.

Тіс деген аты ғана – сирек бұта,  
Шіріген насыбайды жұта-жұта.  
Қалтаған қалың татты, кариесті  
Ала алмас колгейт түгіл кислота.

Топ көрсем ойға түсіп күнәм, қайғым,  
Қиналам, ортасына кіре алмаймын.

Сеземін сезетінін, сезіктімін,  
Амал жоқ, сағыз шайнап мұны алдаймын.

Сұлулар жиіркенді, сүйе алмадым,  
От құшақ оранбадым, күйіп жалын.  
Биге де той-қызықта шыға алмадым,  
Сезген соң өн бойымда былық барын.

Қаладым қалай ғана құйын жағын,  
Болды ма түйсік төмен, миымда мін?  
«Қотыр ат соқыр атқа үйір» деген,  
Неге мен соқыр соқпақ шиырдамын?

Ми кепті, қан бұзылып, ойлайтұғын,  
Танимын танысымды зорға-ай бүгін.  
Жардың да құшағына жата алмаймын,  
Бұла күш бойдан кетіп қоймайтұғын.

Ескерту сүйген жардан, баладан да,  
Бауырдан, ата-ана, даладан да.  
Естірім ертелі-кеш: «Есің қайда,  
Ұқсайсың алжыған, – деп, – көрі адамға».

...Сайтанға әуел баста беріп ерік,  
Мәз болып жүріппін ғой шылым шегіп.  
Ей, жастар, тастарсыңдар темекіні,  
Мыжымдалған қағаздай мені көріп.

## МҰРАЖАЙ

Құпияны құдіретті даламда,  
Паш етерлік қасиетін ғаламға.  
Жылдар бүркеп жұмбақтарын жасырған,  
Ашу міндет, аманаты адамға.

Елге парыз есті жырды ескеріп,  
Шаң бөктіріп шірігенше десте ғып.  
Мұрағаттар сөресінде жасырмай,  
Ел көретін жерге қою естелік.

Өр кезеңнің өзіндік бар жүйесін,  
Қуанышын, зарын, заман күресін.  
Тамашалап көздің қарашығындай,  
Мұражайдан алсын өркім үлесін.

Талмай іздер талаптыны баптандар,  
Таңдай қағар алда ұлы ақ таң бар.  
Бүгінінді болашаққа болжатпай,  
Мұражайда естеліктер сақтаңдар.

Болсын әлем жаңалыққа жаритын,  
Дархан дастан даламызды танитын.  
Мұражайдан білсін біздің болашақ  
Қаныш құрған қаламыздың тарихын.

## МЕЛАНХОЛИЯ

(З. Чумаковадан аударма)

Құлазып барам ба дендеп,  
Шыңымды ақ қырау басты.  
Сүт құйған қызыл шай демдеп,  
Ағызам көзімнен тамшы жасты.

Құмалақ сөйлеген жылдар,  
Жолдары сайрап-ақ жатыр.  
Алдымда қаншама таң бар,  
Жетпестей ойласаң ақыл.

Жеттім бе, жеткізді ме екен?  
Ақ бетті айғыздап жасым.  
Деген ем жарқылдап өтем,  
Шартылдап найзағай жасын.

Ойға алып бәрін де үнсіз,  
Тілдеспей ешқандай жанмен.  
Оранып көрпемді жалғыз,  
Тағы да таласам таңмен.

## КІМ МҮСӘПІР?

Деген соң мүсәпірмін «гуд-гуд»,  
Шыдамай кетіп көмектестім «чут-чут».  
Байқасам ертеңіне қыт-қыт  
Ақшасын санап отыр быт-быт.

Күліп отыр миығынан жырқ-жырқ,  
Мені мазақ ететіндей тырқ-тырқ.  
Алдында оның қазы, қарта былқ-былқ,  
Ауызынан ақ май ағып сылп-сылп.

Нашарды жеткізем деп мың-мың,  
Бас қамын ойламаппын дым-дым.  
Бір кездері қол жайғандар «дай-дай»,  
Бүгіндері кеуде соққан бай-бай.

Сұрағы көп, жауабы жоқ мың-мың,  
Ойым – онда, санам – санда, дың-дың.  
Шақша басым шарадай боп шың-шың,  
Ішінде бір қалғандаймын жынның.  
...Айтыңдаршы, сонда  
Шын мүсәпір кім?



## СЫРТ КӨЗГЕ ҒАНА ҚАСҚЫРМЫН...

Демеші мені жайраңдап жерді басып жүр,  
 Ұмытып өткен, өрт кезін асып, тасып жүр.  
 Сырт көзге ғана қасқырмын жүні қампайған,  
 Кеудемде жүрек жалынға жанған ашып жүр.

Тағдырдың таттым дәрісін, нәрін, уын да,  
 Ащысын, қышқыл, тәттісін, кермек суын да.  
 Ем қонар енді дегенге, жаным, сенбеймін,  
 Жалғанда мынау жазылмас жара миымда.

Елес боп өттің жайдары мінез, сән қылық,  
 Қанатты қиял, қалқыған арман мәңгілік.  
 Айдынға шалқар қонбайды қайтып ақ қанат,  
 Көгілдір көлді көрсетер көпке өн қылып.

Көрініп кейде, тіл қатсаң жанар шоқ болам,  
 Жанымды шарпып, жандырып алау от боран.  
 Жетсе егер көзім, өзіңді қайта көрмеске  
 Өмірден мынау өшермін мен де, жоқ болам.



## АҚСАМАЛ





## СЫРТ КӨЗГЕ ҰЛЫТАУ ҚЫРМЫН...

Денесі мені жайытқа  
 Ұмытып өткен, бұтқа  
 Сырт көзге ғайып  
 Кеудемде жүрек жапты

*Ұлытау – Ұлы, ерексің,  
 Шежіре шертер дерексің,  
 Өткенің – өмір өзегі,  
 Ұрпаққа мәңгі керексің.*

Арқаның асқақ төсіндегі сен биігі,  
 Денесі – көк тас, шалғынды тоғай киімі.  
 Табиғат өзі жарата салған көркем жер,  
 Асқарында арқар, бауырында өрген киігі.

Шіркін-ай, шіркін, сөйлеуге саған берсе тіл,  
 Шежіре-сырың таусылмас еді-ау шертетін.  
 Жерұйық өзің Асан Қайғы бабам аңсаған,  
 Көрікті мекен, еліктерің де ерке тым.

Қаншама сырың ашылмай жатыр астыңда,  
 Қадірлі мекен – Арқаға біткен бас тұлға.  
 Қаншама байлық бойыңнан әлі табылар,  
 Таныған жанға сыры бар әрбір тастың да.

Тоғайың торғын қай жерден, сірә, кем қалар,  
 Саф ауаң таза көкірек керіп дем алар.  
 Бұлағың мөлдір, құрағың майда мамықтай,  
 Өзіңнен артық ел үшін қандай сая бар?!

Төсіңнен қымбат сан асыл металл өндіріп,  
 Ғасырлар халқым бұл күнге жетті жол жүріп.



«Ұлытау» қойды бабалар балап атыңды,  
 Жүрсін деп ләйім қасиетіңді дүйім ел біліп.

Өрбіген сенен қаншама дархан асыл жан,  
 Ұл-қызың өжет, еңбекте даңқын асырған.  
 Өзіңе деген жүректе ыстық сезімді  
 Жыр етіп тарту арманым еді жасымнан.

Сыдырға тілсіз ер-пәліт пәрдиді,  
 Сұлының қандырақын қолыңда  
 Саярда бұлақтан қанжарыңды  
 Мен де бір көңілдіреткенімді

Соғалтаңдиді қай жерде еді есеп  
 Ата-бабаңды құрметтеп  
 Бір таяғың өз қолыңнан  
 Жайып бергеніңді

Құрмыста құрып шыңдалған,  
 Құйылды дөңізің тыңдарған.  
 Көрсеткіштерің көз жетпес,  
 Миллиард асты мыңдарған.

Көз тартты сұлу қаламыз,  
 Мыңғырды мәңгі аламыз.

## КҮМІСБҰЛАҚ

Армысың, Арқа нәрі – Күмісбұлақ,  
Ағатын күні менен түн сылдырап.  
Қай жерде жүрсем-дағы құлағымда  
Күмістей сыңғырлаған үнің тұрад.

Кіндік қан тамған таныс, жуған жер деп,  
Бет алсам Ұлытауға көңіл көлдеп.  
Бас имей басыңа мен өте алмаймын,  
Қандырмай құмарымды тұрған шөлдеп.

Сылдырап тілеп әр кез жол асылын,  
Сусынын қандырасың жолаушының.  
Сапарда кәусарыңнан шөліркеген,  
Мен де бір шөліркеген жолаушыңмын.

Десе де елімде көп киелі шың,  
Көп жандар қадір тұтпас киелісің.  
Бір тамшы суың сенің емге дауа,  
Сондықтан, Күмісбұлақ, киелімісің.

Тығайың торғын қай жерден, сіре, кем қалар,  
Сағ ауаң таза көкірек көріп дем алар.  
Бұлағың мақпал, күрегің майда мамықтай,  
Өзіңнен артық ел үшін қандай сая бар?

Төңіріңе қымбат сая асыл металл әндіріп,  
Қасырлар халқым бұл күнге жеткі жол жүріп.

## СӘНДІ ҚАЛАМ – СӘТБАЕВ

Бас ием ұлы Қанышқа,  
Жұлдызы жанған ғарышта.  
Сәтбаев қалам, бұл күнде  
Атағың кетті алысқа.

Білімсіздіктің азабын,  
Октябрь жойды мазағын.  
Тоқсан сегіз пайызың  
Сауатсыз еді, қазағым.

Оянған елім Кеңесте,  
Өнерде шықты белеске.  
Тісқаққанмен тірескен  
Ерлердің ісі емес пе?

Соғыста дүлей азап күн  
Атағы асты қазақтың.  
Жауламақ болған жалмауыз  
Жаудан да елді тазарттың.

Құрылыста құрыш шындалған,  
Құйылды дөнің тыңдардан.  
Көрсеткіштерің көз жетпес,  
Миллиард асты мыңдардан.

Көз тартты сұлу қаламыз,  
Мыңғырды малға даламыз.



Байлығын жердің игердік,  
Ғарышты дедік аламыз.

Көз тартты елдің әр ісі,  
Таусылмай жеңіс жарысы.  
Бүгінгі қазақ – мақтаным,  
Білімнің қыран, барысы.

Елбасы – нұрлы, жарық күн,  
Алыбы болды алыптың.  
Дүниенің жүзін билердей  
Көсемі дер ем халықтың.

Бөлінсе кеше сан ұйқың,  
Санаға салсаң танисың.  
Қазағым, өткен өмірің,  
Әр жылың – жеке тарихың.

Білімін баққа балаған,  
Ақырын ойлар дана адам.  
Ел болмас еске бір алмай  
Асылын ардақтамаған.

Дауылы тұрса, шаңдатқан  
Қазақтың жері мал баққан.  
Қалаға бүгін айналып,  
Қаншама елді таңдантқан.

Ырзалық естіп бар ұлттан,  
Көрмеген күнін тарыққан.



Қазақтың қайырымына  
Әлемнің халқы қаныққан.

Байрағы биік бірліктің,  
Белгісі берік тірліктің.  
Дәулетсіз сәулет келмейді,  
Қалама қарап соны ұқтым.

Есімін берген данаға,  
Сән беріп тұрған далама,  
Қызыға берсін бар әлем  
Сәтбаев – сәнді қалама.



## АЯЛАЙЫҚ АНАНЫ

Үшса деп ұясынан балапаным,  
Атырған көзін ілмей дала таңын.  
Тербеген ақ қайыңның бұтағында,  
Анашым, қандай жұмсақ алақаның.

Жеткізген жеткіншегін армандарға,  
Адамда анасы бар арман бар ма?  
Жүзінен жылы шырай самал есіп,  
Самғатар сара түзу салған жолға.

Еңбегі тұратұғын дараланып,  
Болмайды еш анаға баға лайық.  
Тербеген толқынында торықтырмай,  
Ананы ардақ тұтып аялайық.

## «ЖЕЗҚАЗҒАННЫҢ КЕНШІ АҚЫНЫ» АТАНДЫҢ

(Кәкімбек аға Салықовқа)

Тумай жатып дәмін таттың аштықтың,  
Бес жасыңда түрін көрдің қастықтың.  
Тоғызыңда «соғыс» деген сор келді  
Өшірем деп отын үрлеп жастықтың.

Таттың ащы жетімдіктің нәрін де,  
Көз алартқан көрінгеннің көрін де.  
Ата-анасыз, аға-жеңге, нағашы  
Құшағында жетелеген тәлімде.

Нәзік жүрек бөріне де шыдадың,  
Өрге сүйреп өр кеуделі пырағың.  
Ес жинадың ерте тастап балалық,  
Жалғау үшін жаққан шамның шырағын.

Түйткіл сезім түйсікті деп даранды,  
Тәңір саған сүйгіздірді далаңды.  
Жезкиіктің желісімен жарысып  
Сұлу сазды арнау үшін бар өнді.

Еңбек еттің, елге арнадың барыңды,  
Жарты әлемнен іздеп биік тағыңды.  
Халқың үшін төккен терің ақталып,  
Жырынды да тыңдайтын жан табылды.

Көкшетаудың топырағынан бата алдың,  
«Жезқазғанның кенші ақыны» атандың.  
Жезқазғанда, аға, сенің есімің  
Ұлы Қаныш Сәтбаевпен қатар тұр.

## ӨЗІҢМЕНЕН МАҚТАНАМ

(Қанат Сұлтанұлы Балмағамбетовке)

Егемен елге ерікті  
Елбасы нұсқау беріпті:  
«Сайла, – деп, – әкім әділден,  
Көрсетер елге көрікті...»  
Әскердің биіктерін армандадым.  
Әкімді халық сайладық,  
Болашақ бағын ойға алып.  
Өзіне сенім таныттық,  
Ел болып шешіп, толғанып.  
Жасады әкім жобаны,  
Көңілге бөрі қонады.  
Жұмылдырды халықты  
Жақсы істерге бағалы.  
Ғимараттар нақышты,  
Өр түрінен салынды.  
Игілікке жұмсады  
Байлықтан түскен табысты.  
Оңынан тауып шешімін,  
Мешіттің ашты есігін.  
Салынып жатыр мектептер,  
Балабақша – бесігім.  
Кешегі жаяу, көлікті  
Байлыққа белден бөгіпті.

Өсем үй, жасыл бау-бақша,  
Қаламыз бүгін көрікті.

Қадірін қарты сақтаған,  
Сенімін жасы ақтаған,  
Дәстүрге берік, салты нық  
Сәтбаев, сенен бақ табам.

## ҚАЗАҚТЫҢ СЕНДЕ ҰЛЫ ШАҢЫРАҒЫ

(Ұлытау ауданының 70 жылдығына)

Жеткізіп жарық күнге Жаратқаным,  
Ұлытау каусарынан нәр алғанмын.  
Ақ таңның сәуле шашқан алауынан  
Асқардың биіктерін армандадым.

Ұлытау, бар қазаққа шежіресің,  
Тарихын, тұңғиығын сезінетін.  
Сыр жұмбақ, сымбат сұлу суретсің,  
Көз тоймас көркем келбет көрінетін.

Қазақтың сенде ұлы шаңырағы,  
Бірлікке бесік бола білдің мәңгі.  
«Жетпіске толды» дейтін сендірмейтін  
Ресми жазу ғой тек құжаттағы.

Алыс-жақын жинаған елдің бәрін,  
Ұлытау, құтты болсын той-думаның!  
Өкімдерің халықтың қамын ойлап,  
Халықтың мұңын айтсын ақындарың!

Жәнібек шөбересі жырға жақын,  
Шілдебай немересі асыл затым.  
Нағашым – аты шулы Бабыр батыр,  
Баласы Иманғали Ғалил атым.



Бұзбаған қазағымның салтын мәңгі,  
Ежелден сөз бастайды ақындары.  
Сол жолмен жеткіземін сәлемін мен  
Қаланың ұлы Қаныш атындағы.



## ЖҮЛДЫЗЫ ЖАНА БЕРСІН

(Жезқазған қаласының 60 жылдық мерейтойына)

Ассалаумағаләйкүм, асуларым,  
Ақ селеу, бетегелі жасыл бағым.  
Сарыкеңгір, Қаракеңгір, Сарысуым  
Ақ толқын аспанға атқан шашуларын.

Ассалаумағаләйкүм, қариялар,  
Ақ бас тау, ақыл кені дариялар.  
Кешені көзі көрген, көңілінде  
Қаланың тұнып тұрған тарихы бар.

Бас иіп сәлем берем, асылдарым,  
Той күні айтар сөзден тосылмайын.  
Жанашыр жанындағы жақын інің –  
Сәлемін Сәтбаевтың қабыл алғын!

Қос қалам қатарласа қоңсы қонған,  
Өлемге еңбегімен жаршы болған.  
Жезқазған қорытатын сары мысты  
Кеншілер жер астынан аршып алған.

Өр кеуде қыран десем қиядағы,  
Тыныстың тыңғылықты тиянағы.  
Өрмектеп өлең сөзбен өрнектесем,  
Өскені мұзбалақтың ұядағы.

Табиғат табыс етсе тастан бағын,  
Ғылымның құпиясын ашқан ғалым.

Сый жетсе жер жүзіне жетерліктей  
Мыс бұлақ – Жезқазғаннан аққан балым.

Жас өсіп жатыр бүгін жарлы байып,  
Көрініс көз алдыңда таңғажайып.  
Жанарың жарқын істен нұр жанады,  
Жақсылық көрген кезде жанға лайық.

Жаңарса жаңалығың жылда мына  
Жырларым жалғасады жырларыма,  
Жезқазған – жер жәннаты бүгін таңда,  
Болашақ бақыт бағы ұл-қызына

Бейнетін зейнет етсін ерлерімнің,  
Өтеуі ақталсын да терлерінің.  
Баршамыз бағалауға міндеттіміз  
Алауын ардагердің елдегі мың.

Қос моншағы секілді даламыздың,  
Жұлдызы жана берсін қаламыздың.  
Кен қоры Сәтбаевта таусылмасын,  
Ғұмыры ұзақ болсын ағамыздың!

## ҚАНЫШТЫҢ ҚАЛАСЫ

(Сәтбаев қаласының 40 жылдық мерейтойына)

Армысың, бауырларым, туысқандар,  
Бірлікті тірлік жасап ұйысқандар.  
Армысың, ұлы Қаныш атындағы  
Қаланың уығын бір шанышқандар.

Киік пен құлан жосып шаң қалдырған,  
Даланы өзгеше етіп таңғалдырған,  
Құрылыс сап, зәулім үйлер қиял жетпес,  
Ертеңге өшпес өрнек сән қалдырған.

Тыңдарға салған егін тұрмыс тарда,  
Шыңдалған аштық, соғыс, бұрылыстарда,  
Көз жетпес көрсеткіштер көрсеткендер  
Миллион, миллиардтап құрыш балға.

Тарихтың бастау алған тереңінен,  
Танылған талантымен кемерінен,  
Тарландар топты жарған толқындары  
Өнер мен өнегеден берері кең.

Ағызған ащы терді күндіз де түн,  
Еңбегі сіңген елге ерлерім мың.  
Есімі есте мәңгі ұмытылмас  
Әрқашан рухы асқақ өрлерімнің.

Өткеннен өнеге көп үлгі алатын,  
Жеңістің туын ұстап жүлде алатын,

Көз салсам маңайымда мақтаныш көп  
Қаныштың избасары бола алатын.

Елестер көз алдыма өткен істер,  
Тұрғызған адам қолмен көп кеніштер.  
Шахта мен карьерден байлық тауып,  
Тереңге түрен салған неткен күштер?!

Көк тіреп көтергіші кен ішінің,  
Көлбеткен жер астымен желісін мың.  
Карьер – «террикон – тау» қолдан салған,  
Қуәсы көп жылғы істің жемісінің.

Бас ием, ұлы ғалым Қаныш, саған,  
Таныған жұлдызыңды ғарыш ғалам.  
Байлықты өзің ашқан өлем танып,  
Әкетті атағыңды алысқа адам.

Десе де жүрек қорқақ, алғаш қауіп,  
Қол батыр тайынбады алмасты алып.  
Байлықты игілікке айналдырып,  
Қаныштың атындағы қала салдық.

Қырыққа сол қаламыз толды бүгін,  
Гүлденіп көрді халық жайнағанын.  
Қырықта қамал алған жігітке ұқсап,  
Ала берсін өмірдің асуларын.

## ШЫНДЫҚ

(Шынболат Ділдебаевтың рухымен сырласу)

«Жанарыңнан көрем, – деген, – бір ұшқын»,  
Өлең, еңбек – қос жорғалы тыныспын.  
Қолыма алсам «Кенші сырын» керемет,  
Елестейді алмас бұрғы, дыбыс мың.

Тас қопарып, қатерлерге көз тіккен,  
Алпамыспен, Қобыланды, Төстікпен  
Мен өзіңді салыстырам, Шын-аға,  
Жеңе білген қиындықты өрлікпен.

Бауырында Ұлытаудың ұлы көп,  
Өздерімен кеткен бірге сыры көп.  
Шындық айтып шырқыраған шырылдап,  
Сен де өттің жұмбақ жанның бірі боп.

Кенші болдың кен қопарған тереңнен,  
Ақын болдың құрметке бөленген.  
Қаныш ашса кеннің қорын елдегі,  
Сол елді сен жырлап өттің өлеңмен!

Жыр көбейді жылуы жоқ, нұры жоқ,  
Сырты қанша көрінгенмен сұлу боп.  
Шынболаты болмаған ел сияқты,  
Ақындардың шындық айтар түрі жоқ.

«Жанарыңнан көрем, – деп ең, – бір ұшқын»,  
Шідерлей ме шаруасы тұрмыстың?



Өзіңе ұқсап «Шындық» айтпақ түгілі,  
Жалынымды лаулата алар емеспін.

Біле алмадым күнім қашан туарын,  
Не болса да ақырына шыдаймын.  
...Шындығымды мойындадым алдында,  
Мен сонымен саған ұқсас шығармын.



## АҒАМСЫҢ!

(Ақын Мұса Тілеуовке)

Құлақ, екеу болғанменен – алдайсың,  
Ақыл кені – мидың өзін арбайсың.  
Қос жанарың – көңіліңнің айнасы,  
Көңіл сырын ұға алмасаң, оңбайсың.

Адамдар бар қос бүйрегін алдырған,  
Қос өкпе де көңілді көп қалдырған,  
Бәрі-бәрі қосақтасып келгенмен,  
Бауырың мен жүрек қана жалғыздан.

Бір ананың құрсағынан нәр алып,  
Бір атаның бауырынан тарадық.  
Жаратқан да жаратпаған шала ғып,  
Алты арыста болмау керек алалық.

Туысқандық деген болар, сірә, осы,  
Ақиқат бар, ешкімнің жоқ таласы.  
Шежірені тарқатқандар танитын,  
Мен – ініңмін, сен – ағаның баласы.

Асқар таусың, арқалы ақын ағасың,  
Әр сөзіңнен өзіме үлгі аламын.  
Сағынатын жасқа жетті інің де  
Сен жырлаған көктемдерін Арқаның.

Аға деген бақыты екен інінің,  
Мына өмірде ұқтым, аға, мұны шын.



Басып келе жатқанменен өкшенді,  
Арқа сүйеп жүрем дәйім сені шын.

Қашан болсын сабырлы бір қалпында,  
Адалдықтан айнымайтын салтыма.  
Жол бастайтын өмірде де, өлеңде  
«Ағаң болған жақсы екен ғой алдыңда».

Бір жақсы сөз естігенде – семірдім.  
Сәл нәрсеге мұңаяды көңілім.  
...Толы көптің көз алдында: «Бұл жігіт –  
Ақын інім», – дегеніңе сүйіндім.

Содан бері мен де өзімше ірімін,  
Сыйластығы қандай жақсы өмірдің.  
Бақытымды қалай ғана жасырам,  
Әрі ақынмын, әрі өзіңе інімін.



## ЖАҚСЫЛЫҚТЫ ЖЫРЛАЙ БЕР!

*(Журналист інім Абдолла Дастановқа)*

Жазғаны жұрт жүрегін жаулайтұғын,  
Жырлайтын жақсылықты алмай тыным.  
Не жазса да тап басып, тауып айтар  
Өзіңдей журналистер тапшы бүгін.

Жаман қар теріп жейді жағалап ас,  
Жамандар жақсыларды жағаламас.  
Аузы ақ, қолы арам пенделерге  
Білемін екендігін жаныңның қас.

Адырды алдындағы асқарым де,  
Шындығым – биіктерге бастарым де.  
Елің де сөздеріңе елжіресе,  
Есінде оның мәңгі қалғаным де.

Қолына қалам ұстап жүргендер көп,  
Сылдыр сөз оқырманға неге керек?  
...Заманның үні сынды сезілетін,  
Мен үшін, інім, сенің орның бөлек.

## КЕЛІНДЕРІМЕ

Алла сыйлап берген шығар бақ, ботам,  
Құтты болсын аттап тұрған босағаң.  
Шырақ шамын, отауыңның ошағын,  
Шаңырақтың бағын ойлап жақ, ботам.

Ашу – дұшпан, ақылың – дос, ұмытпа,  
Арамдықты бойыңа әсте жуытпа.  
Жадыраған мінезіңмен сүйкімді  
Бола білгін ағайын, дос, халыққа.

«Ас көп, – деген, – тату болса абысын»,  
Естеріңнен шығармаңдар мұны кіл.  
Дастарханды қойыңдаршы жайнатып,  
Есеппенен жұмсап ердің табысын.

Дорба арқалап келсе-дағы қай құда,  
Жығылмайтын жолың қайсы, соны ойла!  
Айналыңдар, айналайын келіндер,  
Ақ жаулықты, асыл текті анаға!

## МЕКТЕПКЕ ДЕГЕН ҰЛЫ САҒЫНЫШ

*(Мектеп бітіргеніміздің 40 жылдығында)*

Ауылдың кешіп қара шаңдағын,  
Атырған талай дала таңдарын,  
Қыран боп қайта оралды саған  
Қанатын қаққан балапандарың.

Өмір-өзеннің көтерген жүгін,  
Өткерген өңір көктемін, күзін.  
Балауса түбіт бала жандары  
Қауырсын болат, мұзбалақ бүгін.

Естіген едік қоңырау үнін  
Соңғы рет бұдан қырық жыл бұрын.  
Мектепке деген ұлы сағыныш  
Жинады мұнда түлектің бөріні.

Қалықтап қыран таң қияңызда,  
Айналсақ-дағы өн, жыр, аңызға.  
Кетпейміз алыс, келеміз әлі  
Сағыныш артып сәнді ұямызға.



## ЖАЛҒАН ДОСТАН АЙНАЛАМДЫ АРШЫДЫМ

Жолбарыстай жолы болмай түн қатқан,  
Жолаушыдай жол азабы шаршатқан.  
Жадыраған жайдарылық жоғалып,  
Неге менің еңсем ауыр, зіл батпан?

Үміт сезім сенімге де сенбейді,  
Елес болып ескі күндер кернейлі,  
Елең де жоқ дүбіріне тұяқтың,  
Ештеңені естігім де келмейді.

Барында екен базарлатқан дос деген,  
Бағың тайса бақыт құс жоқ, бос кемең.  
Талайыңды талапайға салған соң,  
Сәлемің де жараспайды ешкіммен.

Берін шаштым бақыты үшін өзгенің,  
Солар үшін бәріне де төзгенмін.  
Жақсылыққа деген қайда жақсылық,  
Маңайымнан неге оларды көрмеймін?

Көл арнаға қасықпен су толмайды,  
Толтырам деп тілеп алма мол қайғы.  
Көрмедікке қолын созған адамның,  
Ұққаным сол, түбінде өзі оңбайды.

Қайда солар, сөзім болған өтімді,  
Кімнің қандай екені анық көрінді.



Қалтам үшін қалбаң қағып жүргендер  
Өлдеқайда көшіп кеткен секілді.

Кетсе кетсін, оларды іздеп не етемін?  
Жұлдызды аспан, түнді медет етемін.  
...Жалған достан айналамды аршыдым,  
Жетімсірей бермеші енді, көңілім.



## СЕГІЗІНШІ НАУРЫЗ

Жаңартып жатқан кезде жер де түгін,  
Мерекең құтты болсын келген бүгін!  
Бейбіт өмір тілеуші асыл анам,  
Аспандасын әлемде сенің үнің.

Ауырлықты көтерген, азабыңды,  
Ата дәстүр сақтаған базарыңды.  
Асыл құрсақ, әулие аналар көп  
Сөби сүйіп, өсірген қазағымды.

Жалған тамақ, жинамай дәруменін,  
Әрі ана атанған, әрі келін.  
Отбасы, ошағының қамын ойлап,  
Жарытқан уызына сөбилерін.

Нағыз ана – жеткізген жас дарынды,  
Нағыз ана – күтетін дос, қауымды.  
Нағыз ана – қадірлеп ардақ тұтар  
Шаңырақтың иесін – асқақ ұлды.

Шырағы – батырлар мен даналардың,  
Әр адам қуатынан нәр алатын,  
Шаңырақты шайқалтпай ұстап тұрған  
Мерекесі бұл нағыз аналардың.

Қасіреттер жойылсын, оралмасын,  
Ана зарлап, адамзат жоғалмасын.



Ару жүрсін аялап жас бөбегін,  
Табиғаты ана боп жаралғасын.

Бақыт, байлық тілейік паң далаға,  
Шырайлы күн, аппақ таң аналарға –  
Алақанда аялар адамзатты,  
Қиятұғын өмірін жан балаға.

Жаңа күн сәулесі күннің айналымын,  
Жаңа күн сәулесі күннің айналымын,  
Жаңа күн сәулесі күннің айналымын,  
Жаңа күн сәулесі күннің айналымын.

Бас қатып, көңілдеріміз жеміс саян,  
Тұрғаннан ту сыртынан жерге қарап,  
Бірден бізге еңіс аяқтар,  
Тұрғаннан көңілдіміз аяқтар.

Үлкенің ортаң жасап, аяқтар,  
Нәзіктерің жасап, аяқтар.



## ТОКАРЬ

Шыңғырған, шырылдаған, шықырлаған,  
Шырқырап ұшып жаңқа шытырлаған.  
Дауыстан естіледі ғажап әуен  
Цех толы станоктан жыпырлаған.

Темірді темір шайнап жаны жебір,  
Тазартып жатыр тоттан қара көмір.  
Жалтырап өңдеуден соң көз тартады  
Ерекше шыққан бөлшек дара небір.

Не түрлі жұмбақ ойдан сыры аса көп,  
Ми қатып шешкендейсің кроссворд.  
Сызбадан сызып берген конструктор  
Шығарар токарь жонып деталь – завод.

Жасырын жұмбақ істе сөнбес жігер,  
Жандар бар сегіз қырдың сырын білер.  
Тоқтатпас комбинаттың қан тамырын,  
Жалықпас суық темір өңдеушілер.

Бас қатып, қол мазасыз жеміс санап,  
Тұрғандай ту сыртынан жеңіс қарап.  
Еңбектің нағыз ері токарь дер ем  
Тауысқан көздің майын сегіз сағат.

Үлкені, орта жасы, балғыны бар,  
Нәп-нәзік және әсем арулар бар.



Қарулы қолдарменен қатар тұрып,  
Сүйріктей саусағынан өнер тамар.

Не деген шебер туған халқым ерен,  
Өнерден құдіреттің парқын көрем.  
Осынау ғажаптарды жасап жатқан  
Қолдарды қолдар емес, алтын дер ем.

## КІТАП. КІТАПХАНА

(Сәтбаев қаласындағы Балалар мен жасөспірімдер кітапханасы ашылғанда)

Өнер – өрнек, нұр – білім,  
Ашу үшін түндігін,  
Тану үшін тарихтың  
Тереңдегі шындығын;

Ертегінің бағына  
Енем десең сағына,  
Бойлау үшін алдағы  
Келер болашағыңа;

Өлең, терме, жыр – шырын,  
Әдебиеттің қыр-сырын,  
Табу үшін талпынып,  
Талаптансаң тылсымын;

Көзің салып маңыңа,  
Құпияның барына,  
Қанам десең ғажайып  
Ғылым ғажаптарына;

Мәңгі байлық базарың,  
Бойға азық аларың,  
Рухани есігін  
Ашқын кітапхананың.

Қоңырауы сананың,  
Баға жетпес бағалың,  
Сөре толы кені бар,  
Керегіңді табасың.

Дархан ісін даланың,  
Тіршілігін қаланың,  
Таланттарын танырсың,  
Ардақты асыл адамын.

Іздегенін табатын,  
Бағыт – Темірқазығың.  
Кітап пен кітапханаңыз –  
Рухани азығың.

## ҚАЙТАРАМЫН ҚАРЫЗЫМДЫ

Қарыздармын өкеге, анаға да,  
Аға, іні, қарындас, балаға да,  
Туыс-туған, жұрағат, көрші-көлем,  
Қарыздармын қалаға, далаға да.

Ей, адамдар! Бөріңе қарыздармын,  
Білемін мойынымда қарыз барын.  
Қайтарар ем, қайтейін, жетсе егер  
Алланың құлағына арыздарым.

Байлық жоқ жиған менде ырымға да,  
Барғам жоқ Мекке кезіп, Қырымға да.  
Күндіз жұмыс істесем елім үшін,  
Түні бойғы ермегім – жырым ғана.

Демеңдер айтпай жүрген бұрын неден?  
Алдыңда шешілейін шынымменен.  
Қарызды қайтарамын жеткенше тіл,  
Арнаған өздеріңе жырымменен.

## НЕ ӨЛМЕЙДІ?

Жазың қыс, күз ауысқан көктемінді,  
Өркеш тау, өмір-өзен өткелінді.  
Қалпында жеткізесің келешекке  
Өлеңмен жаза білсең өткенінді.

Өзен, көл, жазық, таулы, қырды, дала,  
Әуенге айналдырар жырды жаңа.  
Жазатын өнерімен өрнек тоқыр  
Өз елін сүйген сазгер, ақын ғана.

Шөгер тау, құлар қорған, сөнер шала,  
Солар бау, көл-дария, өлер дана.  
Өлмейтін дүниеде күйдің сазы,  
Содан соң аталы сөз, өлең ғана.

Бағалап бар оудаттың бақта барын,  
Баласың тұнған тұмсы, атта жалын,  
Бауыр ғмыл ата қалай жетсе өзің,  
Ешкімнің ала жібің аттамалың.

Аздыға берген бала түкір дедің,  
Төсірге шөк келтіру күшір дедің.  
Асылық айтқандарға іштен тығыл,  
Құдыққа суын ішкен түкірменің...

Жармасын жар жағалап, шөріп шөккің,  
Өгірдің аяқ, аяқпай, бөлің қордың.



## ҚАЙТА САҚТА, ҚҰДАЙ!

Сақта, Құдай, азалы үннен даламды,  
Бал дәуренді базар етіп қаламды,  
Бірлік туы биік тұрсын желбіреп,  
Тамсандырып әлемдегі адамды.

Бөбектердің жыр тербесін бесігін,  
Адамзаттан айырмасын несібін.  
Сақта, Құдай, кесірінен кесапат,  
Отан-Ана, орындалсын шешімің!

Байлардың қызық-қызық қызық-қызық,  
Берген жолындағы сан-саңаулар,  
Күндіз жұмыс істейді күндіз, түнде  
Түні бойы жүйелі жұмыс істейді.

Немедер айтпай жүрген бұрын неден?  
Алдында шешілген шындықпен,  
Қарылы қайтарпайын жастықпен тіл,  
Арнаған өздеріде жырдымен.



## СУРЕТІҢ ТҮР ТӨРІМДЕ

*(Көкем Иманғалидың рухына)*

Атадан бір ұл, бір қыз бала тудың,  
Ақылды, қатарыңнан дара тудың,  
Асылды Әлмағанбет, Келмағанбет,  
Шілдебай, Балабиден ала тудың.

Қуантқан туған-туыс қауымыңды,  
Көркімен керім еткен ауылыңды.  
Сұм ажал алып кетті Ақжарқынды,  
Артыңнан ерген жалғыз бауырыңды.

Сол күннен сездің жалғыз, даралықты,  
«Қайтем, – деп, – тағдыр солай жаралыпты...»  
Бауыр жоқ бірге туған бір атадан,  
Таңдадың сара жолды, ағалықты.

Бағалап бар әулеттің бақта барын,  
Баласын туған-туыс, атта жалын.  
Бауыр ғып ата қаздай жетеледің,  
Ешкімнің ала жібін аттамадың.

Аллаға берген бала шүкір дедің,  
Тәңірге шәк келтіру күпір дедің.  
Асылық айтқандарға іштен тынып,  
Құдыққа суын ішкен түкірмедің...

Жармасып жар жағалап, шерін шөлдің,  
Өмірдің аяз, аптап, селін көрдің.



Жеткенде қонағына сыйлы төрдің  
Бұйырған күйеу бала, келін көрдің.

«Кеңейер Алла жазса керегем кең,  
Өсерміз, жетілерміз немеремен...»  
Дегенді мына біздер түсінбепсіз,  
Шер қылып, шешіміңді шегелеген.

Армандап аз ғұмырда көкей тескен,  
Күйіңді сезбепсіз ғой бастан кешкен.  
«Арманым қу жалғыз боп қалмаса екен...»  
Дегенің бұл күндері кетпейді естен.

«Күткен ем іштен тынып сегіз жылдай,  
Тілекті берді, – дедің, – міне, Құдай...»  
Қос немерең тығылған құшағыңа,  
Дидарың неткен жарқын, алыбым-ай.

Көңілден көз көргендер жоғалмайды,  
Ешбір жан, көке, сендей бола алмайды.  
Үйімнің төрінде түр суретің,  
Көңілім... көкемді іздеп алаңдайды.



## ҚҰМАЛАҚШЫ

1990 жылғы 28 қыркүйекте Балқаш қаласы ОБХСС-інің бастығы қызметінде жүрген бауырым Әли Жәнібеков ұйымдасқан қылмыскерлердің қолынан қайғылы қазаға ұшырады. Сонда менің есіме түркістандық 95 жастағы құмалақшының 1985 жылы айтқаны түскен еді.

Шымкентте жүргенде жанұяммен,  
Аралап туыс-жекжат қарияммен,  
Деді біреу: «Бар біздің Түркістанда  
Тоқсан бесте көріпкел, білігі мол».

Аштырдым алдына кеп құмалақты,  
Құмалақтан көз жасы жылап ақты.  
Қарс жабылып қабағы, қатқыл үнмен,  
Ауыр деммен қария сыр аңғартты:

«Аты мәлім, беделді елдеріңе,  
Жарық жұлдыз бар екен іштерінде.  
Ауыр тиер бөріне салмағы оның  
Көктен ағып жарқырап түскенінде.

Маңайында қалың жау Барысыңның,  
Жаласына қалдырмақ жарысының.  
Байқамаса, бес жылдың көлемінде  
Жары зарлап қалады-ау арысыңның...»



Деді солай. Түршікті денем сонда,  
Алла айтпаса, адамға нанайын ба?  
Бес жылдан соң айтқаны айдай келіп,  
Таңғалдым құмалақшы қарияға.

Қалайша алды хабар болашақтан?  
Өзірге ешбір жан жоқ сырын ашқан.  
...Құмалақшы дейміз-ау, білгенге олар  
Құдайдың ерен сүйген құлы шығар?



## ӘЛИ БАУЫРЫМНЫҢ ҰЛЫМ ҚАҺАРМАНҒА ТІЛЕГІ

*1990 жылғы 26 қыркүйекте  
шаңырағымда болған інім ұлымның –  
Қаһарманның туған күнінде осындай  
тілек айтқан еді. Арада екі күн өткенде  
оның өмірден өткені туралы қаралы  
хабар жетті. Бауырымның ақырғы  
тілегі аманаты секілді сезіледі.*

Жүргенде үйде жалғыз жылап Арман,  
Атасы қолын жайып, Құран алған:  
«Арманға бір інісін серік ет», – деп,  
Алладан Қаһарманды сұрап алған.

Бұл – көзі кешегі өткен атасының,  
Еркесі – еркелетер папасының.  
Бойында дарыны бар, жалыны бар,  
Тілектес елдің берген батасының.

Бұқпасын, жасық болып көрінгеннен  
Ауырлау болар бұған өмір деген,  
Өспесе азулы боп заман қорқау,  
Жем пайда, жеңіс табар жеңілгеннен.

Бұл заман қалады әлі азып-тозып,  
Келеді жаңа заман Барыс болып!  
Басына биік таудың өрлеу мақсат,  
Жықпылды қиясы көп озық-созық.



Бақыт құс білем бұған қонатынын,  
Өзірше тентек, бұзық болатынын.  
Атадан Алла жар боп адал туған  
Осы ұлдың сені түбі бағатынын.

Сондықтан бөтен ойды өшіріңдер,  
Менікі артық десең кешіріңдер.  
Сендерден жалғыз ғана тілегім бар,  
Бетінен қақпай оны өсіріңдер.

Тұрсаң да тұсауланып төменде сен  
Өр кеуде, өрлер биік өренге сен,  
Көгіңе көлбей ұшар күміс қанат  
Тұйғынды көз ұшынан көрем десең.



## СУРЕТ ҚҰДІРЕТІ

Шіркін-ай, шіркін, көз тоймас  
Әлемде қанша сурет?!  
Қолынан шыққан адамзат,  
Қоладан құйған құдірет.  
Түсіне кіріп хор қызы,  
Сұлуға барша жүгінер.  
Жүрегі тоқтап бір сәтке,  
Арбалып жанар кідіреді.  
Мүсінді сондай салсам деп  
Қаншама пысық жүгіреді.  
Арпалысып, алысып,  
Азаптанып бүлінер.  
Көзінің майын тауысып,  
Салғанмен келмей қисыны,  
Салысы кетіп сүрінер.  
Сүрінер, қайта жүгіреді,  
Білекті білеп түрінер.  
Армансыз төгіп ащы тер,  
Өлшеусіз еңбек сіңіреді.  
...Адамды сонша қинайтын,  
Болғанмен жансыз сурет,  
Не деген ұлы құдірет?!

## СЕНДЕРСІҢДЕР – ҮМІТІМ

(Сәтбаев қаласының  
жас айтыскер ақындарына)

Кереге керген кең далам,  
Үстінде базар – кен қалам.  
Астыңа түссем алаң жоқ,  
Алтынды, күміс кенді алаң.

Табыстың көзі – тастарым,  
Көрсеткен атақ асқарын.  
Атына қанық бар әлем,  
Сондықтан менде асқақ үн.

Құрметін көрген талайдың,  
Ұрпағы сендер боласың  
Тайжаннан қалған ән менен  
Иманжан, Нияз, Омардың.

Мақсатым болып қия-шың,  
Биікке қолым созармын.  
Мұзбалақ шықса Мұзтауға  
Өзіме ырза болармын.

Езіліп жаным елжіреп,  
Келгенше шама боп тірек.  
Сендерге үміт етемін  
Шығар деп әлі-ақ көк тіреп.

Елінде қалған нәрлі үні,  
Халқына болған әйгілі.  
Тұрғанда сендер құламас  
Шынболат ақын Шындығы.

Аруағы қолдап ақынның,  
Алдарыңнан ақ жол ашылсын!  
Сендерге берсін Төңірім  
Тұлпардың шабыс арынын!

Мәз боламын қолыңа,  
Қуанымыңа,  
Қиялымыңа,  
Жақсылығыңа.

Жамаң, жамаң,  
Ашпайын деп аузым,  
Айтар сөзі айтып,  
Игісің тыным.

Сендерге ал мүддесін сұтқанда,  
Жілік майын сор далайын шексінде,  
Бірің бірің деп көрудің орысын,  
Бірің бірің деп қиял жатқанда.

Адалдарым қолдап көтіп оқпанды,  
Арамдарым аттары озып жатқанда,  
Таңғаламын, жүрмін қалай көтеріп  
Мұлым бәрі жүретіме батқанда?

## ЫРЗАМЫН

Теңіз боп толқып, ақ көбік атып  
Жарамын демен жарды ұрсам,  
Тасбұлақ сынды ішкеннің анық  
Ырзамын шөлін қандырсам.

Карағай қылқан, шыршалы жасыл  
Демеймін қысты жаз қылсам,  
Тауымда өскен аршадай асыл  
Ырзамын қылтан қалдырсам.

Ұлытауымдай ұлы атақпенен  
Демеймін елді таң қылсам,  
Тасындай түйір жерімде туған  
Ырзамын белгі қалдырсам.

Күн болып күндіз, көз ілмей жұлдыз,  
Ар сақтап адал Айың боп,  
Ырзамын өтсем өмірден мынау  
Көдімгі қарапайым боп.

## ТАҢҒАЛАМЫН

Орта жастан асып бара жатсам да,  
Байлық жиып малшынбадым мастанға.  
Қолда барды қонағыма сыйладым,  
Баста барды берсем дедім жастарға.

Жасы үлкенді аға санап, иіліп,  
Жөнсіз жерін жөндемедім шүйіліп.  
Шалт мінезді шалыс кетсе інілер,  
Жүрдім іштей жол таба алмай күйініп.

Мөз боламын ерте егін еккенге,  
Қуанамын жаздай терді төккенде.  
Қиналамын жаным деген жандарға  
Жақсылығым жақпай босқа кеткенде.

Жаман, жақсы көңіліне қарадым,  
Ашпайын деп аузын тырнап жараның.  
Айтар сөзді айтпай қалып, тежеліп,  
Іштен тынып, өз-өзімді қажадым.

Сенгендерім ел мүддесін сатқанда,  
Жілік майын сор даланың шаққанда,  
Бірін бірі дос көрудің орнына,  
Бірін бірі қазақ тонап жатқанда.

Адалдарым құлап кетіп оқпанға,  
Арамдардың аттары озып жатқанда...  
Таңғаламын, жүрмін қалай көтеріп  
Мұның бәрі жүрегіме батқанда?

## ЖАЙЫЛҒАН КЕРЕГЕСІ КЕҢ ЖАЙЛАУҒА

(Едіге аға мен Мәрияш жеңгеме)

Қазақтың сақтап берік салтын асыл,  
Ерінің биіктеткен нар тұлғасын.  
Жеңешем, сенің арқаң ағамыздың  
Шығарған той төріне алтын басын.

Жалғыз еді әкеден, атадан да,  
Тарихы жұмбақ оның көп адамға,  
Алланың өзі берген бала дейтін  
Ауыл-аймақ жас төгіп сұрағанда.

Айналды енді ардақты ақсақалға,  
Жайылған керегесі кең жайлауға.  
Он бала, немерелер, шөберелер  
Сән берген салтанатты ордасына.

О, Тәңір, тәуба, тәуба осыныға,  
Ұрпаққа ұрпақ қосқан қосыныма.  
70-ке асыл ағам келіп бүгін,  
Күә боп отыр аймақ, досы мына.

Осы ғой Жаратқаным қолдағаны,  
Тойына шаштырғанын қолда барын.  
Жаратқан, аруақтар жар бола гөр,  
Ағамның оңғара бер ойға алғанын.

## ЖАҚСЫЛЫҒЫМ – ӨЗІҢНЕН

(Нағашым Әсембекке)

Болмасаңыз да қылшылдап тұрған жас әке,  
Той жасап жатсыз заманда мынау бәсеке.  
Жетпіске келіп, желегін жайған бөйтерек  
Дастархан жайып, далаңда думан, Әсеке.

Жетпіс жыл деген жеті күн емес жел құған,  
Жегінде жүріп жетер тек шыңға ер туған.  
Ар жағы жұмбақ, сарғайған сағым сар дала  
Жымысқы жылтыр, тұңғұйық тұнық сел тұрған.

Ойыңа кей кез түскенде өткен жас күнің  
Кірпіктен мөлдір көрсеткің келмес жасты мұң.  
Шіркін-ай, шіркін, ауыр да болса сол жылдар  
Бөрінен қымбат екен ғой балғын жастығың.

Бір Алла білсін кімнің қанша дәм татарын,  
Селдіреп қапты біразы кетіп қатарың.  
Соларды ойлап ұйқысыз өтті қанша түн,  
Кілегей кірпік таңыңның күтіп атарың.

Көп едің кеше қолпаштар, қолдар нағашым,  
Жел құған бұлттар алыстап бүгін барасың.  
Әлде де үміт, әлде де дәме бар менде  
Жиеннің біреу жазар деп жеңіл жарасын.

Білемін, білем дәстүрін қазақ, Әсекем,  
Демеулі жырмен демесем-дағы жас етем,  
Қалғаннан сиреп қатарда биік дарасың,  
Демеушілікке жарасаң көңіл мас екен

Кеттің деп артық «керемет жиен» кемітпе,  
Жан емес едім жаятын қолды «желікпе».  
Нарым деп сізге назым ғой қылған байлық та,  
Болған соң бойда ақылың, асқан көрік те.

Тәңірім берсін, тілегім, сізге көп жылды,  
Мақтанышымыз, мырзамыз осы деп қырлы  
Жүрейік біздер төбеміз көкке сәл жетпей,  
Өзіңмен бірге өмірде асып көп қырды.

Ұлдарың ұлық, көрікті болып қызыңыз,  
Немере сүйіп, шөбере, шөпшек өтіңіз.  
Қасыңнан қалмай Рая сынды сұлуың,  
Жетегін жерге жеңгемізбенен жетіңіз!

## ЖАҢА ЖЫЛҒА ТІЛЕК

Ортамызға жасыл шырша орнасын,  
Өткен жылға еш өкпеміз болмасын.  
Ақсақалды Аяз Ата, Ақша қар  
Келер жылға ақ тілегін арнасын.

Жаманшылық жылжымасын, тоқтасын,  
Тәңір салсын ауыздықтап ноқтасын.  
Қой үстіне қонсын бүгін бозторғай,  
Бақытты боп әр шаңырақ, отбасым.

Жетпегенің жел қайыққа жетіңдер,  
Өтпегенің өткелдерден өтіңдер.  
Орындалсын арман, тілек, ойларың,  
Қанат бітіп, көкке самғап кетіңдер.

Бір жыл күткен Жаңа жылым, жеттің бе?  
Сенен тосар жақсылығым көп мүлде.  
Ескі жылда есіркеген Жасаған  
Жаңа жылда жарылқасын деп тіле!



## БАТАСЫ ТИСЕ БОЛҒАНЫ

Асыра байлық қумадым,  
 Атадан асып тумадым,  
 Арамза істі қылмадым,  
 Адалдық жайлы жырладым.

Шашпадым тапқан табысты,  
 Еңбегім сіңген далаға,  
 Қолымнан келсе тырыстым  
 Беруге мұқтаж санаға.

Қалсам да содан қаншама  
 Ағайын – ара жалаға,  
 Қанағат дедім, аштық жоқ,  
 Қалған жоқпын далада.

Еңбегім кетсе менікі,  
 Қара сен, мейлі қарама.  
 Батасы тисе болғаны  
 Артымда қалған балаға.



## АҚЖЕЛЕН





## БАТАСЫ АЙТЫС АРАЛЫ

Асыр 1986 жылғы сәуір айында қазіргі  
Сәтбаев қаласында алғаш рет  
Ар ақындар айтысы өткізілген еді.  
Ал Мен сол жолы Солтүстік кенішінің  
атынан Оңтүстік кенішінің ақыны  
Шаймағанбет Бекмағанбетовпен  
Екі айтысқан болатынмын.

Автор

### Шаймағанбет:

Бақ орнап, құт дарыған біздің елге,  
Халқымның шаттық дәурен үлесінде.  
Жерімнің қойны қазына, үсті ырыс,  
Тербелген сары алтындай егіндері.

Жанары жазиралы жайнап дала  
Самсады Сарыарқада орнап қала.  
Темір жол, асфальт жолдар айқыш-ұйқыш,  
Жайылды қан тамырдай тармақтала.

Он бірінші бесжылдықты астық қырдан,  
Байғазы әр асуға шашып жырдан.  
Біздің жыр – еңбек, бақыт, шаттық сазы,  
Халқымның күш-жігерін тасыттырған.

Салты бар ақындардың танысатын,  
Танысып өлеңмен қол алысатын.



Оңтүстік кенішінің инженері Шаймағанбет  
Жырқұмар Шаймағанбет менің атым.

Қол жеткен, жазыпқа сөзге намаз біздің  
Халқымның ризамын әр ісіне,  
Қарышты қаһармандық жеңісіне.  
Шолып өт еңбеккерлер шыққан қырды  
Өлеңнің арқау етіп желісіне.  
Алтындай жазыпқа сөзге намаз біздің  
Сезім – сел, шабыт – бұлақ, тарықпаймын,  
Қызғанда бойыма шаң дарытпаймын.  
Ақыным, жыр кезегін бердім саған,  
Шапақтап қанат қағып шарықтағын.

### Ғалил:

Жарыс тілеп шықса ақын жыры нық,  
Қас бөйгеде оза шабар жырылып.  
Сынға түскен сынап тұлпар сарының  
О, халайық, сөзіндегі сырын ұқ.  
Халқым, тұрсаң өнеріме сүйініп,  
Ақиықтың қуанышты күйін ұқ.  
Келіп тұрмын Солтүстіктің атынан,  
Сәлем берем баршаңызға иіліп.

Самал желді, сағым жұпар сар дала,  
Сара жолда із қалдырған сан дана.  
Сарыарқаның сансыз байлық сазынан  
Қуат алған алдындағы сар бала.



Жан десеңіз өртенеміз, жанамыз,  
Арта берсін ел алдында бағаңыз,  
Келдіңіз бе аманатты арқалап,  
Сөлем бердік, Шаймағанбет ағамыз.

Мен айтайын Солтүстіктің ырысын,  
Сіз сөйлеңіз, жалған айтпай, дұрысын.  
Құр мақтамай өзімізді өзіміз,  
Салмақтайық кірісі мен шығысын.

Темір сүңгі таста қайтпас едіңіз,  
Оңтүстіктің қамын талай жедіңіз.  
Ел есесі, ер еңбегі кен бұлақ,  
Кәусар көзін аршып берші өзіңіз.

#### **Шаймағанбет:**

Сіңіскен жасампаздық салтымызға,  
Сол үшін паттанамыз, шалқимыз да.  
Ерлер бар Оңтүстіктің кенішінде  
Еселі ұлес қосқан даңқымызға.

Жырласам кенішімді сөзім дастан,  
Жеңкіліп жез дарияның көзін ашқан.  
Мұхиттай шалқып жатыр шалғайы кең,  
Жер асты қабат-қабат кен ұласқан.

Орнатқан зәулім шахта, алыштарды,  
Забойда еңбек күйі шалықтайды.  
Жемісті, ерен табыс тарту еткен  
Жарыста социалистік алып бөйгі.



«Алпыс бес», «Қырық төрт», «Қырық бес»  
Шахталарым,  
Қол жеткен жеңісіме мақтанамын.  
Бәрін де лайықты атап өттік  
Екпінді мерекелі апталардың.

Оқшау түр «Алпыс бесім» дараланып,  
Алтындай жатқан мысы сараланып,  
Клетпен шахтамызға түсіп көрсең,  
«Легковой» шахталарға барады алып.

«Алпыс бес» – кен базары базыналы,  
Теңіздей тұнып жатқан қазыналы.  
Жер асты инженерлік ғылымының  
Тарихи жеңісі боп жазылады.

Ту тіккен табыстардың қыранына,  
Жылынған еңбегінің шырағына.  
Өз ісін жете білген кеншілерім  
Ойнайды машинаның құлағында.  
Жер асты жеті қабат шеберхана  
Айналған техника құралына.

Қосылып «Алпыс жетім» қапталына  
Кеңіді өрісі алып шахтаның да.  
Салынған жер астына магистраль  
Жұмысын метроның атқаруда.

Дариядай шалқып-тасып шабыттарым,  
Сұңқардай зеңгір көкке шарықтаймын.



Жыр – бұлбұл, өнім – қанат, өлең – дүлдүл,  
Шаңыма жарысқанды дарытпаймын.

Жыр етсем кен ордасын қазыналы  
Аршыны құлашымның жазылады.  
Күн сайын өндірген кен состав-состав  
Толассыз фабрикаға ағылады.

Қуаттап партияның ұрандарын,  
Жаңарттық кен өндіру құралдарын.  
Проходка жасаймыз «минибурмен»,  
Тиейді ПНР-лерім шығарғанын.

Игердік зәулім заңғар шахталарды,  
Көп істі техника атқарады.  
Тиімді үнемшілдік әдіспенен  
Жұмысты инженерлер басқарады.  
Жоспардан артық берген товарлы өнім  
Жүз мыңдаған сомамен шақталады.

Ақыным, жарайсың ба ілесуге?  
Есеп жоқ қосқан еңбек үлесімде.  
«Коммунистік коллектив» болу үшін  
Үш шахта, тұтас кеніш күресуде.

Қаймықпай құлаш ұрдық қиындарға,  
Мақтанып тарту еттім сыйымды алға.  
Шаруашылық әдіспен кен өндіреді  
Үш участка және жиырма бригада.



Еңбекке коэффициенттік қатынасты  
Енгізді біздегі бар бригада.  
Жақсы істі жалғастыра бермекшіміз,  
Қолда бар місе тұтпай бұйырғанға.

Түстіктің атақты үш шахтасында  
Екпінді тұрып еңбек вахтасына,  
Ондаған еңбеккері кенішімнің  
Жазылды Құрмет кітап тақтасына.

Құлшынып құлаш сермеп қарыштады,  
Қыздырып социалистік жарыстарды.  
Тоқандай коммунистік коллектив бар  
Жоғары бағаланған табыстары.

Ерлерім ен байлықты еңсереді,  
Сондықтан биік әр кез еңселері.  
Мөлшері біз жасаған молшылықтың  
Мың емес, миллиондармен өлшенеді.

Кенішім сарқылмайтын бұлақтайын,  
Қопарған кеннің құзар қыраттарын.  
Ең тұңғыш озат әдіс ордасы боп,  
Алғаш жаққан жаңалық шырақтарын.  
Өздігінен жүретін кен құралдың  
Талайын забойларда сынатқанмын.

Еңбекке шын берілген ғашығындай,  
Көнігі жеткен өнер машығына,

Жаңашыл өнертапқыш жігіттерім  
Табыстың асқаралы асуында.

Екі жүздей жаңашыл бар жұмысшы,  
Түсті ұсыныс жүз жетпістей құны күшті.  
Соларды өндіріске енгізуден  
Екі жүз алпыс мың сом пайда түсті.

Қосамын шабытыма ширақ екпін,  
Сыпайы өзілменен сипап өттім.  
Ал, көне, домбыраңды сайрат, жыршым,  
Алдында тағы да бір шырқа көптің.

**Галил:**  
Ең байлығын тізіп бердің шахтаның,  
Еңбек үнем, олар жеңіс мақтаның.  
Ел құлағын жауыр еткен шығар-ау  
Көп әңгіме созып айтқан жаттауың.

Заман өтер бір-бірімен таласа,  
Бүгін биік, кешегілер аласа.  
Байқадың ба бір өзгеріс, Шай-ағам,  
Түрі бар ғой болатұғын жаңаша.

Қайта құру ісіне біз іш тарттық,  
Болмау үшін шеберлікте ұқсастық.  
Әйелдерге қамқор болып нұсқаусыз,  
Жұмыс күнін бір сағатқа қысқарттық.

Қалмайық деп мынау ұлы көштен біз,  
Мердігерлік әдіске де көшкенбіз,  
«Алғабас» пен кооператив «Авангард»,  
Азық-түлік мәселесін шешкенбіз.

Байлық, бақыт өссе туған жас қозың,  
Не болады жерің тозып, азса өнім?  
Бар күшті сап, «дотация» алғызбай  
Ұстап тұрмыз «Урожайный» совхозын.

Арам ойлап, адалдыққа бармасаң,  
Талан-тараж тапқаныңды жалмасаң,  
Қараңғы түн қарсы алдында күтіп тұр,  
Болашақты қаржыландыра алмасаң.

Көрінеді ісіменен кім іскер?  
Келтіре алса келешекке кірістер,  
Көшіп едік шаруашылық есепке  
Пайда тапты шаш етектен жұмыскер.

Неге керек, Шайкем-ау, ерегіс,  
«Зона отдыхты» біз жайнатып келеміз.  
Азаматың сенің-дағы отыр ғой,  
«Қазақ ауылын» жылыту да керек іс.

Мыс қорыту – өз алдына өрелі іс,  
Басқа талай толып жатыр келелі іс.  
Жұмыскердің отбасына қарайлап,  
Жағдай жасап, қашан көңіл бөлеміз?



Білу керек бар болмысын істің кей,  
Жұмыс оңбас балаң өсіп, күш кірмей.  
СДР-дің қамқорында бұл күнде  
Екі мектеп, балабақша үш бірдей.

**Шаймағанбет:**

Қалыпсың жұмыскер деп сен өбектей,  
Ақынға осы жағдай бір керектей.  
Далақтап дара шығар ойың бар ма,  
Дарылдап түбі түскен сен шелектей?

**Ғалил:**

Ақындығың, байқауымша, бөлекше,  
Мысқылыңыз осы арада керек пе?  
Ағатай-ау, батып кетті жаныма  
Теңегенің түбі түскен шелекке.

Біз таппаймыз жұмыс десе тыным бір,  
Ақ пейілді менің нағыз шыным бұл.  
ИТР-ге тілім тиіп кетті ме,  
Бұл сөзіңнің жөн-жобасын ұғындыр.

**Шаймағанбет:**

Кеніштің маңдайдағы күмістері,  
Шабытты шалқытатын тың істерді,  
Межеге мерзімінен бұрын жеткен  
«Қырық бес» бастап жатыр тың істерді.

Үйретіп көпке ұсынар өнегесін,  
Атқарған істеріне сүйсінесің.



Бойға біткен ер қайрат күшіменен  
Заңғардың қақыратар кенересін.  
Еселі ерен табыс еселенген  
Қоздырған кеншілердің делебесін.  
Сөт туып забойыма бара қалсаң,  
Сазына дүбірлі еңбек кенелесің.

Мақтансам қомдай түсем қанатымды,  
Топ жарған шын жүйріктей жаратулы.  
Мыңшылдар жарысында Дембергенім  
Көш бойы өзгелерден дара тұрды.  
Көзін тауып үнемдеп реттейді  
Кен тиеп, бұрғылауды, дәрі атуды.  
Коллектив өндіреді бір сағатта  
Өзгелер бір төулікте алатынды.

Бастама шығар құнды кілең менен,  
Шабытты тасытатын жігерменен.  
Айына бір күн өнім өндіретін  
Қуат көзі заттармен үнемделген.

Жаршысы жаңалықтың Дембергенім,  
Жұлдызы жарқыраған Еңбек Ерім.  
Алдыңғылар бірі боп комбинатта  
Рекордқа жол салып берген еді.  
Қанатты қолдау тауып бұл бастама  
Өркендеп тамыр жайды, тереңдеді.

«Қырық бесте» жарыс оты жалындады,  
Тың міндет, биік меже қабылдады.



Жиырма жетінші съездің құрметіне  
Толымды сый-сыбаға дайындады.

Мальцев, Маэр, Бурыкин арындады,  
Қопарып тау мен тасты жалындары.  
Қарқыны өрлей түсті бәсекенің,  
Жүйріктей арындады бабындағы.

Жеңіске Шевердиев Курбан дайын,  
Келіп жүр топ жарыстан жеке дәйім.  
Минулин, Еремеев бригадасы  
Жеңіспен желпінтеді әр ай сайын.

Қосылып «Алпыс жеті» құрлысының  
Қаймағын қалқып мыстың, ырысының,  
Жарыс жүр жалғастырып ағалардың  
Үлгілі, өнегелі жұмысын шын.

Жәкенов, Усов, Нагай, Сорокина  
Жұмыстың ең қиынын қалап алып,  
Гаврилов, Сычевка мен Блажевский  
Жарыста көзге түсті дараланып.

Мұхаммедия Бимағанбетов ер ардақты,  
Жарыстың жалындатып отын жақты,  
«Халықтар достығының» орденімен  
Еңбегі дараланды парасатты.

Бесаспап Еңбек Ері Қазымханым,  
Орынды атын атап мақтанамын.



Еселеп еңбегінің жемісімен  
Өр даңқын көтеріп жүр шахтамыздың.

Генрих Литауымыз алып берен,  
Баршаға үлгісімен дәріптелген.  
«Еңбек даңқы» ордені омырауда,  
Жұмысты еңсереді шабытпенен.  
Жастарға ұстаз боп жүр ұлағатты  
Үйретіп кен алуды қазып терең.

Күш біткен алпамсадай білегіне,  
Жетіп жүр өнерімен тілегіне.  
Еңбекке коммунистік қатынасты  
Сіңірген қаныменен жүрегіне.

Табиғат тылсымымен алысады,  
Күресі жеңіспенен табысады.  
Одақта проходкалау жұмысынан  
Бірінші орын және де алғыс алды.

Өндіріс командирі Өмірбегім,  
Орындап жоспардағы өнімдерін,  
Жоғары білімі бар насихатшы,  
Жақсы ісі көпке үлгі көрінеді.

Ақыным, ата сен де ерлеріңді,  
Тыңдаушы бағаласын еңбегіңді.  
Асқақ ән қақсын қанат асқар шынға,  
Ал, ақын, кезек бердім, толға көні.

**Ғалил:**  
Көмейден жатса-дағы жыр ағыла,  
Жағардай қалың елдің құлағына,  
Шай-аға, бір жауабын қайтармадың  
Ел күткен, менің берген сұрағыма.

Құнарлы кендері бар бай аймағым,  
Жасампаз дәуір, дәстүр жаңарғанын,  
Өрқашан мақтан етем кенішімнің  
Ерлерін, ерлік іске оранғанын.

Қанымда қайрат-жігер, жалаулы ағын,  
Шыңдалып жігер қостым, алауладым.  
Бәріне жетістіктің ие болсам,  
Ерлердің ерлігінен нәр алғаным.

Қазақтың шаңырағы тыныс-демі,  
Қарсақбай мыстың еді ырыс жері,  
Бұл күнде егіз қала эстафета  
Жалауын жалғап жатыр жұмыскері.

Қарайды Жезқазғанға жұрт қызыға,  
Алыпқа кеніші бар төрт құбыла,  
Солтүстік, Оңтүстік пен Батыс, Шығыс  
Беретін эшелондап мыс жылына.

Арқаның асты терең, шексіз қор бар,  
Алғандар жемісін жеп өзі қолдар.  
Солтүстік комбинаттың несібесі  
Тұрғызған карьерден террикондар.

Елім бай, жерім кенді, ұлым алып,  
Заманның берген сыйын ұғыналық.  
Болашақ келер ұрпақ жалғастырсын,  
Берейік жетістіктің туын алып.

Мастанба бүгін тауға шығып алып,  
Ұрпаққа үйрет өмір сырын анық.  
Зімқайым бір күндері заман ауса,  
Жүрмесін «Жеңіс» туын жығып алып.

Лауреат Одағыма, Қазақстан,  
Кеншім бар жүз елудей орден таққан.  
Гаевой, сыйлық алып Недопольский  
Кеніштің кең ауқымын мың қуантқан.

Сыйға алған диплом мен тегін көлік  
Мәз болды Нидерквельді елім көріп.  
Советтің Кәсіподақ сыйлығына  
Лауреат Әшірұлы кетті ілегіп.

Камалбек Қарақұлов Еңбек Ерім,  
Ақталды адал төккен сенің терің.  
Серігің Түсіпәлі Жанасбаев  
Мөреден озып шықты сенімді ерің.

Ардақты азаматтар алда легі,  
Еңбек пен сұм соғыстың адагері.  
Соңында армиясы сап түзеген  
Әбдіров Байтақ бастап тойға келді.

Біздің ел – әнші халық, кенші халық,  
Еңбектен есе бермес, ән шығарып.  
Бір сырлы, сегіз қырлы азаматым,  
Көресің, арасына енші барып.

Жыр қылар жетістік көп ел үшін кең,  
Жарасар бір өзіңе кенішім тең.  
Басталсын әр тойыңның беташары  
Терістік Жезқазғанның кенішінен.

Ағасы, сайрамайық бос ағыла,  
Бір «намеқ» берейінші қосарыңа.  
Келесі жырларыңды артық болмас  
Арнасаң мәдениет ошағына.

#### **Шаймағанбет:**

Тоқтайын мәдениет саласына,  
Ақыным, құлағыңды саласың ба?  
Мәдениет сарайы кеншілердің  
Күмбезі зеңгір көкпен таласуда.  
Үш бірдей «детсадым» бар қамқорымда  
Арналған кеншілердің баласына.  
Демалыс үйіміз бар жүз он орын,  
Тынығып кезекпенен ем алуға.  
Жетінші орта мектеп, кітапхана  
Аттракцион жасыл бақтың арасында.  
«Арман» атты ән мен би ансамблі  
Жүлде алды өнер сайыс таласында.  
Тамаша таңғажайып талантымен  
Алып жүр көрермендер бағасын да.

Плакат көрнекі үгіт безендірдім,  
Ісіміз асып жатыр сенен біздің.  
«Молния», «Комсомолдық прожектор»  
Шығарып сын садағын кезеп жүрмін.

Барады кеншілерім көл басына,  
Қайтуға серуендеп жағасына.  
Сексендей саяжай бар, бағбандар да  
Көгалданған демалыс «зонысында».

Ал тыңда, баяндайын спорт жайын,  
Мұндайда шылбырымды ұстатпаймын,  
Дойбышы, шахматшы, жүзгіш, мерген,  
Жарыстың қай түріне қоссаң дайын.

Жүзгішім Николаев балықтайын,  
Өнерін жүзден озып танытқаным.  
Капитаны футболшы команданың,  
Командасы жүр кубок алып дәйім.

Бізде бар чемпиондар көп сайыстан,  
Старттан ұмтылғанда оқтай ұшқан.  
Сенекко, Сосника мен Ахмедов  
Бесекеде бір сәті жоқ қалысқан.

Қуаныш жүгіруден, секіруден  
Жүлдені жеңіп алды екі бірден,  
Спортшың осылардай болмаған соң,  
Жүрсіндер бармақ шайнап өкінумен.

Тұрмыстық қызметім асқаралы,  
Орнаттық шахта сайын асхананы.  
Сауда, тұрмыс, мәдени жұмыстарды  
Айдар Жарасов басқарады.

Кеншілер жұмыстан соң тер құрғатып  
Отырады «саунада» жаңбырлатып.  
Дәрігерлік пункттер тағы да бар  
Шахталарда салынған заңғырлатып.

Ал көрсет қыран дауыс самғауыңды,  
Қарсы үш, өр кеудеңмен жар дауылды.  
Соққыла дауылпазды, қызсын думан,  
Өзіндей ел танысын арда ұлды.

**Ғалил:**  
Дерсіз мені осы жерде бөгелді,  
Нар түйесін жүгім басып шөгерді.  
Жеңіл сөзді жіпке тізіп қайтемін,  
Керек жерде көрсетемін өнерді.

Тар болса да бізге берген уақыт,  
Ойдағыңды ашып айту бір бақыт.  
Өңгеріп жүр білім, еңбек, өнерді  
Төрт мың адам кенішімде қолға құт.

Ардақтым көп атақ алған, ат алған,  
Адал еңбек сіңірумен бата алған.  
Өр кеудесін өрге сүйрер өнерден  
Бізде де ешкім қалған емес қатардан.

Терін төгіп жатыр кенші кен үшін,  
Келтірем деп сізге пайда, мен үшін.  
Жетістігін жетістіріп жеткізіп,  
Неге айтпасқа керек жерде кемісін?

Комбинаттың сол бір ісі оңбайды-ақ,  
Жүрмейді көп техника қол байлап.  
Запас бөлшек жоқ дейді ғой, жоқ дейді  
Жер текпілеп жыласаң да ойбайлап.

Ойыннан да деген бар ғой от шығар,  
Жасырарлық жайым да жоқ көп шыдар.  
Төрт құбылаң сенің-дағы тең болып,  
Жатқан жерің шалқаңыздан жоқ шығар.

Комбинат та түбімізге жеттің-ау  
ЮДР-ге запасты бер деп мынау,  
Мойнымызда төрт жыл жүріп әйтеуір,  
Биылғы жыл жөнге түсіп кеттің-ау.

Не таппайды қиналғанда бас, сірә,  
«Шошқа ферма» сапсың жердің астына.  
Өз боғына жатқан жоқ па қақалып,  
Жағдайлары, айтшы, қалай, жақсы ма?

Оған қосып саңырауқұлақ ектіңдер,  
Шөп-шаламды тар қапасқа септіңдер.  
Көрген оның рахатын пенде жоқ,  
Осы жағын айтшы, Шәке, не еттіңдер?



Шайекем-ау, бет қаратпас ақынсыз,  
Білімнен де кем емессіз, батылсыз.  
Бір шахтаға «закладка» бұйырмай,  
«Төртіншінің» астын қазып жатырсыз.

Шұбыртпадық біз қазақтың қай көшін,  
Болмай ма екен әр шешімге сай кесім?  
Тіреу қоймай астын қазып жатқанда,  
Жер астына халқың түссе қайтесің?

Тербеген соң көкейкесті сезімді,  
Арнағаным алдын алу кезінді.  
Жанайқайым жоғарыға жетер ме,  
Әй, бірақ та біздің халық төзімді.

Жүрген жерің жоқ та шығар мақталмай,  
Сонда-дағы шындықты айтшы ақталмай.  
Осы сізде өлім-жітім көп дейді  
Техникалық қауіпсіздік сақталмай.

Кен дегенің тұрады өткір талшықтан,  
Талшық тарқап кетсе кетер жаншып жан.  
Қиналмайды адам өлсе шахтаңыз,  
Жасайсыз ба жұмыскерді балшықтан?

Заман күтпес еткеніңмен жан сабыл,  
Бесжылдық деп асып кеттік қанша қыр.  
Комбинаттан күдеріміз үзілмей,  
Қосар-ау деп бейнетақы қанша жыл.



Шахтер берсе комбинаттың керегін,  
Арқасы бұл «қосалқы цех» шеберің,  
Жөндеп жолға салып жіберетіндер  
Кімдер екен, біледі кім дерегін?

Адам шіркін, шыдам берік, қырсыз-ақ,  
Өзін қинап төзімділер жүр шыдап.  
Адамды адам аямайды қалайша,  
Толып жатқан шешімі жоқ мың сұрақ.

Біткен жоқ па бұғып жүрер кездерің,  
Орыспадан арылмайды сөздерің,  
«Алаш», «Қазақ» болар жерің жетті ғой  
«Төртіншінің» бар қазағы өздерің.

Ұрпақ білер ертеңі мен өткенін,  
Тіл шайырын көгертетін көктемін.  
Ашып айтар «Ашайық» деп кез жетті  
Қаламыздан «Ақындардың мектебін».

Бар ақындар жиналыппыз кеңеске,  
Кеңес шешер бұл мәселе емес пе?  
Никольский «Сәтбаев» деп аталса  
Халық қоштап «Бөрекелді!» демес пе?!

Айтысқанда бір жасаймын, түлеймін,  
Айта білсем ақ пейілін шын елдің.  
Бала-шаға игілігін көріңіз,  
Сізге өмірде бар жақсылық тілеймін.

Өлі талай игі істерге жарайық,  
Қолдау беріп әрқашанда халайық,  
Қол алысып, достығымыз жарасып,  
Ақын жүрек ақ тілекпен тарайық.

Алғаш тұлпар дода жырға қосып ем,  
Халық сүйер адалдықтың досы – мен.  
Тұсауымды кестің, аға, рахмет,  
Айтысымды доғарамын осымен.

#### Шаймағанбет:

Сый деген – ащы дәрі, шипалы да,  
Төбе шаш шымырлатар құйқаны да.  
Су төгілмес жорғадай сыдыртасың  
Мен бірақ көне алмаспын қиқаңыңа.  
Тырнақтың көбесінен кір іздейсің,  
Шеберлігің бар екен мін тағуға.  
Көктемде еккен ағаш бұтақтарың  
Бүршіктеп көгерген жоқ бір талы да.  
Мойының жар бермейді мезгілінде  
Арыққа аракідік су салуға.

Көпірте бермей сөзді көбік шашып,  
Тыныстап алсаң қайтед солық басып?  
Рудаңды породаң басып қалад  
Кезінде алмаған соң толық тасып.

Жолың бар иірім-иірім қайтармалы,  
Бұл ақын неге өз мінін айта алмайды?

Жаңа техника БелАЗ-ың жүз он тонна,  
Өрге қарай руда тарта алмайды.  
Мотордың да жаны бар біле білсең,  
Ол-дағы бапты күтім, жай таңдайды.  
Техниканың табаны тілім-тілім,  
Қалайша жол сапасы жақсармайды?

Қарайсың мәнді іске салдыр-салақ,  
Жоқ сенде темір төртіп, қатаң талап.  
«Трезвость – норма жизнь» деген ұран  
Сіздерге жетпеген бе, неткен ғажап?  
Түсіпті өткен жылы милицияға  
Жүз елу төрт адамың «тамашалап».

Үнемдеу ұран болды съезден соң,  
Есепті жанармайға жасаған жөн.  
Ысырап арға салсаң дұрыс емес,  
Маңдайдан өкінерсің сыз өткен соң.

Спорт жағы сіздерде неге нашар?  
Жастар жоқ па немесе кем бе олар?  
Шахмат жарысынан кеше ғана  
Төрт те екі боп жеңіліп қалдыңыздар.

Мәнерлі сөз кестесін тердік бүгін,  
Жырменен елге рапорт бердік бүгін.  
Қол жеткен табыстарды жырға арқау ғып  
Өнерде күш сынасып көрдік бүгін.



Бүгін жыр тау суындай бұлқып ақты,  
Аспаннан асқақ әнге Күн тіл қатты.  
Жасайық жарқын өмір нұр-шуақты,  
Болайық әрқашанда ынтымақты.

Жақсыларды мақтаудай-ақ мақтадық,  
Есімдерін есімізде сақталық.  
Жезқазғанның жырын жырлап о бастан  
Жезқазғанның кенін ашқан – Сәтбаев.

Ойға салдың сөздеріңмен тым жақсы,  
Өуеніңді елге әр кез тыңдатшы.  
Денсаулықта кездесейік әрдайым,  
Ғалил інім, көріскенше күн жақсы.



## ҚАНЫШТЫҢ ҚУАНЫШЫ

Сар далада сарқыраған сары алтын,  
Мыс алыбы, күш алыбы, бар алтын.  
Алауына Ай сәулесі асыққан,  
Қызуына құмарлана қанар Күн.

### Қайырмасы:

*О, Жезқазған, Жезқазған!  
Ұлар ұшқан Ұлытаудай ұлының  
Аялаған алақанда құлының.  
Сырнай сазы, күй домбыра, қылқобыз  
Өзегісің өмірдегі жырының.*

Бұлақ-бастау бұла күші бұлқынар,  
Батыл іске бола алмаған кім құмар?  
Сенің нөрің аты шықса ақындар,  
Еңбек ері, терме жырау, жыршылар.

### Қайырмасы:

*О, Жезқазған, Жезқазған!  
Мекен еткен қос өзеннің бұрымын,  
Кәусары мол қанып ішер тұнығың.  
Бал ордасы, Бақ ордасы болашақ  
Отанымның қыздары мен ұлының.*

Алтын ұям, арай таңым атқаным,  
Аспаныңда жарық жұлдыз жаққаным.



Жез алыбы, Жер алыбы Жезқазған –  
Бар әлемге мақтанышым, мақтаным.

**Қайырмасы:**

*О, Жезқазған, Жезқазған!*

*Тұла бойға туа біткен тұңғышым,*

*Тереңдесең одан әрі құндысың.*

*Тасың табыс, топырағың май тamar,*

*Талаптыға таң атырар тың пішін.*



**БАУЫРЫМ**

Өркенің биік өссін деп,

Тамырың болып тұрғанмын.

Сен кетсең шырқап биіктеп,

Өмірің үшін құрбанмын.

Балауса көктем сен дедім,

Жапырақ жайған қайыңнан.

Тынысым, көптен келмедің,

Сағынып жатқан жайым бар.

Ертелі-кешке талықсып,

Жолыңды тостым, қажыдым.

Қоярдай бауыр алыс қып

Бар ма еді, өмір, жазығым?

## ЖАСТЫҒЫМ

Қозы-лақпен жарысқан кең далада,  
Асық ойнап, алысқан мен балаңа,  
Жылдар жылжып, тау басын қырау шалар  
Деген ой келді ме екен ен далада?

### Қайырмасы:

*Жастығым,  
Теңіз-құйын шайқаған,  
Қай қызығыңды айта алам?  
Жалт еттің де жоқ болдың,  
Оралмайсың қайтадан.*

Аққу жүзген терең көл бойлатпаған,  
Тай-құлыны жағалай ойнақтаған.  
Мойыл көзді, қолаң шаш, құмырсқа бел  
Бойжеткендер ештеңе ойлатпаған.

### Қайырмасы.

Желік бітті желдірген бойда небір,  
Жар таңдадым, таусылды бойдақ өмір.  
Бала сүйіп, бақытын ойлай жүріп  
Аруларға көз салдым тойда небір.

### Қайырмасы.

Еңбек еттім, білімнен арылмадым,  
Қайда, қашан белгісіз дамылдарым.  
Сұлулыққа сыбаға сыйлай жүріп,  
Сағым болып барасың, жалын шағым.

### Қайырмасы.

Деп ойлағам, көзестің сұрағымды  
Тыуыспалты бұл өмір сымалдарым.  
Шарықтап, қызықпен қызықпен  
Қуана берме жаныңды, қызықпен  
Билдім бе сідіңізді, қызықпен  
Дәлің бе әлде кереметің, бәлкі?  
Сен де мейіріміңді, қызықпен  
Қызықпен, қызықпен, қызықпен  
Қызықпен, қызықпен, қызықпен

## СӘТБАЕВ ЖАСТАРЫНЫҢ ЖЫРЫ

Жер асты кенім – несібем менің,  
Жаратқан сыйы – берілген тегін.  
Сәтбаев қалам – әлемге аян,  
Бақытты бүгін жастарың сенің.

### Қайырмасы:

Жаңа ғасырдың ұландарымыз,  
Жасыны көктің, қырандарымыз.  
Жолбарыс жүрек, жалынды түлек,  
Жайнатар өңір жыр-ән, сәні біз.

Достықта – тұрмыс, Жұлдыз, Ай, Күн – біз,  
Дария, теңіз – тең өскен ұл-қыз.  
Қайнатар еңбек – шалқытар дәулет,  
Қанышым жаққан сөнбейді жұлдыз.

### Қайырмасы.

Қызғанда көрік сәулесін төгіп,  
Ағызған мысты көк тастан берік,  
Одағы жастар қолында мәңгі,  
Тәуелсіз байрақ тапсырған сеніп.

### Қайырмасы.

## НЕГЕ, ЖАНЫМ, ҰНАП ҚАЛДЫҢ?

Өзгесінен өзгеше бұлақ нәрдің,  
Сусынынан сіміріп сыр ақтардым.  
Қайнарыңмен қайнаған ұнап қалдың,  
Енді қайтіп мен сенен жырақтармын?

Деп ойлағам, кездестім сұраққа мың,  
Тауыспапты бұл өмір сынақтарын.  
Шәрбатыңа жүр едім шаттанып мен,  
Қуана бергенімде жылап қалдым.

Білдім бе екен келерін сынақ бір күн?  
Дедің бе әлде көрейін сынап, бәлкім?  
Жүргені аз ба қосылмай қос жүректің,  
...Сен де менен біртіндеп жырақтадың.

### Қайырмасы.

Қаттың қазыт қарсаң қыраныңмен,  
Жас шыбың қолың сөзсіз шығарыңмен.  
Бастауың сыныптарда сынған өтсем,  
Үстазым, көндірғам құнарлыңмен.

### Қайырмасы.

## ЕСКЕ АЛАМ СЕНІ

Еске алам сені ұйқысыз ояу жатқанда,  
Еске алам сені арайлап таңым атқанда.  
Еске алам сені жұлдызды, айлы түндерде,  
Еске алам сені жапырақ сыбдыр қаққанда.

### *Қайырмасы:*

*Қимаймын сені, қимаймын сені, арайлым,  
Жолыңа сенің қимастықпенен қараймын.  
Қинама мені, қинама мені, арайлым,  
Есіңде мәңгі естелік болып қалайын.*

Күтемін сені қызғалдақ толы көктемде,  
Күтемін сені жадырап жазым жеткенде.  
Күтемін сені сұрғылт күз бенен қыс бойы,  
Күтемін сені елес боп сағым кетсең де.

### *Қайырмасы.*

*Қызғанда көсік сөзесін төгіп,  
Ағызға мысқа көк тастаң беріп,  
Одығы жастар нолымда мәңгі,  
Төуелсіз бейпің тапсырған сеніп,*

### *Қайырмасы.*

## АНАМДАЙ АЯЛАҒАН

*(Алғашқы ұстазым Қайнура апайға)*

Жетелеп жеткен кеше балақанмын,  
Есімде естілген көп балапан үн.  
Анамдай аялаған ақ бесікте,  
Ұстазым, ұмытылмас алақаның.

### *Қайырмасы:*

*Мектепке алғаш аттадым,  
Әріпті, санды жаттадым,  
Ұстазым берген ұлағат,  
Жаттамай әсте жатпадым,  
Қатталған кітап қатпарын.*

Өнердің өмірге алғаш бастамасын  
Талқылап тарам жолды тас қаласын,  
Ерінбей ертеңіме жетеледің  
Болашақ барысы деп жат баласын.

### *Қайырмасы.*

*Қатайып қанат қақсам қыраныңмын,  
Жас шыбық қолым созсам шынарыңмын.  
Бастауыш сыныптарда сыннан өтсем,  
Ұстазым, қандырғаны құнарыңның.*

### *Қайырмасы.*

## ТЕРБЕШІ, ТОЛҚЫН...

Тербеші, толқын, тербеші, толқын, тербеші,  
Сезімді баяу шайқаған бесік – көл беті.  
Елестеп сағым, есімнен мәңгі кетпестей,  
Ғажайып сұлу алаулы кештің келбеті.

Самалдың лебі қайықтың керген желкенін,  
Шуағын шашып, маужырап тұрған ерке күн.  
Сәулесі түннің есімде қалдың айдында,  
Естілген әсем толқынды шудан көркем үн.

Тербеген толқын жұлдызды, айлы түнде сен  
Оралсаң ойға осынау сәтте мұң кешем.  
Бір жадырап қалар ед сезім «Тербейін  
Толқынымда, келші сен қайығым» десең.

Мен үшін ыстық болмайды саған теңдесі,  
Жоқ дегендерге махаббат сезім сенбеші.  
Күлкіңмен күміс жағаға соққан сыңғырлап,  
Сәлеміңді айтшы, «Оралып қайта кел» деші.

## БАЛДЫЗЫМ

Аспанда Айға теңер едім өзіңді,  
Асқарларға жетелейтін сезімді.  
Теңер едім тереңіне тұңғыық  
Қарақаттай мөлдір қара, мойыл қара көзіңді.

### Қайырмасы:

*Балдызым, балдызым,  
Теңгермеймін бір өзіңе бұл қаланың бар қызын.*

Көктем гүлін көрем сенің бойыңнан,  
Мүсіндейсің мыстан құйып қойылған.  
Талайлардың тандырарсың сен есін  
Күндіз-түні кетпей оның, кетпей оның ойынан.

### Қайырмасы.

Сен кімдердің тағдырына жаралдың,  
Қолы жеткен кімдер сенен нәр алды?  
Қалай ғана кетпеді екен өртеніп,  
Қызуына жалын атқан, жалын атқан  
жанардың?

### Қайырмасы.

## АРАҚТЫҢ ЕРКІНЕ БАҒЫНДЫҢ...

(«Ақ бантик» әнінің ізімен)

Сүйкімді бала едің бір кезде,  
Қараған адамзат қызыққан.  
Араққа салындың бұл күнде,  
Болдың-ау соншама құныққан.

**Қайырмасы:**

Сұсты бейнең қандай жаман,  
Көрген кезде сондай қорқам.  
Шырағым-ай, сен  
Сұп-сұр ең қандай,  
Су жыланындай.

Арақтың еркіне бағындың,  
Арыңа қол салдың, жан құрбым.  
Кешегі керемет отбасын,  
Айтшы, сен қай жерде қалдырдың?

**Қайырмасы.**

Жарың жоқ жаныңда сәби мен,  
Татпайсың жадырап дәм үйден.  
Қарғыс ап жүргенің, қарағым,  
Қаладан, даладан, әр үйден.

**Қайырмасы.**

## АТ КӨКТЕМДІ САҒЫНДЫҚ

Бейшешектер гүл жаратын,  
Қызғалдақтан қыр жанатын.  
Аққу-қаздар айдынға кеп,  
Бар табиғат нұрланатын.

**Қайырмасы:**

Ей, нұр көктем, гүл көктем,  
Сағындық өзіңді біз көптен.

Алма бақтар бүр жаратын,  
Сүйген жүрек гүл тағатын,  
Тіршіліктен тірлік белгі,  
Ғашық өні жырланатын,

**Қайырмасы.**

Махаббатың елшісіндей,  
Сұлулықтың еншісіндей.  
Сымбатыңа сыйындырған  
Сұлу көктем, келші Күндей.

**Қайырмасы.**

Тағдырға айтыл  
«Бұқашан жолда,  
Тәңірің қалда  
Көзіңнің ағы қарасың».



## НАУРЫЗ

Алты ай қыс аяз қысқан жердің,  
Төзімі сарқылғанда елдің.  
Қабағын қар жамылған ашып,  
Сөктің сен сеңін өзен-көлдің.

### Қайырмасы:

*Аяздарда деміккеннен – Наурыз,  
Арқаны кеңіткен сен – Наурыз.  
Жаңа Жыл, жадыраған таңға  
Жетелеп, еліткен сен – Наурыз.*

Көгерген көк бояулы белден,  
Құлын-тай көкке тойып желген.  
Масайрап бар тіршілік маздар,  
Қыз-көктем қызу алып келген.

### Қайырмасы.

Ақ үйлер ақ қанатын жайған,  
Жалынды жастар салған сайран.  
Қазанда наурыzkөже қайнап,  
Сүр исі мұрын жарған қайран.

### Қайырмасы.



## АНАСЫН БАЛА СЫЙЛАСЫН

Қиялшыл кезең,  
Өткелі – өзен,  
Жалындап жастық өртімен.  
Өн қылған бағын,  
Жандырған шағын,  
Есіме салма, өтінем.  
Қиялмен кезем,  
Келмесін сезем  
Сол бір күндердің қайтадан.  
Өзімшіл көңіл,  
Өкініш өмір  
Өткердім босқа, өкінем.

### Қайырмасы:

*Сүйер деп басын,  
Сіңірмей асын,  
Келер деп бір күн баласын,  
Таусылмай тілек,  
Талса да жүрек,  
Күтіпті қайран анашым.  
Жатқанда керім,  
Кеберіп ерін  
Қай Тағдырға айтып өтініш:  
«Әрқашан жолда,  
Тәңірім, қолда  
Көзімнің ағы, қарасын».*



Қиналам бүгін,  
 Мойнымда жүгім,  
 Өтелмес ауыр қарыз бар,  
 Жетсе егер Төңір,  
 Ететін өмір  
 Өзіңе айтар арыз бар.  
 Сана бер жасқа,  
 Ақымақ басқа,  
 Анасын ұлдар сыйласын!  
 Уайым артып,  
 Сағыныш сарқып  
 Бейнетке қайғы қимасын.

**Қайырмасы.**

Құлым түй көкке тойып  
 Масыран бар үршілік маалар,  
 Қыз-қолтем қызу алаңдағандай  
 Дайырласымдай нұрдай  
 Талау үйлер ақ қанығын  
 Жалынды жүйелік  
 Қалаңда нау қылақ  
 Сұр иіс астрын  
 Қайырмасы,  
 Төңірлік қолы  
 Өзіңнің аяқ қарасын»



**ЖЕЗҚАЗҒАН**

*Әні Еркін Омардікі*

Қазақстан – кең-байтақ шексіз далалар,  
 Тарихы терең түрлі қала бар.  
 Жүрегімде ерекше орны бөлек саналар,  
 Туған ұя маған дара бар,  
 Асығады балаң  
 Көргенше туған қаласын.

**Қайырмасы:**

*Түс елім Жезқазған,  
 Ғасырлар баптаған қалам.  
 Мыс елім Жезқазған,  
 Баршаға мақтанар дарам.*

Асыл елім, алтын жерім, шетсіз бай түгің,  
 Жезқазғаным – көркі даламның.  
 Асық едім жеткізуге шексіз бай жырым,  
 Өмір гүлі, өртін ғаламның.  
 Қабыл ал сен, қалам,  
 Өн-жырдың айтар жаңасын.

**Қайырмасы.**

Ауа сүзіп  
 Аржақ Күн астын  
 Тұра жолы түтін  
 Бейбітшілік үнін  
 Аржақ Күн астын

## БІЗ – БОЛАШАҚ ЕРЛЕРІМІЗ

Бізге сенім артқан Жердің  
Болашақта тірлігін,  
Сақтау парыз байтақ елдің  
Достығы мен бірлігін.

### *Қайырмасы:*

*Мақтанышы біз ертеңгі,  
Ерлеріміз ұлы істің.  
Болашағы күрестегі  
Ел еңбегі тыныс күн.*

Қағып қанат қалап ұшқан,  
Алар асу аңдаған,  
Біз – болашақ Қазақстан  
Қарыштауын таңдаған.

### *Қайырмасы.*

Нәзік қолдар құрыш болат  
Құрылысшыға айналар.  
Арман-қиял, күміс қанат  
Күнді құшып, Айды алар.

### *Қайырмасы.*

Бауыр басқан барлық елдің  
Барысы біз баптаған.  
Тура жолға туған жердің  
Бақыты үшін аттаған.

## ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАҢДАР!

Жер бетін мекендеген бүкіл халық,  
Бірігіп, бір жағадан бас шығарып,  
Қарсы тұр табиғаттың жауларына,  
Байлығын құртып жатқан шырақ алып.

### *Қайырмасы:*

*Барлық халық, бақыты үшін  
Болашақтың сақтан!  
Табиғатты қоғау үшін  
Бір кісідей аттан!*

*Ауа таза болса,  
Ауа таза болса,  
Саулық сонда!  
Саулық сонда!  
Саулық сонда!*

Көкорай шалғын құрақ, орманың шоқ,  
Тау-тасың қопарылған, қорғаның жоқ.  
Белгі жоқ Бетпағыңда тіршіліктен,  
Бергеннен табиғатқа алғаның көп.

### *Қайырмасы.*

Ауа, су, табиғи ас – нәр-құнарың,  
Арқасы Күн астында жарқырарың.  
Болашақ ұрпақ үшін үміт күткен,  
Арыңның салауатты сал қыранын.



## АҚ АРМАНЫМ

Аралап дала, қырдан,  
Ақ құсым, жолықтырдым.  
Ақ жарқын жанарыңнан  
Ай сәуле көріп нұрын.

Ғашықтық күйін кештім,  
Байландым саған, жаным.  
Көрмеп ем сүйіп ешкім,  
Жұлдыздан жаралғаным.

### Қайырмасы:

Ақ қанатты періштем, ақ арманым,  
Аққуым деп өзіңе ән арнадым.  
Ән арнадым,  
Бақ құсым, саған, жаным.

Ғашықпын, шын ғашықпын,  
Күн куә, жұлдызды аспан.  
Көруге күнде асықпын,  
Жан жоқ деп сенен асқан.

Қол созған арманым-ай,  
Ақ құсым, адалым сен.  
Көгімде самғар ұдай  
Көлімде самалым сен.

### Қайырмасы.



Еркелік мінезіңді,  
Назыңды көтеремін.  
Келеді мен өзінді  
Бақытқа жетелегім.

Махаббат бұл өмірде  
Бөрінен биік екен.  
Есімің жүрегімде,  
Мәңгіге сүйіп өтем.

## ҰСТАЗДАР ҚАНДАЙ ҒАНИБЕТ!

Өнердің неше түрін меңгергендер,  
Бойына ауыр жүкті өңгергендер,  
Жетер ме бұл жалғанда жансебіл боп  
«Жеткіншек жетсе» дейтін сендерге ерлер?!

Жатса да қанша салмақ жаның жеп мың:  
«Соңымнан ерген ұрпақ жалын, – деп, – Күн», –  
Шаршамай шәкірті үшін жанын қиған,  
Ұстаздар, қандай, шіркін, ғанибетсің!

Жарыққа жаңа атақты шығардыңдар,  
Әлде де алар асу, шыдар сын бар.  
Ұстаздар аман болса, Алла жар боп,  
Алдынан шынар шыңдар шығарсыңдар.

## ПЕРЗЕНТ ЖЫРЫ

Әні Жәнібеков Ғалил Шілдебайұлының  
Сөзі Венера Ғалилқызы Мұханбетжанованыкі

Әкеме сыйладым мен  
Керемет өлеңімді.  
Әкемді қинадым мен  
Көрші деп өнерімді.  
Жасырмай қуанышын,  
Жадырап әкем тұрды.  
Әлде де, жұбанышым,  
Жаз деді талай жырды.

Көк өзен, көлдерім көп,  
Тауларым, далам деп жаз.  
Сахара шөлдерім көп,  
Туған жер – Анам деп жаз.  
Бақытты бал шағымда  
Қорғаным Отаным де.  
Ертеңгі азаматың –  
Бүгінгі ботаңмын де.

Әкемнің айтқандарын  
Есімнен шығармаймын.  
Еске алып айтқан бәрін,  
Еліме жыр арнаймын.  
Көгінде құшақ жайып,  
Қалықтар қыран қанат.  
Бүршігің бұтақ жайып,  
Әлі көп жыр-ән жазам.

## МАЗМҰНЫ

Мен.....	3
<b>Ақбастау</b>	
Нағыз адам бізде.....	6
Әкемнің күйзелісі.....	7
Гүл қойып жүр.....	8
Жаңа ортада.....	9
Соңғы қоңырау.....	10
Қош бол, балалық!.....	11
Ақ пен қара.....	12
Еңбектен бақыт табамын.....	13
Аттандық ел қорғауға.....	14
Солдатпыз.....	15
Сағындырады ауылым.....	16
Апама хат.....	17
Польшада.....	18
Поляк қызына.....	20
Варшава өрнегі.....	21
Шет жұртқа қазағымды таныстырған.....	22
Қош бол, Польша!.....	24
Оралдым елге.....	25
Араластым еңбектің майданына.....	26
Үйлену тойының әсері.....	27
Қара қойдың зары.....	31
Керегім жоқ.....	38
Жоғарының жоспары.....	39
Сахарада сайрандаған күнім-ай!.....	40
Правомды алғаны артық еді.....	42
Бәрі де уақытша.....	44
Атаның бол баласы.....	45
Армия еді арманың.....	46
Операция алдында.....	47
Тұңғыш ұлыма.....	49

Цех терезесінің алдындағы ағаш.....	50
Құрдастар қалжыңы.....	51
Француз аппараты.....	53

## Ақсәуле

Өзгеден ерек.....	56
Ақ сәулем.....	58
Сағынамын.....	59
Күтесің бе?.....	60
Гүл-нәрім.....	61
Құралай-қыздың құшағы.....	62
Қала бердің бақыт тілеп.....	63
Тастағы жазу.....	64
Өкінбе.....	65
Кестелі орамал.....	66
Сенесің бе, қалқатай?.....	67
Судың да бар ғой сұрауы.....	68
Махаббат іздеп сені өзі келер.....	69
Сұлулыққа тамсанып... ..	70
Сұлулықты сүйемін.....	72
«Көгілдір көлде жүзген...».....	73
«Тербелген толқын...».....	74

## Ақберен

Тәуелсіздік.....	76
Қазақстан – Республикам менің!.....	77
Баба ілімі.....	79
Өліара.....	81
Шарасыздық.....	83
Нені айтайын?.....	85
Бақыт құсы.....	88
Қарышта ғарышқа.....	90
Заманның желі.....	93
Ақыл.....	94

Асыл өсиет .....	96
Бірлік басы .....	97
Неге «жұмыс жоқ» дейсің?.....	98
Сайлаушыға .....	99
Алла ғана шын шебер .....	100
Құламай ма бөйтерек? .....	104
Қолдау парыз Елбасын .....	105
Атадық бір көшені .....	111
Ерлігің мәңгі!.....	112
Отаныма ода.....	120
Қаныш көкке көтерген Қарсақбайды .....	121
Қиянаттың құрбаны.....	129
Бүгінгінің белгісіз батырлары .....	131
Жарқырап аққан бір жұлдыз.....	134
Мөңке бидің болжамы .....	151
Ұлытауым – ұлы тауы ұлтымның.....	155
Ауғанстан ақиқаты .....	159
Заман белек кешегіден .....	162
Шүкірлік .....	164
Қазақтан артық таппадым.....	165
Әр нәрсені ойлаймын... ..	167
Арқардың мүсіні тұр... ..	176
Ақиқат пен аңыз.....	178
Елестетем періні .....	179
Не дейсің?.....	181
Абысындар .....	183
Білім: бұрын – бүгін .....	185
Кеңседегі келіншекке.....	188
Медициналық «тактика» .....	189
Шылымқордың шері .....	191
Мұражай .....	193
Меланхолия .....	194
Кім мүсәпір? .....	195
Сырт көзге ғана қасқырмын... ..	196

## Ақсамал

Ұлытау .....	198
Күмісбұлақ .....	200
Сәнді қалам – Сәтбаев.....	201
Анама .....	204
Аялайық ананы .....	206
«Жезқазғанның кенші ақыны» атандың .....	207
Өзіңменен мақтанам.....	209
Қазақтың сенде ұлы шаңырағы.....	211
Жұлдызы жана берсін .....	213
Қаныштың қаласы .....	215
Шындық.....	217
Ағамсың! .....	219
Жақсылықты жырлай бер!.....	221
Келіндеріме .....	222
Мектепке деген ұлы сағыныш.....	223
Жалған достан айналамды аршыдым.....	224
Сегізінші наурыз .....	226
Токарь.....	228
Кітап. Кітапхана.....	230
Қайтарамын қарызымды .....	232
Не өлмейді?.....	233
Сақта, Құдай! .....	234
Суретің тұр төрімде .....	235
Құмалақшы .....	237
Әли бауырымның ұлым Қаһарманға тілегі .....	239
Сурет құдіреті .....	241
Сендерсіңдер – үмітім.....	242
Ырзамын .....	244
Таңғаламын .....	245
Жайылған керегесі кең жайлауға.....	246
Жақсылығым – өзіңнен .....	247
Жаңа жылға тілек .....	249
Батасы тисе болғаны.....	250

Ақжелең	
Айтыс .....	252
Қаныштың қуанышы .....	275
Бауырым .....	277
Жастығым .....	278
Сәтбаев жастарының жыры .....	280
Неге, жаным, ұнап қалдың? .....	281
Еске алам сені .....	282
Анамдай аялаған .....	283
Тербеші, толқын .....	284
Балдызым .....	285
Арақтың еркіне бағындың .....	286
Көктемді сағындық .....	287
Наурыз .....	288
Анасын бала сыйласын .....	289
Жезқазған .....	291
Біз – болашақ ерлеріміз .....	292
Табиғатты қорғандар! .....	293
Ақ арманым .....	294
Ұстаздар қандай ғанибет! .....	296
Перзент жыры .....	297

**Ғалил ЖӘНІБЕКОВ**

**АҚСАРАЙ**

*Өлеңдер*

**Шығарылымға жауапты Абдолла Дастанов**

Баспа 18.02.14 қол қойылған  
 Шығарылымға жауапты Абдолла Дастанов  
 Шығарылымға жауапты Абдолла Дастанов  
 Шығарылымға жауапты Абдолла Дастанов

Редакторы *Қуат Құрмансейіт*  
 Техникалық редакторы *Эльмира Заманбек*  
 Көркемдеуші редакторы *Жеңіс Қазанқаров*  
 Корректоры *Назгүл Бимағанбетова*  
 Компьютерде беттеген *Ақерке Сқақова*

Айтыс .....	262
Қызылтың қуанышы .....	275
Бұрарқы .....	277
Жастықым .....	278
Сізбен өмірлерімнің жолы .....	280
Нәсі, жаным, ұмыт қалма .....	281
Еңке алма сәні .....	282
Ақамды ақтарай .....	283
Тарихтың талқы .....	284
Таным .....	285
Арақанды өмірлерімнің .....	286
Таным .....	287
Нәсі .....	288
Ақамды бала тұлғам .....	289
Жастықым .....	291
Нәсі - ботаникалық жүйелі .....	292
Таным .....	293
Ақ арманым .....	294
Таным .....	296
Нәсі .....	297

Басуға 15.02.14 қол қойылды.  
 Пішімі 84x108<sup>1/16</sup>. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.  
 Шартты баспа табағы 15,96.  
 Тапсырыс №23 Таралымы 500 дана.

«Фолиант» баспасы  
 010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13  
 «Фолиант» баспасының баспаханасында басылды  
 010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13